



ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

«Бірінді, қазақ, бірін дос,
Көрмесен, істің бәрі бос!»

12+



№50 (3996), 19 желтоқсан, 2025 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz



БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 115 ЖЫЛ

2-бет →

БЕЙЖІНДЕГІ АБАЙ МҮСІНІНЕ ГҮЛ ШОҚТАРЫ ҚОЙЫЛДЫ

Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма Төрағасы Мереке Құлкенов бастаған қазақ қаламгерлері делегациясы Қытай астанасына жасаған іссапары аясында Чаоян саябағында орналасқан Абай Құнанбайұлының мүсініне гүл шоқтарын қойды. Бұл шара ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналды.



тай мәдени байланыстарының маңызы мен Абай мұрасының екі ел арасындағы рухани көпір ретіндегі ерекше рөлін атап өтті.

Гүл шоқтарын қою рәсіміне Абай бюстінің авторы, белгілі қытай мүсіншісі Юань Сикунь арнайы қатысты. Қазақстандық қаламгерлер мен мүсінші қазақ-қы-

Іс-шара достық пен мәдени ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған сапар бағдарламасының маңызды бөлігі ретінде өтті.

ӘДЕБИЕТ МУЗЕЙІНЕ ҚАЗАҚ ҚАЛАМГЕРЛЕРІНІҢ КІТАПТАРЫ СЫЙҒА ТАРТЫЛДЫ

Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма Төрағасы Мереке Құлкенов бастаған қаламгерлер делегациясы Бейжіңдегі заманауи әдебиет музейінде болып, музей қорына қазақ қаламгерлерінің кітаптарын сыйға тартты.



Бұл жалпы аумағы 30 000 шаршы метрден асатын Қытайдағы алғашқы әрі әлемдегі ең ірі әдеби мұражай – Қытайдың заманауи және жаңа дәуір әдебиетінің даму тарихына, сондай-ақ жазушылар мен әдеби жанрлардың жетістіктеріне арналған орын.

Алдымен, мұражай директоры Ван Цзюнь жазушыларға мұражайдың мәдени-шығармашылық естелік сыйлығын табыс етті. Содан кейін делегация мүшелері Чжу Цзыцин, Ба Цзин, Го Можо, Ай Цин, Лао Шэ, Е Шэнтао, Цао Юй, Биньсин, Лу Синь сынды қаламгерлердің мүсіндерін аралап, мұражай ішімен танысты.

Қытай қазіргі заман әдебиеті мұражайының атқарушы вице-директоры Ван Цзюнь, Қытай Жазушылар қауымдастығы Сыртқы байланыстар бөлімінің екінші

дәрежелі инспекторы Ли Цян мен Қытай Жазушылар қауымдастығы Сыртқы байланыстар бөлімінің Азия-Африка бөлімінің екінші дәрежелі ғылыми қызметкері Янь Сысюэ қазақ қаламгерлеріне мұражайдың маңыздылығын айтып, толық мағлұмат берді. Сонымен қатар Чжао Шули мүсіні, «Үтір» тасы, Дин Лин мүсіндерімен таныстырды.

Айта кетейік, музей алаңында орналасқан Қытайдың 5000 қаламгерінің аты жазылған құмыра мүсінінде Қытайдағы қазақ жазушысы, аудармашы Акбар Мәжиттің де аты жазылған.

Қазақстан Жазушылар одағының
Баспасөз қызметі

«АЛМАТЫ – АРМАН ҚАЛА» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖЫР МҮШӘЙРАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Қазақстан Жазушылар одағы Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп, «Алматы – арман қала» республикалық жыр мүшәйрасын өткізеді.

Мүшәйраның мақсаты:

Сан ғасырлық тарихы бар, азаттықтың алтын бесігі болған Алматы қаласын жырға қосу арқылы жаңа заман әдебиетінің бүгінгі күн талабына сай тың дүниелермен толығуына және терең тарихымыздың көркем шежіресінің жазылуына, сондай-ақ рухани ұлттық мұрамыз бен елдік-ерлік құндылықтарымызды ұлықтауға, оқырманды имандылыққа, бірлікке шақыратын, туған елін, Отанын сүйуге үндейтін шығармалардың дүниеге келуіне ұйытқы болу.

Мүшәйраның талаптары:

Мүшәйраға Астана, Алматы, Шымкент қалалары және барлық облыстан кез келген ынта білдірген ақындар қатыса алады. Қатысушылардың жасына шектеу қойылмайды.

Әр қатысушы мүшәйраға екі өлең жібереді:

- Бірінші өлең – Алматы қаласының ғасырлар қойнауындағы тарихи сәттерін, жеңісті, жемісті кезеңдерін, сонымен қатар, қазіргі күннің көкейкесті мәселелерін арқау ететін, бұрын еш жерде жарияланбаған шығарма.

- Екінші өлең – ақынның қарым-қабілетін көрсететін еркін тақырыптағы шығарма.

Мүшәйра шарттары:

- Бұдан бұрын конкурсқа қатысқан немесе баспасөз бетінде жарияланған шығармалар қабылданбайды;

- Мүшәйра шарттарына сай келмейтін шығармалар қатыстырылмайды, жарияланбайды;

- Байқауға ұсынылған шығармалар мынадай үлгіде компьютерде терілуі керек: Word, Times New Roman, кегль №14, аралық интервал 1.

- Шығарма мәтіні электрондық немесе қағаз нұсқада қабылданады. Автордың тегі, аты- жөні, шығарманың атауы көрсетіледі.

- Ұсынылған шығармамен қоса автор өзі туралы қысқаша мәлімет (өмірдерек), жеке фотосуретін байланыс телефоны, оқу орны немесе жұмыс орыны туралы өзге де мәліметті қоса тапсыруы керек;

- Үміткерлердің шығармалары Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 105-үй, 26-кабинет мекенжайында немесе jazushylar_odagy@mail.ru электронды поштасында қабылданады.

Мүшәйраның марапаттау шарасы жыл соңында өтеді. Қабылданған шығармалар қазылар алқасының сараптауынан өтеді. Лайықты деген шығармалар марапаттауға ұсынылады.

Марапаттау рәсіміне жүлдегерлер ғана шақырылады, іссапар шығыны (барып-қайту жолы, жатын орын ақысы, тамақтану) қатысушы тарапынан.

Қолжазба авторға қайтарылмайды, қазылар шешімі қайта қаралмайды. Мерзімінен кешіктірілген шығармалар сараптауға жіберілмейді. Қазылар алқасының қорытындысы бойынша жүлдегерлерге дипломдар мен қаржылай сыйлықтар беріледі.

Үміткерлер туындыларын бағалауда:

- Ақынның сөз тапқырлығы, өлең мағынасының тереңдігі, ұйқасының шымырлығы;

- Тақырыптың ашылуы, әдеби қолданыстарды (теңеу, эпитет, метафора) қолдану шеберлігіне;

- Ой мен қиялдың ұшқырлығы, идеялық мазмұнына баса назар аударылады.

Мүшәйра жеңімпаздарын марапаттау:

Мүшәйра қорытындысы бойынша жазба ақындарға төмендегідей жүлделі орындар тағайындалады:

1-орын (біреу) – 3 000 000 теңге;

2-орын (біреу) – 1 500 000 теңге;

3-орын (екеу) – 750 000 теңгеден;

Ынталандыру сыйлықтары (бесеу) – 400 000 теңгеден.

ҚАЗАҚ ҚАЛАМҒЕРЛЕРІ ҚЫТАЙДЫҢ ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫНДА БОЛДЫ



Бір ғасырдан астам тарихы бар, Цин әулетінің (1644–1911) соңғы императоры негізін қалаған Қытайдың ұлттық кітапханасына қазақ қаламгерлері арнайы барып, кітапхана жұмысымен танысты.

Көлемі 250 мың шаршыметрді алып жатқан бұл кітапхана Вашингтондағы Конгресс кітапханасы мен Мәскеудегі Ресей мемлекеттік кітапханасынан кейін әлемде үшінші орын алады.

Ал кітапхана коллекциясы жөнінен әлемде бесінші орынға шығып отыр. Оның қорында 30 миллион томнан астам кітап бар. Кітапханада жануарлардың сүйек-

теріне жазылған сирек жәдігерлер, Цзинь әулетінің Дуньхуан, Чжаочэнь, Трипитака қолжазбалары, әдебиеттердің төрт тармақтарының толық кітапханасы сақталған.

Ұлттық кітапхана жасаған 10 мыңнан астам электрондық кітаптарды қараумен қатар, оқырмандар ұялы телефондар және кәбілдік теледидар арқылы кітап мазмұнын көре алады. Қытай ұлттық кітапханасының жаңа ғимаратында оқырмандар залы, ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған залдар, конференц-залдар орналасқан.

Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма Төрағасы Мереке Күлкенов Қытай ұлттық кітапханасында орналасқан Қазақстан Әдебиетінің орталығына қазақ қаламгерлерінің кітаптарын сыйға тартты.

АБАЙ ЖОЛЫ КІТАПХАНАСЫ... СЕРИЯСЫ ЖАҢА ТУЫНДЫЛАРМЕН

Abay
OSUITSY



“Абай жолы” кітапханасы



Абай өңірінде дәстүрге айналып келе жатқан «Абай жолы кітапханасы» сериясы биыл тағы да мазмұнды туындылармен толықты. Облыстық Абай кітапханасы қолға алған бұл рухани жоба ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арнады. Атаулы дата аясында сериямен 25 кітап жарық көріп, қалың оқырманға жол тартты.

Жаңа басылымдар қатарында қазақ әдебиеті мен руханиятының алтын қорына енген Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы, абайтану ғылымының іргелі еңбегі саналатын Қайым Мұхамедхановтың «Абайдың ақын шәкірттері», сондай-ақ тарихтың күрделі кезеңдерін терең талдаған Светлана Смағұлованың «Қазақ даласындағы жұттар мен ашаршылықтар» атты зерттеу еңбегі бар. Бұл кітаптар облыс аумағындағы 137 кітапханаға таратылып, оқырман игілігіне ұсынылады.

«Абай жолы кітапханасы» сериясы – ұлылар мекені Семей үшін ескі дәстүрдің жаңғырып, игі жолдың көркем жалғасын тапқанын аңғартатын маңызды мәдени құбылыс. Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ даласындағы ең алғашқы баспа 1912 жылы Семей қаласында ашылғаны белгілі. Сол жылдары Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» дастаны жарық көріп, ұлттық баспа ісінің іргесін бекітті. Кейін Алаш қайраткерлері шығарған «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналы да осы қасиетті топырақта басылып, ел санасына сәуле түсірді.

Міне, сол тағылымды жол бүгінгі «Абай жолы кітапханасы» сериясы арқылы заңды жалғасын тауып отыр. Ұлылар мекеніндегі рухани сабақтастықтың сақталуы – баршамыз үшін қуанышты әрі мақтанышқа толы жаңалық.

Жаңа кітаптар білімге, ойға, рухани терендікке ұмтылған оқырманның қазынасына айналғай.

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Тараз қаласында екінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отырған «Асқақ рухты Әулие ата» атты поэзия кеші мен республикалық әдеби-мәдени байқаудың салтанатты марапаттау рәсімі жоғары деңгейде өтті. Елдің рухани өміріне серпін берген бұл әдеби басқосу өңірлік және республикалық қаламгерлердің басын қосқан маңызды мәдени оқиғаға айналды.

Биылғы байқауға Қазақстанның түкпір-түкпірінен 120-дан астам үміткер қатысып, жеті номинация бойынша шығармаларын ұсынды. Атап айтқанда, «Поэзия», «Поэзия», «Әдеби сын», «Драматургия», «Сатира», «Аударма», «Балалар әдебиеті» бағыттарында өтінімдер қабылданды. Сонымен қатар биыл «Таразстрой 2004» компаниясының басшысы Мейірбек Жүнісовтің демеушілігімен қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Күләш Ахметова атындағы арнайы жүлде тағайындалды.

Мерекелік кеш барысында Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев құттық-

байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар:

– «Поэзия» номинациясы бойынша Бауыржан Момышұлы атындағы жүлдені Алматы облысынан Бейбіт Сарыбай иеленді;

– «Поэзия» номинациясы бойынша Жамбыл Жабаев атындағы жүлде Шығыс Қазақстан облысынан Олжас Қасымға табысталды;

– Несіпбек Дәутайұлы атындағы «Әдеби сын» номинациясының жеңімпазы – Наурызбек Саршаев;

– «Драматургия» номинациясы бойынша Әлдіхан Қалдыбаев атындағы жүлдені астаналық Маржан Ершу алды;

– Шона Смаханұлы атындағы «Сатира» номинациясы бойынша жүлде жамбылдық Нұржан Әлішке бұйырды;

– «Аударма» номинациясында Шерхан Мұртаза атындағы жүлдені Шымкент қаласынан Арайлым Мұраталиева жеңіп алды;

– «Балалар әдебиеті» номинациясы бойынша Совет Әлімқұлов атындағы жүлде жамбылдық Көсемәлі Сәттібайұлына табысталды.

Ал Күләш Ахметова атындағы арнайы жүлдені Атырау облысынан қатысқан Әлия



тау сөз сөйлеп, шығармашылық жолдың сабыр мен табандылықты, үздіксіз ізденіс пен биік талпынысты талап ететінін атап өтті. Аймақ басшысы қаламгерлердің ел руханиятын байытудағы рөліне тоқталып, әдебиет пен мәдениетке көрсетілетін қолдау алдағы уақытта да жалғасын табатынын жеткізді.

Дәулетбаева иеленді.

«Асқақ рухты Әулие ата» поэзия кеші мен республикалық әдеби-мәдени байқау ұлттық әдебиеттің дамуына серпін беріп, жас қаламгерлерді қолдауға, шығармашылық әлеуетті арттыруға бағытталған игі бастама ретінде ел мәдениеті тарихынан өз орнын айқындап келеді.

ЖАҢА ЗАМАНАУИ КІТАПХАНА АШЫЛДЫ

Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында жаңа заманауи кітапхананың ашылу салтанаты өтті. Бұл игі бастама елдің рухани кеңістігін кеңейтіп, кітап оқу мәдениетін дамытуға бағытталған маңызды мәдени оқиға ретінде бағаланды.

Салтанатты шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, Қазақстанның халық жазушысы Ахметжан Аширов, Қазақ радиосының дикторы, ҚР еңбек сіңірген артисі Сауық Жаканова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Досжан, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы Қансейіт Әбдәзұлы, Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары Бейбіт Сарыбай, сондай-ақ белгілі ақын-жазушылар, республикалық және қалалық кітапханалардың өкілдері мен қала тұрғындары қатысты.

Жиын барысында сөз алған қонақтар жаңа кітапхананың Тәуелсіздік күнімен тұспа-тұс ашылуының символ-



дық мәніне тоқталып, бұл нысанның ұлттық руханиятты нығайтудағы, жас ұрпақтың зияткерлік әлеуетін арттырудағы маңызын атап өтті.

Заманауи талаптарға сай жабдықталған кітапхана барлық келушілерге, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарға да толық қолжетімді орта қалыптастырып, инклюзивті қоғам құруға бағытталған. Мұнда оқырмандарға қолайлы оқу залдары, цифрлық ресурстар, мәдени-танымдық кездесулер өткізуге арналған кеңістіктер қарастырылған.

Аталған жоба Алматы қаласының мәдени, әдеби инфрақұрылымын дамытуға, кітапханаларды қоғамдық өмірдің маңызды орталығына айналдыруға бағытталған жүйелі жұмыстың жарқын көрінісі болды.

«Гүлсезімнің» авторы



КЕРЕКУЛІКТЕРДІ ӘН МЕН ЖЫРҒА БӨЛЕГЕН КЕШ

15 желтоқсан күні Павлодар қаласында көрнекті ақын, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары Қасымхан Бегмановтың шығармашылығына арналған «Ол көктем оралмайды» атты ән-жыр кеші өтті.

Кешті Павлодар облысы әкімінің орынбасары Айгүл Маликова құттықтау сөзімен ашып, кеш қонақтары мен қатысушыларға сәттілік тіледі.

Ақын Еламан Хасенұлының модераторлығымен өткен ән-жыр кешіне Павлодар облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және мұрағат ісі басқармасының басшысы Медет Тауасқан, талантты жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Серік Төлеубай, «Аманат» партиясы Павлодар облыстық филиалының төрағасы Асылбек Туғанбайұлы, жыр-сүйер қауым қатысты. «Ақ жол» партиясы Павлодар облыстық филиалы төрағасының орынбасары Гүлмира Мерсайынқызы мен «Сенімен Болашақ» республикалық қозғалысының Павлодар облыстық филиалының директоры Перизат Құрманәлі ақынға құрмет көрсетіп, қазақтың салт-дәстүрімен иығына шапан жапты.

Кеш барысында ақынның жырлары оқылды. Ақынның өзі де туындыларын оқып, оқырмандардың сұрағына жауап берді. Зал толы көрермен әр жырды тебірене тыңдап, туған жерге, туған топыраққа деген оянған сағынышын, Отанға деген зор сүйіспеншілігін ақынмен тілдесе отырып жеткізді. Ақын сөзіне жазылған жүзден астам ән республикалық сахналарда орындалып, халық жүрегінен орын алғаны да көпке аян. Жас та, жасамыс та сүйіп тындайтын туындылар арасынан «Ол көктем оралмайды», «Қош, махаббат», «Бақыттымын өзінмен», «Бала кез», «Алматым – әнім, тағдырым», «Қазағым», «Көктемге хат», «Аяулым» атты сегіз ән Павлодар облыстық филармониясы әншілерінің шырқауында жиналған жұртты айрықша сезімге бөледі.

Әсем саз бен ойлы поэзия үйлесім тапқан жыр кеші көпшілік айта жүрер әсерге толы болды.

Қазақ поэзиясы ақын қыздардан кенде емес, қай-қайсысы да өз оқырманын тапқан мықтылар. Ақын қыздардың көшін арыдан айтпай-ақ, бергісі Фаризадан бастап отыруға болады. Осы аралықта поэзиясы нәзіктік пен тереңдікке толы ақын қыздар қазақ руханиятының көмбесін байытып, өз оқырманын тапқан жырларды дүниеге әкелді. Сондай ақындардың бірі де бірегейі – биыл туғанына 75 жыл толған қазақтың белгілі ақыны, Құрмет орденінің иегері, Халықаралық «Алаш» және Фадеев атындағы әдеби сыйлықтардың лауреаты Тұрсынай Оразбаева.

Жаны нәзік, жүрегі жомарт, өзі сұлу, тұла бойымен ақын-әнші Тұрсынай апай:

*Кейде ұқтырсам жанымның жайсаңдығын,
Кейде ойлымын, даладай байсалдымын.*

*Ақ алмастай шыңдалған жарқылдаймын,
Жай отымен тең түсіп қайсарлығым,*

– деп жырлаған екен жиырмадан сәл асқан балаң шағында. Өлеңді отты жырларымен бастаған ақын лирикаға, нәзіктікке, сыршылдыққа ауысып, туындыларының көркемдігін, мағыналығын, мәнін тереңдетіп, дамыта түсті. Тұрсынай өлеңдеріндегі лирика жастықтың албырт сезімі емес, ойлы, орамды, ақылға қонымды.

Тұрсынай ақынның отызға да толмаған шағында туған «Гүлсезім» өлеңіне ән жазылып, жастардың жүрегіне жақын ән-гимнге айналды. Ақынның алғаш жарық көрген «Тұңғыш» кітабында жарияланған осы өлеңіне Ескендір Хасанғалиев әуен жазып, тыңдарманның сүйікті әніне айналды.

Әр отырыста, әр концертте:
*Кездейсоқ тағдыр айдап,
Кездестім өзінменен.
Кезім бұл бал-бұл жайнап,
Қайғы-мұң сезілмеген.
Тұңғыық көзіңдегі
Бөлендім шапағатқа.
Бұл нәзік сезім бе еді,
Бұл әлде махаббат па?! –*

деп ән шырқаған жастардың санында шек болмады десек, артық айтпағанымыз. Сол әнді жиындарда қосыла шырқаған біз жүрегімізбен, бар көңілімізбен орындаған едік.

Т.Оразбаеваның шығармашылығында әйел жүрегінің шынайы сыры, қуаныш пен сағыныш, өмірге, адамдарға деген сүйіспеншілік қатар жүреді. Оның ерекшелігі сезімді қолдан жасамай, жан дүниесімен сезініп, жүректен шыққан

шырайлы сөздерін сол қалпында қағазға түсіргенінде.

*Ей, өмір!
Мейлің, маған шаттығыңды сирек бер,
Мейлің, мені, жарылқама, сыйлы етпе.
Мен ұқсамай өтем езге, күйрекке,
Тар жол, тайғақ кешуді де маған жаз.
Бірақ мені қаталдыққа үйретпе,
Ақ көңілімді пенделікке билетпе!*

Ақын шығармасында кездесетін туған жерге арнаған өлеңдері үлкен сағынышпен, риясыз көңілмен, шынайы махаббатпен әннің ырғағындай оқылады:

*«Қазығұрт» өлеңінде.
...Дархан көктем сыйлайды бар шуағын,
Бусанбаған жер қалмас арышын-адым.
Сұлуланып кетеді Қазығұртым
Қанат жайған кезіндегі қаршығаның,*

– дейді. Меніңше, керемет тенеу. Оқырманды өзінің туған жеріне жетелеу, топырағына қайта оралту сияқты жүректің түбіндегі сағынышты қозғайды. Тұрсынай ақынның қай өлеңінде де тамаша ұйқастар мен иірімдер молынан кездеседі.

«Гүлсезім» және «Тұңғыш» кітаптарын парактағанда ақынның лирикалық жырларындағы сезімге деген адалдығы, адамгершілік пен жан тазалығы баурап алады. Өлеңдері оқырманды рухани биіктікке жетелейді. Қарапайым тіркестердің өзі шынайылығымен, үлкен бір ойды жеткізуімен, оқылуы жеңілдігімен, жүректің қылын шертетін айрықша нәзіктігімен ерекшеленеді.

Т.Оразбаеваның ақындығымен қатар композиторлығы мен әншілігі де – бір төбе. Оның «Сайран сазы», «Наурыз – салтанатым сен», «Күнім, айым, жұлдызым», «Сардана – Әсиягүл» сияқты әндері сахнада орындалып, тыңдарманның көңіл төрінен орын алған.

Тұрсынай ақын Саха елінің өкіл қызы бола жүріп, ондағы ақындардың өлеңін қазақ тіліне аударса, қазақ ақындарының өлеңдерін саха тіліне аударуға мұрындық болып, бірнеше кітабы жарық көрді. Еңбегі еленіп, Саха-Якутия Республикасының еңбек сіңірген қайраткері атанды. Мәскеудегі Халықаралық Жазушылар одағының қауымдастығында қазақ әдебиеті бойынша кенесші қызметін атқарды. Қазақ ақындарының өлеңдері орыс тіліне аударылуына көп еңбек сіңірді. Мәскеудегі «Қазақ тілі» қазақ ұлттық-мәдени орталығы қоғамдық ұйымдарымен өткізілетін іс-шаралардың басы-қасында жүріп, Наурыз мейрамына дайындықты қолға алып, жастардың арасында байқаулар өткізіп, қазақ меценаттарының басы қосылатын түрлі шаралардың қозғаушысы әрі ұйымдастырушысы болды. Шетте жүріп-ақ қазақ әдебиеті мен мәдениетін насихаттауда жасаған жұмысы өте зор.

2012 жылы Тұрсынай Оразбаеваның



тұңғыш шығармашылық кеші Алматыда М.Әуезов атындағы драма театрында кенінен аталып өтті. Ол кезде апай Мәскеуде тұратын. Келе салып дайындықты бастап кетті, өзі өте көңілді жүрді. Кештің куәгері ретінде апайды жаңа қырынан таныдым десем, өтірік айтқаным емес. Қазақы нақыштағы қып-қызыл камзолмен сахнаға жарқырап шықты, еркелеп жүрді. Сол жиында сөзін де, әнін де өзі жазған бірталай әсем әндерін өзі орындады, өлеңін оқыды. Көңілді жүрді, халықтың алқауында болды. Тыңдарман мен оқырманның, туған топырағының, қаламдас достарының апайға деген құрметін, сыйын, махаббатын көрді. Менің ойымша, сол жолы Мәскеуге алаңсыз аттанғандай болды.

Осыдан он жыл бұрын дүниеден өтті. Қатты ауырды, бірақ өмірінің соңына дейін мойымады, күресті, ота жасалғаннан кейін де көңілі пәс түспеді, бізді қайраттандырып, рухтандырып отырды. Бірақ тіктеп келген ажал алмай қоймады, арамыздан алып кетті.

Тұрсынай Оразбаеваның ақын, композитор, аудармашы, қоғам қайраткері ретінде атқарған жұмыстары орасан.

Оның шығармашылығы – қазақ поэзиясының нәзік әлемін байытқан құнды дүниелер, әндері – қазақ тыңдарманының көңілінде, қоғамдық қызметі – халық жадында.

Қазақ руханияты, қазақ әдебиеті тұрғанда Тұрсынай Оразбаева сынды ақындар ұмытылмайды, жасай береді деп сенемін. Ақынның тойы – көпшіліктің тойы, оның мәртебесі – соңында қалған бізге сын, аманат. Сол аманатқа қиянат жасамай болашаққа жеткізу асыл борышымыз!

Қайырниса ЖҰМАШЕВА,
ҚР Ұлттық кітапхана қызметкері

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ – ОҚЫРМАН!

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

Баспасөз-2026

«Қазпошта» АҚ бойынша

Жеке жазылушыларға:
Қалаларда:
1 айға – 925,82 т.
3 айға – 2 777,46 т.
6 айға – 5 554,92 т.
12 айға – 11 109,84 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға – 925,82 т.
3 айға – 2 777,46 т.
6 айға – 5 554,92 т.
12 айға – 11 109,84 т.

Кәсіпорындар мен ұйымдарға:
Қалаларда:
1 айға – 1918,53 т.
3 айға – 5755,59 т.
6 айға – 11511,18 т.
12 айға – 23022,36 т.

Аудандар мен ауылдарда:
1 айға – 1720,82 т.
3 айға – 5162,46 т.
6 айға – 10324,92 т.
12 айға – 20649,84 т.



**Мамытбек
ҚАЛДЫБАЙҰЛЫ,**
*Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының иегері*

– Сұрағың бар ма?

– Бар. Халқымыз арасында 1940–1950 жылдары ең аты шыққан адам – Сәбит Мұқанов пен Бауыржан Момышұлы, 1950–1960 жылдары Бауыржан Момышұлы мен Мұхтар Әуезов, одан бермен қарай жалғыз Бауыржан Момышұлы ғана деген пікір бар. Сіз бұл пікірге қалай қарайсыз?

– Сұрақты ойланып қою керек! Ойланбай қойылған сұраққа мен жауап бермеймін! – деп Баукең қабағын түйіп, ашуланды. (Есігім анау, шық үйден! – дей ме деген сәуіпте, бұған дейін сендей ақымақпен сөйлеспеймін деп үйінен талай қуып шыққан да болатын):

– Шамыңызға тиіп қалсам, кешіретсіз, аға? Келесі сұрағымды қоюға рұқсат па? – дедім жылдам сөйлеп.

– Рұқсат.

– Дивизия командирі болған алғашқы күңгі көңіл күйіңізді білсем деп едім.

– Бұл тілегің орынды. Тыңда! Дивизия командирі болдым. Дивизияның штаб бастығы менен он жас үлкен Калугин деген өте білімді кісі екен. Мені менсінбеді. «Менсінбегеннің сазайын тартарсың» деп ішіме түйіп қойдым. Өтірік күліп жүр. Күллі бұйрықты, ақпарды сол жазды. Мен қол қоямын. «Е, бір ақымақ келіпті ғой, былай жаза салайын, не түсінер дейсің?» деген ойда. Өзі бұйрық жазып үйреніп қалған, ұрысқа қатыспайды. Қарағым, бұйрық жазу басқа да, соғыс басқа. Түсіндің бе? Оның ойынша, мен не жазса да қол қоя беретін көрінемін. Бірінші рет құжаттарды алып келді. Жігіт кезімдегі ұстазым Дүйсекене (Дүйсенғалиға) ұқсап, қолыма қызыл қалам алып, әкелгендерін бұлай емес, былай деп түзеттім. Сөйтсе де ішінен: «Бір командир келеді, кетеді. Мынау да жақында солардың кебін құшады» деп ойлап жүр. Қарамағындыларға да жан керек. Бұл қалады деген дәмемен оны сыйлайды. Бір өзеннің жағасына жете тоқтадық. Біз ары өтеміз дейміз, немістер жіберер емес. Жоғары жақ: «Өткің! Өткің!» – деп әмір етіп жатыр. Екі оттың ортасында қалдық. Өзі титімдей ғана өзен, тереңдігі тізеге жетеді. Біз жақтағы жаға төмен де, немістер жағындағы жаға биік. Екеуінің арақашықтығы екі жүз, үш жүз метрдей. Төменнің аты – төмен, жоғарының аты жоғары екен. Жоғарыдағылар төменде не бар екенін көргіш келеді ғой. Төмендегі солдаттың денесі анық көрінеді. «Алға! Алға!» Асыра сілтеушілік, қарағым, соғыста да болды. Қып-қызыл қырғын. Командашы телефонмен мені сыбап жатыр. Мен де алға деп командирлерімнің апшысын қуырып жатырмын. Одан не өнеді? Сен соғыста болған жоқсың, түсінбейсің. Бұл нағыз трагедия! Біраз қырылды. Үш күн әуре болдық. Снарядтарымыз аз.

– Зеңбіректің біреуі оқ атпасын! – деп бұйрық бердім. Ата берсек, қор қалатын түрі жоқ. «Момышұлы зеңбіректерден атпауды бұйырды» деген сөз командашыға жетеді. Әскери кеңес: «Сатқын! Басқа дивизиялар атып жатқанда, бұл

неге бүйтеді?» деп шәт-шәлегі шығады. Армия командашысы генерал-полковник Чистяковқа хабарлайды.

– Бұл не маскара?! – деп әскери кеңестің мүшесі генерал-лейтенант Абрамов пен командашы генерал-полковник Чистяков блиндажыма кіріп келді. Абрамов дауыс көтере сөйледі. Чистяков үндемей тұр.

– Біздің армиямыздағы жалғыз сиздің дивизия ғана жауға оқ атпай жатыр. Немістерге берілгіңіз келе ме? Көне, сөйленіз! Мына қылығыңызға біз түсіне алмай тұрмыз. Чистяковқа мың да бір рақмет, үндемей төзе білді.

– Жолдас генерал-лейтенант, мен жұрт атып болған соң атам. Менің снарядтарым өте аз. Оны болмашы нәрселерге шығын еткім келмейді. Көршілерім қазір атып жатқанымен, сонынан таяқ жейді. Бәрібір олар жауды жарып өте алған жоқ. Жаудың маңдайын көздеп атқан кезімізде алға жылжитынымызға сенемін. Сол себепті снарядтарымды, адамдарымды сақтап отырмын. Генерал-лейтенант бір нәрсе деп келе жатыр еді, командашы Чистяков:

– Сабыр сақтауыңызды өтінем, комдивтік дұрыс. Алда не боларын көре жатармыз, – деп еді, әскери кеңес мүшесінің үні өшті.

– Бізге тамақ бересің бе, жоқ па? – Чистяков көңілдене күлді. Өзі орта бойлы, көк көз кісі еді. Тамақ, жүз грамнан арақ бердім. Дастарқан жиналған соң, командашы:

– Ал полковник, шабуылға қашан шықпақсыз? – деді.

– Шабуылды таңертең бастауыңыз керек! – деді Абрамов. «Бұған қалай қарайсың?» дегендей Чистяков маған жанарын тік қадады. Бір-бірімізді көзқарастан түсіндік. Орнымнан тұрдым да: – Жолдас командашы, мен шабуылға түстен кейін шығамын, – дедім. Абрамов легбірісіденіп:

– Не танып тұрсың?! – деп айқайлады. – Біз шабуылдап, әр сағаттан ұтылып жатырмыз. Ал сен түстен кейін дейсің!

Генерал-полковник Чистяков сабырлы қалпын бұзбай:

– Неге шабуылға түстен кейін шықпақсыз? – деп маған сұрақ қойды.

– Жолдас генерал-полковник, немістер біздің барлық шабуылымызды тойтарды. Өзіңіз көрдіңіз, олар ертен орыстар бас көтере алмайды деп ойлайды. Тұмсықтарынан есенгірете соқтық деп жақсылап түстенеді. Ұйықтап демалды. Дәл осы кезде шабуылға шығамын.

– Тфу, ененді ұрайын, мен де осылай ойлап тұр едім. Ойлаған ойынды іске асыр! Генерал-лейтенант бірдеме демек еді:

– Бөгет болмайық, комдивтің ойы дұрыс, – деп генерал-полковник жадырай күлді.

– Көрерміз не шығарын?

– Оған Чистяков ренжіп қалды. – Комдив өз басын қатерге тігіп отыр. Бұдан былай біз араласпайық. Не боларын көре жатармыз. Немістер де ақымақ емес. Олар да ойланып жатқан шығар? Маған қарап:

– Комдив, – деді, – ойымыз бір жерден шықты... Артиллерия жағынан күшіңіз аздау екен. Қарамағымдағы артиллерия дивизионын кешке дейін сізге жіберемін. Оны ұқыпты пайдалана біліңіз.

Әскери кеңестің мүшесі де жібіді. Бұрын Чистяков қоштасқан кезде: «Қош болыңыз» – демей, «всего доброго» дейтін. Орыс тілінде бұл қызық сөз. Қош бол десе, көңілге жолығамыз ба, жолықпаймыз ба деген күдік туады. Ал «всего доброго» деген «аманшылықпен кездесейік» деген сөз ғой. Мұның мәні өте терең. Бұл жолы да командашы менімен «всего доброго» деп қоштасты. Ертеніне жеңіске жеттік. Осы шайқас менің жанадан дивизия командирі болғандағы өзіме

деген сенімді біраз бекіте түсті. Кулагин де өз қатесін түсініп, маған оң көзбен қарай бастады. Бұл, қарағым, қолбасшылық жолдағы алғашқы адымым...

ӘДІЛЕТТІ КІСІ

Баукең көзілдірігін киіп, бас жағындағы журнал үстелінің үстінде жатқан қағаздарды ақтара қарап, бір хатты қолына алды.

– Бұл өзі өте қызық хат, – деп машинамен жазылған мына сөздерді дауыстап оқыды. «Қымбатты дивизия командирі! Деніңіздің сау, творчестволық еңбегіңіздің жемісті болуын тілеген осы жанажылдық құттықтауымды қабыл алыңыз. Мына газет қиындысын да қоса салып

батальон командирінен алып, майорлық дәрежесінен айырып, айып батальонына жіберген едім. Бұл өлім жазасына кескенмен бірдей. Осыған қарамастан, ол жек көрушілік сезімін ұмытып, маған хат жазды. Түрмеде отырған кісі ғой, «Сен неғып отырсың?» демей, көп ойды, көп адамгершілік сезімді «сіз біздің дивизиямыздың ержүрек жауынгері, батыл батальон командирі ретінде есімдесіз» деген сөзге сыйғызып, қолтаңба жазып, кітабымды салып жібердім. ...Айып батальонында ол жараланады. Тәртіп бойынша, кінәсін қанмен жууды деп жараланғандарға кешірім жасалады. Ол бұрынғы орнына қайта баруы, оны тек генерал Чистяков қана шешуі керек. Бір хатында майор Шарыпов: «Генерал мені

АЛҒАШҚЫ

отырмын. Мұны ұмытылмас, қадірлі дивизия командиріме менің жұмысым туралы рапорт деп ұғарсыз. Өміріңіз, әдеби еңбегіңіз жөнінде қысқаша хабарлауға уақыт тапсаңыз, өте қуанар едім. Прибалтика бойындағы ұрыстар туралы кітап жазып жүрсіз бе? Сізге шын берілген комбат А. Шарыпов» Баукең құттықтау хатты үстел үстіне қойып, «Майдандағы достық ұмытылмайды» деген атпен жарық көрген газет мақаласы қиындысын «мә, өзің оқы» деп маған ұсынды. Онда Дивнегорск қаласында тұратын запастағы гвардия майоры Александр Олимпиевич Шарыповтың майдандас достарымен байланысы туралы әңгімеленеді екен. Мақаланың бір жерінде: «Панфилов дивизиясының бұрынғы полк командирі, кейіннен 9-Қызыл Ту орденді гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болған гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқас» (офицер жазбалары) атты кітабы Александр Олимпиевичке ерекше қымбат. Себебі майор Шарыпов оның қарамағында қызмет етіп, соғысқан. Кітаптың бірінші бетінде: «Жазған хатыңыз және жылы сөздеріңіз үшін алғысымды білдіремін. Қызметіңіз үшін рақмет. Аман-есендігіңізге қуаныштымын. Сіз біздің дивизияның ержүрек жауынгері, батыл батальон командирі ретінде есімдесіз. Дивизия командирі Б. Момышұлы, Москва қаласы» – деген автор қолтаңбасы бар. Баукең газет қиындысын менен алып:

– Жоғарыдағы сөздердің астарына көңіл бөл, – деді. – Ерекше қымбат дегеннің астары терең. Шарыпов ол кезде түрмеде отырған еді. Жоғарыдағыдай қолтаңбам бар кітапты алады. Кітап қолдан қолға өтеді. «Ой, мынаның өзі қалай?» деп бастықтар ойланып қалады. Бұрынғы дивизия командирі «ержүрек жауынгерім» деп отыр, «өзімен сөйлесіп көрейікші» десіп, шақырып сөйлеседі. Көп ұзамай оны күзет бастығы етеді. Бұл үлкен жеңілдік. Менің қолтаңбам, шындығына келгенде, кепілдеме орнына қызмет атқарады. Жалақысы көбейіп, жағдайы жақсарған соң, Шарыпов отбасын Дивнегорскіге көшіріп алады. Өзін бұрын да жақсы, тәртіпті ұстаған, енді тіптен жақсы деп бастықтар қалған жылдарын кешіріп, бостандыққа шығарады. Ол сол жерде біржола тұрақтап қалады. Менің қолтаңбам оған, шын мәнінде, пропуск орнына жүреді. Кез келген адвокат дәл бұлай ара түсе алмас еді. Шарыповтың аузынан тастамай, қайта-қайта хат жазуының себебін енді түсіндің бе? «Жек көрушілік пен жақсы көрушіліктің арасы қас пен кірпіктің арасындай ғана» дейді халық. Қазақтың «көңіл бір атым насыбайдан қалады» деген де сөзі бар. Соғыс кезінде мен оны

өте суық қарсы алды. Моншадан кейін түкті халат киіп, шай ішіп отыр екен, ұрысты», – деп жазыпты. Оның хатын оқып, генералдың адъютанты Гончаровтың айтқаны есіме түсті. Шарыпов біздің дивизияға қайта сұранса, Чистяков:

«Жоқ, рұқсат ете алмаймын!» – депті. Жалынып, өтінген екен: «Сені неге онда жібермейтінімді ақылың болса, түсін. Егер тағы бір рет сүрінсең, Бауыржан сені сөзге келмей аттырып тастайды», – депті генерал. Меніңше, Чистяковтың шешімі дұрыс. Мен «е, жақсы келіпсің» демеймін ғой. Соны Чистяков сезген. Ол кісі мені біледі. Сондықтан да бұрынғы қарым-қатынастары болмайды деп анаған жаны ашыған. Майор Шарыпов өкпелеу орнына генерал Чистяковты бағалауы, оған алғыс айтуы керек. Ол кісі үлкен адамгершілік жасады емес пе? Екіншіден, майор Шарыпов күллі дивизияға мәлім. «Е, мына байғұс тірі келіпті ғой» деп бәрі тіксіне қарайды. Білсе, генерал Чистяков оны сол екі қолайсыздықтан да құтқарды. Шарыповтың генералға өкпесі мүлде орынсыз. Оны өзі түсінер деп хатта жазғаным жоқ. Баукең сөзін кілт доғарып, маған ұзақ ойлана қарап:

– Мұны саған не үшін айтып отырмын? – деді де, жауабымды күтпей өзі сөйлеп кетті. – Адамды адам түсіну оңай емес. Жоғарыдағы оқиғадан майор Шарыповтың да, генерал Чистяковтың да, менің де кім екеніміз көрініп тұрған жоқ па? Көрініп тұр. Көрінгенде қандай?! Иван Васильевич Чистяковты мен қабілетті, адам танитын, әділетті кісі деп санаймын.

АЛЫПТАР ТОБЫНЫҢ БІРІ

Баукең маған ұзақ барлай қарап:

– Тағы бір тақырып есіме түскені, – деді көңілдене. Мен бар зейініммен құлақ түрдім. – Литва ну тоғай деп айтқан шығармын. Қай жақтан екенін білмейсің, бандиттер жасырынып, бір талдың басынан атады. Оны «көкек» дейміз. Орманға үйренгендер ғой, секіріп түсіп, жоқ болады. Бандиттер – революцияға қарсы топ. Олардың барлаушысы жақсы жұмыс істейді. Кім қай жерде отыр, дәл біледі. Тыр-р-р дегізіп, атып өлтіріп кетеді. Көп шабуыл болды, біз де тәжірибе жинап қалдық. Әсіресе командашы, командирлер келе жатса, жол-жәнекей аңдиы. Екі-үш жолы менің машинамды атты. «Ой, болмайды екен» деп қару инженерін шақырып, машинамың алдына қол пулеметін орнатқыздым. Ызылдатып кетіп бара жатамыз. Тоғайдың өзі әртүрлі. Кей жері сиректеу, кей жері қалың ағаш. Кей тұста алаңқайлар бар. Қалыңдау жеріне келгенімде, адъютантыма: «Ложкин, көкектерді ат!» деймін. Ол түсініп,

тыр-р-р дегізеді. Қайтып келе жатқанда да, түнде де атамыз. Сөйтсек, бандиттердің бір тобына оқ тиіпті. Өлгендері де бар екен. «Ойбай, мына бәленің машинасының алдында да, артында да пулеметі бар. Бұдан былай бұған тимендер, зиян табасындар», — дейді бандиттердің басшысы. Бізге Чистяковтан кейін Гришин дейтін орта бойлы, семіз генерал-майор Армия командирі боп келді. Чистяков ардың-күрдің болғанымен ақылды еді. Гришин туралы олай дей алмаймын. Ол кісі ортадағы броновикке мініп, маған келе жатқанда бандиттер екі рет атыпты. Түрінде қан-сөл жоқ. Қасында аласа бойлы, ақ сары өңді әскери кеңестің мүшесі, генерал-лейтенант Абрамов бар. Гришин кабинетке кіре, шинелін шешіп жатып

нем, — деп біраз тұншығып, — менінше, полковниктікі дұрыс. Ол дивизия командирі, сіздің жеке күзетіңіздің бастығы емес, — деді. Гришин көгере түтігіп кетті. Абрамовқа көзімен ата қарап:

— Есіңізде болсын, мен мұны ешқашан кешпеймін, — деді тістеніп. — Мен бұл жөнінде майданның әскери кеңесіне толық баян етемін, саяси басқармаға да жеткіземін, — деді.

Абрамов.

— Өзіңіз біліңіз, сіздің жұмысыңыз — сөз тасу! Екеуі шатақтасып қала ма деп қолымды шекеме апардым.

— Не?!

— Маған шығып кетуіме рұқсат етіңіз?

— Қайда? Біздің әңгіміміз әлі аяқталған жоқ. Қалай соғысып жатырсындар,

Баукен темекі тұтатып тартып:

— Гришин ерекше тақырып, — деді толғана. — Мені генерал-майорлыққа ұсынғанда ол қарсы болып, кесір келтірді. Бас штаб жанындағы әскери академияда оқып жүргенімде де жамандық істеді. Көп ұзамай ауырып, дүниеден қайтты.

ТЕРЕҢ КІСІЛЕР

Темекі түтінін үрлей:

— Литва мен Латвияда тұрмыз. Қайда барсаң да тоғай, орман. Тоғайлары қалың келеді. Ішіне енсең, шалшық, одан шығудың өзі азап. Қазекеннің құмға үйренгеніндей жергілікті тұрғындарға ол ойыншық. Бәрінен лаңкестердің зәулім ағаш басынан тыр-р-р-р, тыр-р-р еткізіп ататыны қиын. Жүгіріп барсаң, ізі жоқ. Шалшықта із қала ма? Мен үш уездің әскери бастығымын. Майдан командашысы Иван Христофорович Баграмян. Ұзын бойлы, қасқа кісі. «Дивизияда он екі мың жауынгер, ал лаңкестер 30-40 адам ғана. Олардың көзін неге жоймайсындар?!» — деп жоғары жақтағылар әкемізді танытады. Бір күні корпус командашысын, дивизия командирлерін Ригаға шақырды. Баграмян бәріміздің басымызды қосып: «Осылай, міндеттерінді орындамай жүрсіндер» деп сынға алды. Салдус деген қала бар еді. Айналасы ну тоғай. Ол менің участогім. Сонда бір лаңкестердің тобы пайда болыпты. Оны милиция органы сезіп, «құрғындар» деп елу шақты адам жібереді. Барса, күні бұрын хабарланған лаңкестер бәрін өлтіреді. «Ой, бұл кімнің участогінде болды?» «Тоғызыншы гвардиялық дивизияның участогінде». «Командирі кім?» «Бауыржан Момышұлы». Баграмян қатты ашуланыпты. Мен елудің өлгенін естіген емеспін. Жиналыста Баграмян ашуланып:

— Салдус пен Вильнюс арасында елу адамды өлтіріп, лаңкестер құтылып кетіпті! — деп айқайлап, елдің көзінше масқарамды шығарды. Орнымнан түрегеп тындап тұрмын. Үш республика басшылары да отыр. Үстелін періп кеп жіберіп:

— Бұған не дейсіз, полковник Момышұлы?! — деді. Мен сұп-сұр болып тұрмын. Жиналғандар өңкей генералдар, үкімет адамдары.

— Егер рұқсат етсеңіз, әскери кеңеске баян етейін. Баграмян:

— Қысқа айтыңыз! — деп тастады.

— Жолдас командашы, мен — де қысқа, бес минут ішінде баян етпекпін. Үш республиканың басшысы қарап қалды. Жап-жасын ғой.

— Жолдас командашы, мен — баржоғы дивизия командирімін. Маған Прибалтика республикаларының ішкі істеріне араласуға құқық берілген емес. Үш республиканың территориясында лаңкестердің қанша ұясы барын білу менің міндетіме кірмейді. Баграмян көзімен атып жібере жаздап, айқайлады.

— Сіздіңше, кімнің міндетіне кіреді?!

— Жолдас командашы, бұл Прибалтика республикалары үкіметінің, ішкі істер министрлігінің және ОГПУ-дің міндетіне кіреді. Олардың өздерінің ішкі барлаушылары бар. Лаңкестердің жасырынған орнын олар менен бұрын білген. Бірақ маған хабарлаған жоқ. Егер де осылай деп жәрдем сұраса, мен жәрдемді аямас едім. Әрі-беріден кейін елудің қырылғанын қазір бірінші рет естіп тұрмын. Сол себепті, жолдас командашы, сіздің маған қойған айыбыңызды мойындай алмаймын. «Тоғызыншы гвардиялық дивизияның командиріне ескертіп едік, осылай жәрдемдескен жоқ», — деп кім айта алар екен? Айттық десе, құжатпен дәлелдесін. Кім бар, кім жоқ деп қару-жарағымды алып, бет алды тоғайдың ішін атқылап жүруім керек пе? Қайталап айтқанда, мен сіздің таққан айыбыңызды мойындамаймын. Баграмян қып-қызыл боп кетті. Тағы айқай салды.

— Сіз немене, жолдас полковник, үш республика Орталық партия комитетін, үкіметін айыптамақсыз ба?! Сіздіңше, кінәлі солар, сіз емес қой?!
Генералдар: «Бұлай сөйлеуге бола ма, құрыды», — деп отыр. Баграмян тағы даусын көтеріп келе жатқанда Эстония Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы аласа бойлы, қара торы кісі екен, орнынан тұрып:
— Иван Христофорович, — деп сөзін бөліп жіберді. — Менінше, полковниктің айтып тұрғаны дұрыс. Баграмян ол кісіге қызара қарады. Литва Республикасы Жоғарғы Советі Президиумының төрағасы ұзын бойлы, қасқаланып келе жатқан кісі екен, ол да орнынан тұрып:
— Жолдас командашы, мен Эстония Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысымен келісемін, — деді. Одан кейін Латвия Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы орнынан тұрып:
— Жолдас Баграмян, мен жаңа сөйлеген екі жолдаспен де келісемін. Полковник біздің ішкі ісімізге араласуға өкілеттік алған емес, — деді. Баграмян түтігіп кетті. Үшеуі де әскери кеңес мүшесі. Баграмян сағатына қарап:
— Жолдастар, үзіліс жарияланады. Кеңес ертеңгі сағат таңғы онда қайта жұмысын бастайды. Ешкім кетіп қалып жүрмесін, — деп жиынды жапты. Орнымыздан тұрып, тысқа беттеп бара жатырмыз. Генерал-полковник Иван Михайлович Чистяков мені қуып жетіп, құлағымға сыбырлап: «Сен немене, ененді ұрайын, мұрынбок!» — деді. Тағы бірдеме демек еді, әскери кеңестің мүшесі Абрамов анандай жерде бара жатыр екен, естіп қалып, бұрылып кеп:
— Иван Михайлович, Бауыржанға ешқандай кінә таға алмаймыз, — деді. — Кеңестің ертеңге дейін аяқталғаны да жақсы болды.
Чистяков көзін алартып, маған тағы бірдеме деп келе жатыр еді:
— Иван Михайлович, полковник Момышұлының айтқаны әділеттік, — деп Абрамов оны өзімен ертіп әкете бастады. Иван Михайлович ұзай бере, маған тағы ала көзімен қарап:
— Фу, ененді ұрайын! — деді терісіне сыймай.
— Иван Михайлович, менің енеммен о дүниеде ғана кездесе аласыз. Чистяков қып-қызыл боп, кілт кідірді. Абрамов төмен қарап мырс етіп күліп жіберді де:
— Жолдас Бауыржан Момышұлы, барыңыз, ештеңеге абыржымаңыз. Ертеңге дейін уақыт мол, жақсылап демалыңыз, — деді. Бәрі ойлануы керек, ешкім мазалап, шақырған жоқ. Адьютантмайор, жақсы кісі еді. Екеуіміз мейрамханаға ендік. Жүз грамм коньяк алдырмақшы едім:
— Жолдас полковник, сізге бүгін де, ертен де татып алуға болмайды, — деді. Маған жаны ашығандығы ғой. Ішпейтін де кезім. Күлкі де, ұйқы да жоқ. Кішкене сергінші деп ойлап, төсекке жаттым. Көз шырымын таңсәріде ғана алсам бола ма? Сағат онда әскери кеңес жұмысын бастады. Баграмян сөйледі. Кешегі шатақ туралы бір сөз айтқан жоқ. Одан соң мінбеге Литва Республикасы Жоғарғы Советі Президиумының төрағасы көтерілді. — Мен өз атымнан емес, үш республика атынан сөйлеп тұрмын. Кешелі бері талай мәселе ортаға салынды. Мұны ақылдасу деп білеміз. Әркім өз пікірін айтты. Оның көбін біз дұрыс деп санадық. Сіздер де бізге кінә тақпаңыздар. Прибалтика республикалары өзіндік қиындығы бар республикалар. Бір-біріміздің бетімізді тырнауды қояйық, мәселені ынтымақтасып шешейік. Бұл жөнінде Баграмян жолдаспен алдын ала сөйлестік, келістік.
Соғыс кезі ғой. Прибалтика республикалары басшыларына осы уақытқа дейін ризамын, мені Иван Христофорович Баграмянның ашуынан арашалап қалды. Терең кісілер екен...

АДЫМ



ұрысты. «Сендер шығындар!» — деп серіктерімді тысқа қуып жіберді. «Менің ерекше әңгімем бар». «Не боп қалды? Хал қалаймен ісі жоқ, мұнысы несі?» деп отырмын.

— Мені екі рет атты. Сіз үш уездің әскери бастығысыз. Мұнда келуге болмайды екен! Неге әскери күзет ұйымдастырмадыңыз?! Бандиттерді білдіңіз ғой, — деп ұрса бастады. Абрамов үндемей тындап отыр. Мен де үнсізбін. — Сізге екінші рет келмеймін!

— Жолдас командашы, мен сізді шақырған жоқпын ғой. Өзіңіз келдіңіз емес пе? — депін ғой. Көгеріп кетті.

— Сіз менімен қалай сөйлесесіз?! — деп үстелді періп кеп жіберді. Абрамов не айтар екен деп маған тандана қарап қалды.

— Жолдас командашы, сіздің жеке күзетіңіз бар. Олар броновикте отыр. Сіз де броновикпен келдіңіз. Ал мен жай машинамен жүремін. Сіз менің дивизиямның қарамағына енгенде ғана қауіпсіздігіңіз үшін жауап беремін. Ал Прибалтика республикаларын аралағаныңызда сізді күзету менің міндетіме енбейді, — дедім. Орнынан ұшып тұрды. Мен де тұрдым. Үстелді періп кеп жіберіп, айқайлап:

— Менімен қалай-қалай сөйлесесіз?! — деді. Әскери Кеңестің мүшесі Абрамов:
— Жолдас генерал-майор, сізден өті-

білім келеді. Мен әдейі келіп тұрмын. Әділін айтсам, нашар соғысып жатырсындар. Қайда асығып тұрсыз? Мен ішімді көрсетіп:

— Мына жағым нашар болып тұр, — дедім. Гришин ашуға булығып, Абрамов күліп жіберді.

— Барыңыз!

Тысқа шығып, жарты сағат жүрдім. Ауланың сыртында темекі тартып тұр едім, командашының адьютанты келді.

— Командашы сізді күтіп отыр, сіз қайда жүрсіз?! — деп ұрысса бола ма? Шені майор.

— Сіз орыс тілін білесіз бе?

— Білемін.

— Білсеңіз, келген жағыңызға қайта кетіңіз! — боп-боз болып, әлгі сөзімді командашыға жеткізгелі бұрыла беріп еді:

— Кері қайтыңыз! — дедім. Ол кілт тоқтады.

— Осы жерде тұрыңыз!

— Мен командашының адьютантымын.

— Сіз адьютант емессіз, жолдас майор. Мен дивизия командирімін. Қазір командармға өз сөзімді өзім айтамын. Сіз осында тұрыңыз! Мына майор сізге адьютанттыққа жарамайды, басқа кісі ізденіз дегенді де айтамын. Ішке енсем, Гришиннің үнжарғасы түсулі екен. Абрамов маған көзін қысып, үндемеңіз деген белгі жасады...

Адамды адам еткен — кітап,
адамзат еткен — кітапхана.
Әбіш КЕКІЛБАЕВ

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының директоры, Қазақстан Кітапханалар одағының төрайымы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Ғазиза Нұрғалиева ханыммен болған газет тілшісінің сұхбатын оқырман назарына ұсынамыз.



— Ғазиза Құдайбергенқызы, Ұлттық кітапхана — еліміздің рухани қазынасын сақтап, оны болашаққа жеткізіп отырған бірегей мекеме. Биыл Ұлттық кітапхананың құрылғанына 115 жыл. Өзіңіз жетекшілік ететін Ұлттық кітапхананың өткені мен бүгінгі тыныс-тіршілігіне және стратегиялық басымдықтарына тоқталсаңыз?

— Бұл — мекеменің бай тарихы мен терең дәстүрін, ғылым, білім және мәдениет салаларын дамытуға қосқан орасан зор үлесін айқын көрсететін айтарлықтай уақыт кезеңі. Бүгінгі таңда Ұлттық кітапхана 7 млн бірліктен астам бай кітап қоры мен 100 мыңнан аса оқырманы бар еліміздің ең ірі кітапханасы ретінде сан мыңдаған оқырманын білім және ақпаратпен қамтамасыз етіп, республика кітапханалары үшін ғылыми-әдістемелік орталыққа айналып отыр.

Кітапхананың тарихына көз жүгіртсек, 1910 жылғы 31 желтоқсанда Верный қалалық думасының шешімімен кітапхана-оқу залының ашылуы кітапхананың негізі қаланған күн болып саналады. Кейінгі жылдары кітапхана Жетісу, Жетісу облыстық, Алматы губерниялық және Алматы округтік кітапханасы болып аталып, жұмыс істеді. 1931 жылы кітапхана Қазақ ССР Мемлекеттік көпшілік кітапханасы болып қайта құрылып, осы жылдың 5 мамырынан бастап, оқырмандарға қызмет көрсете бастады. 1991 жылы А.С.Пушкин атындағы Қазақ ССР Мемлекеттік кітапханасы «Қазақ ССР Ұлттық кітапханасы» болып қайта аталып, ерекше құнды мәдениет нысаны ретінде мемлекеттік және қоғамдық маңызға ие болды. Ал 2020 жылы ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына «Ұлттық» мәртебесі берілді.

Кітапхананың қалыптасуы мен дамуына оның ұйымдастырушысы және тұңғыш директоры, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосов үлкен еңбек сіңірді. Ол сол кездің өзінде ұлттық мәртебесі бар құрылым ретінде кітапхана қызметінің негізгі принциптерін қалап, басты міндет — Қазақстан туралы және қазақ тіліндегі барлық баспа басылымдарын жинақтау туралы мәселе көтерді. Кітапхана осы кезден бастап, бүгінгі күнге дейін қазақ халқының және еліміздегі барша ұлт пен ұлыстың жазба мәдениетін жинақтап, сақтаушы мемлекеттік кітап қоймасы қызметін атқарып келеді. Кітапхананың әр жылдары Б.Жұмабаев, М. Жанғалин, Е. Шмелева, Н. Дәулетова, Р. Бердығалиева, М. Әуезов сынды тұлғалар басқарып, кітапхана дамуына өз үлестерін қосты.

Ғасырдан астам кезең ішінде Ұлттық кітапхана елеулі өзгерістерді бастан кешіріп, әлемдік ақпараттық кеңістікте өзіндік орны бар, ТМД елдерінде және Орталық Азиядағы жетекші кітапханалардың біріне айналды. Қоғам өзгерген сайын, жаңа міндеттер мен қажеттіліктер, жаңа ақпарат көздері пайда болады, яғни кітапханалар заман талабына сай жаңарады. Бүгінде кітапхана дәстүрлі ақпараттық мекеме болудан бөлек, қоғам өмірінің маңызды орталығы ретінде қызмет атқарады.

Кітапхана ғылыми-әдістемелік орталық ретінде ұлттық кітапханалық жүйенің құқықтық негіздерін қалыптастыруға қатысады, еліміздің кітапхана ісінің жағдайын зерделеп, дамуын болжайды және стратегиялық басымдықтарын айқындайды,

әдіснамалық және технологиялық қолдау көрсетеді. Дуалды білім беру жүйесі бойынша жоғары оқу орындарының кітапханалық факультеттерінің студенттері үшін оқу-тәжірибелік орталығы болып табылады. Студенттер мамандығы бойынша негізгі білімді оқу орнында алса, қалған тәжірибелік маңызды білімін жұмыс орнында — кітапханада алып, машықтанады. Жыл сайын оқу орындарымен дипломалды және өндірістік тәжірибе алу бойынша (бакалавр, магистр, докторант) келісімшарттар жасалынады және тәжірибеден өтеді.

Ұлттық кітапхана елімізде алғашқылардың бірі болып ақпараттық ресурстарды қалыптастыра бастады. Кітапханалық процестерді автоматтандыру мақсатында енгізілген республикалық кітапханалық-ақпараттық Web-РАБИС жүйесі цифрлық ресурстарға, электронды жинақтарға және заманауи білім беру қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Оның базасында электронды каталогтер, электронды кітапханалар мен дерекқорлар қалыптастырылады.

Сонымен қатар ғылыми-библиографиялық орталық ретінде кітапханада ғылыми-зерттеу жұмыстарына айрықша көңіл бөлініп, кітапханатану, кітаптану және библиография саласында жобалар қолға алынуда. Атап айтсақ, осы мерейтойға орай, жақында ғана Міржақып Дулатұлының «Қазақ тілінде басылған кітаптарының көрсеткіші (1926–1927)» еңбегі, «Қазақстан библиографиясы мен кітапхана ісі» библиографиялық көрсеткіші және «Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының қорындағы дәстүрлі картотекалық ақпараттар (1921–2001)» атты библиографиялық шолу анықтамалығы жарық көрді, олар ұлттық мәдениеттің, ғылым мен әдебиеттің дамуын зерттеуде, тарихи кезеңдерді талдауда аса маңызды дереккөз.

Сондай-ақ қазіргі жасанды интеллект дәуірінде оқырмандарға қызмет көрсетуді жетілдіру мақсатында түрлі жасанды интеллект мүмкіншіліктерін пайдалану жолдарын да қарастырып, оларды кітапханалық үдерістерге енгізу жоспарда бар. Мұндай технологиялар ақпаратты жылдам іздеуге, деректерді өңдеуге, онлайн қызметтерді автоматтандыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Болашақта Ұлттық кітапхана тек ақпарат орталығы емес, ел мәдениетінің дамуына, ғылыми зерттеулер мен кәсіби білімнің сапасын арттыруға үлес қосатын негізгі әлеуметтік-мәдени институтқа айналуға ұмтылуда.

— **Кітап қоры, оқырмандардың жыл сайынғы келімі саны, кітап берілімі, оқу залдары мен веб-сайтының келушілерге сапалы қызмет көрсетуінде қандай өзгерістер бар?**

— Соңғы жылдары кітапхана қызметінің ауқымы да, оған деген қоғамның көзқарасы да айтарлықтай өзгерді. Бұрын тек оқу мен ізденістің орталығы саналатын орын бүгінде мәдени кеңістіктің маңызды бөлігіне айналды. Кітап қорының жаңаруы, цифрлық ресурстардың көбеюі, оқырман мен ақпарат

арасындағы арақашықтықтың қысқаруы — барлығы да кітапхана жұмысының жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді. Әсіресе жыл сайын өсіп отырған оқырман келімі мен кітап берілімі осы өзгерістің нақты көрінісі екені анық.

Сонымен бірге оқу залдарының заманауи форматқа бейімделуі, цифрлық платформалардың жетілдірілуі, веб-сайт арқылы көрсетілетін қызметтердің барынша қолжетімді болуы — бүгінгі кітапхананың басты артықшылықтарының бірі.

Кітапханаға келетін оқырмандар саны күннен күнге артуда. Өйткені олардың жұмысына, кәсібіне, оқуына қажетті ақпаратты, бұрын жарық көрген және жаңа басылымдарды, басылымның қай түрін болса да, тек кітапхана қорынан табуға болады. Ал оқырманның кітапханада жұмыс істеуі, демалуы, ойлануы үшін біз ең

қорын кең ауқымды цифрлау бойынша жұмыстар іске асырылуда. Құжаттарды цифрлау орталығымен республиканың мәдени игілігінің бір бөлігі ретінде айрықша сақтауды талап ететін, тарихи-мәдени және ғылыми құндылығы бар басылымдар, сирек басылымдар, әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлері, соның ішінде қазақ тіліндегі кітаптар, жалғыз данадағы және жиі сұраныстағы басылымдар, Қазақстан халқының мәдениетін көрсететін, халықтар арасындағы тарихи тамырларды, рухани байланыстарды, өзара қарым-қатынастарды ашатын аса құнды басылымдар цифрланады. Қордағы раритетті және ең көп қолданысқа ие, ұлттық құндылығы бар, ғылыми мақалалардың сақталымын қамтамасыз ету мақсатында мерзімді басылымдар цифрланады.

Ұлттық кітапхана, сонымен қатар

ПАРАСАТ, АҚЫЛ-ОЙ ОРДАСЫ



алдымен оған қолайлы, қауіпсіз әрі жайлы орта жасауымыз керек, яғни оқу залдарын ыңғайлы жабдықтау, тыныш аймақтар ұйымдастыру, заманауи технологияларға қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ оқырманның шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік беретін көпбейінді кеңістік қалыптастыру керек. Кітапханаға кірген алғашқы сәттен бастап-ақ оқырман өзін жайлы, еркін әрі жақсы сезінетін орта қалыптастыру — қазіргі негізгі қағидалардың бірі. Бұл бағытта кітапханада ауқымды жұмыстар жүзеге асырылып жатыр.

Қазіргі қоғам асқан жылдамдықпен дамуда. Жаңа ақпараттық жағдайға бейімделу үшін біз кітапхана әлеміндегі жаңа тенденцияларды ұстануымыз, технологиялық жаңалықтарды да ескеруіміз керек. Бүгінгі оқырман тек кітапқа қызығушылық танытпайды, оған жаңа мүмкіндіктер, жаңа кеңістіктер қажет. Сондықтан оқырмандарға дәстүрлі қызметпен бірге, электронды кітапханалар, каталогтер мен дерекқорлар ұсынылады. Бұл — заман талабы.

— **Кітаптар мен қолжазбалардың мемлекетке, тарихқа қызмет ету ғұмыры ұзақ болып, болашақ ұрпаққа жетуі жолында қандай жұмыстар атқарылуда?**

— Кітаптар мен қолжазбалардың ғұмыры — кез келген елдің рухани жадын сақтайтын аса маңызды және жауапты мәселелердің бірі. Әрбір ескі парақ, әрбір таңба уақыттың сынын ғана емес, ұрпақтар арасындағы байланыс жібін де аркалап өтеді. Сондықтан мәдени мұраға айналған басылымдарды сақтау ісі ерекше ұқыптылық пен кәсіби жауапкершілікті талап етеді. Соңғы жылдары осы бағыттағы жұмыстар жүйеленіп, қолжазбаларды қалпына келтіру, оларды цифрлап сақтау, зерттеушілерге қолжетімді ету секілді маңызды қадамдар күшейтілді. Бұл — тек кітапты сақтау емес, ел тарихының тұнығын келешекке жеткізу амалы.

Осы бағытта Ұлттық кітапханада кітап

Халықаралық кітапханалық қауымдастықтар мен мекемелер федерациясының IFLA/PAC Сақтау және консервация негізгі бағдарламасының Орталық Азия (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан) бойынша аймақтық орталығы болып табылады. Бұл орталық 2020 жылы Сақтау және консервация негізгі бағдарламасының құжаттарды физикалық-химиялық тұрақтандыру саласындағы сарапшысы мәртебесіне ие болды. Бұл орталықтың Орталық Азия аумағындағы сан қырлы қызметіне берілген жоғары баға. Кәсіби байланыстар кеңейе келе, Ресейдегі IFLA/PAC Сақтау және консервация негізгі бағдарламасының Шығыс Еуропа бойынша аймақтық орталығымен де тығыз ынтымақтастық орнатылды.

Қорды сақтау ережелері сақталмаса, сұранысқа ие кітап басылымдары, газет-журналдар физикалық және биологиялық тұрғыдан ескіріп-тозуына әкеледі. Мерзімді басылымдардың сақталуына ерекше назар аударылады, өйткені олардың қағазы нәзік, сынғыш, беріктігі төмен болып келеді. Қағаздың ескіруін, яғни сарғаюы мен беріктігінің төмендеуін тоқтату мүмкін емес. Мемлекетаралық стандартта кітаптарды сақтаудың климаттық параметрлері бекітілген.

Мамандар қағаз қышқылдығын анықтап, ол жоғарылаған жағдайда құжаттарды тазартылған суда жуып, арнайы спреймен өңдейді, ол қышқылдарды қауіпсіз бейтараптандырады және қағаздың қызмет ету мерзімін өңделмеген материалмен салыстырғанда, кемінде 3-5 есе ұзартады. Бұл зерттеу процестері құжатты әрі қарай қалпына келтіру жұмыстары үшін және құжаттарды ұзақ мерзімге сақтау үшін маңызды.

Уақыт озған сайын құндылығы арта түсетін жәдігерлердің сақталуы — мемлекет алдындағы рухани борыш, ал оны жүзеге

асыру – кәсіби қауымның абыройлы міндеті.

– **Көне қолжазбалар мен кітаптарды жөндеу, өңдеу, реставрация жасау, сақтау қалай жүргізіледі?**

– Көне қолжазбалар мен сирек кітаптар – халқымыздың рухани тарихын, дүниетанымын, мәдениетін, тілін және мемлекеттік қалыптасу кезеңдерін танытатын ең құнды мұралардың бірі. Оларды жөндеу, өңдеу, реставрациялау – тек техникалық амал емес, бұл өткен мен бүгінді, болашақ ұрпаққа рухани сабақ беретін нәзік өнер. Әр паракка, әр таңбаға ерекше мән беріліп, материалдардың қасиетін сақтай отырып, тарихи түпнұсқаны бұзбай қалпына келтіру басты мақсатқа айналады. Мұндай жұмыс кәсіби шеберлікті, кітапхана мен архив қызметкерлерінің ерекше назарын талап етеді.

Көне кітаптар мен қолжазбалар арнайы температура мен ылғалдылық режимінде, жарық пен шаңнан қорғау шаралары жасалған арнайы бөлмелерде сақталады. Заманауи жабдықтар мен материалдарды пайдалану арқылы реставрациялау үрдісі жылдам әрі сапалы жүргізіледі. Цифрлық көшірмелер сирек кездесетін түпнұсқалардың тозуын азайтуға және жоғалған жағдайда оларды қайта жасауға мүмкіндік береді. Оқырмандар үшін ол бұрын қолжетімсіз болған сирек басылымдарға қашықтан қол жеткізу мүмкіндіктерін ашады. 20 жылдан астам уақыттан бері Ұлттық кітапхана құжаттардың сақталымы мен ұзақ мерзімділігін қамтамасыз етумен белсенді түрде айналысып келеді. Кітапханада еліміздегі жалғыз Ғылыми консервация зертханасы жұмыс істейді.

Сирек кітаптар мен қолжазбаларды сақтау және қалпына келтіру бағытында көптеген жобалар қолға алынды. Мысалы, осы қараша айында Түркияға сапар барысында Ұлттық кітапхана мен Стамбулдағы Қолжазбалар институты екі ел арасындағы мәдени және ғылыми бағыттағы әріптестікті дамыту мақсатында өзара ынтымақтастық бойынша келіссөздер жүргізді. Кездесу аясында Ұлттық кітапхана қорындағы ерекше жәдігерлердің бірі – куфи жазуымен жазылған Құран Кәрім қолжазбасына консервациялық және реставрациялық жұмыстар жүргізу мәселелерін талқылады.

Айта кететін жайт, сирек кітаптар мен қолжазбалар қорындағы әрбір құнды еңбек өз тарихы мен ерекшеліктеріне ие. Бұл еңбектерді сақтау, насихаттау және тарату жолында кітапхана қызметкерлері көптеген жұмыстар атқаруда. Ғылыми-зерттеу жұмыстары, соның ішінде араб, латын тіліндегі кітаптардың ғылыми каталогтерін әзірлеу жұмыстары күшейтілді. Мысалы, 5 томдық араб тіліндегі кітаптардың каталогін дайындау бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Маусым айында «Араб тіліндегі баспа кітаптар каталогінің» 1-томы жарық көріп, таныстырылымы өтті.

– **Соңғы бес жыл көлемінде Ұлттық кітапхана қоры қандай туындылармен, әдебиеттермен толықты?**

– Ұлттық кітапхана қоры жыл сайын «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы аясында жарық көрген отандық көрнекті қаламгерлердің таңдаулы туындыларымен толығын отырады. Соңғы жылдары қорымыз бірқатар іргелі сериялармен жарық көрген басылымдармен толықты, атап айтсақ: «Қазіргі қазақ поэзиясы», «Алаш мұрасы», «Әдеби мемуарлар», «Ғибақты мол ғұмыр», «Отырар кітапханасы», «Жыр жауһар», «Нобель сыйлығының лауреаттары», «Тарихи тұлға тағылымы», «Қазақстан – наш общий дом», «Атамекен», «Аманат» және басқа да құнды топтамалар. Бұл басылымдар Ұлттық әдеби қорды байытып қана қоймай, отандық классиктердің үздік шығармаларын келешек ұрпаққа жеткізудің маңызды тетігіне айналып отыр.

Қазақ әдебиетін мемлекеттік деңгейде қолдау әрі дамыту мақсатында Қазақстан Жазушылар одағы жүзеге асырған жобалар да кітапхана қорының артуына елеулі үлес қосуда. Соның ішінде «Ежелгі және орта ғасырдағы Сырдария, Талас және Жетісу өңірінің қалалары», «Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы», «Қазіргі Қазақстан және Абай Құнанбайұлының

мұрасы қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар аспектісінде», «ТМД елдерінің архивтеріндегі қазақстандық жазушылардың зерттеу жұмыстары» аясында жарық көрген еңбектер кітапхана сөрелерінен орын алды.

«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы» бойынша да кітапхана қоры жүйелі түрде толықтырылып отыр. Атап айтқанда, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл – Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығынан қазақ тілін дамытуға, терминологияны жетілдіруге және тіл мәдениетін арттыруға бағытталған ғылыми еңбектер мен анықтамалық басылымдар келіп түсті.

2023 жылдан бастап шетелдерде тұратын қазақ қаламгерлерінің үздік туындыларын, олардың шығармашылығын оқырманға таныстыру мақсатында «Ұлы дала» сериясымен жарық көрген көркем әдеби және қоғамдық-саяси бағыттағы басылымдар кітапхана қорына тұрақты түрде түсуде.

Жалпы, Ұлттық кітапхананың қорды толықтыруға бағытталған жан-жақты жұмыстары елдің рухани кеңістігін кеңейтуге, оқырманның зияткерлік сұранысын қанағаттандыруға және ұлттық мұраны сақтау ісіне елеулі үлес қосып келеді, басты мақсат – кітап қорын сапасымен, мазмұндық құндылығымен арттыру.

– **Халықаралық кітап алмасу қызметі барысында шетелдерден қандай және қанша кітап сатып алынды?**

– Халықаралық кітап алмасу қызметі – Ұлттық кітапхананың әлемдік мәдени кеңістікпен байланысын нығайтатын маңызды бағыттардың бірі. Кітапхана қоры халықаралық кітап алмасу қызметі мен бірқатар жобалар аясында алыс және жақын шетелдерден келетін басылымдармен де толықтырылады. Ресей, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Беларусь және т.б. ТМД елдерінен қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, әр елдің тарихы, салт-дәстүрі, мәдениеті мен көркем әдебиеті, тағы да басқа білім салаларын қамтитын кітаптармен толықтырылып отырады. Сондай-ақ АҚШ, Вьетнам, Қытай, Монғолия елдерінен кітаптар түсіп тұрады.

Бұдан басқа, Ұлттық кітапхана қоры кітапханадағы шетелдердің кітап бұрыштарының қоры есебінен де толықтырылады, бүгінгі таңда Түркия, Қытай, Ресей, Иран, Пәкістан, Корея және Үндістанның кітап бұрыштары жемісті жұмыс істеуде. Кітап бұрыштарының мақсаты – осы аталған елдердің ұлттық мәдениеті, тарихы және ана тілдеріндегі әдебиетін насихаттау және ақпараттандыру. Әр бұрыштың кітап қорларын осы елдердің дипломатиялық өкілдіктері жүйелі түрде толықтырып отырады.

Халықаралық кітап алмасу арқылы кітапхана тек қорын толықтырып қана қоймай, әлемдік мәдени және ғылыми диалогке белсенді қатысушы ретінде өз орнын бекітіп отыр.

– **Президент 2025 жылды – Жұмысшы мамандықтарының жылы деп жариялады. Аталған шара аясында кітапханада қандай жұмыстар жүргізілуде?**

– 2025 жыл – Жұмысшы мамандықтарының жылы деп жариялануы еліміздегі білім беру мен кәсіби даярлыққа ерекше серпін берді. Ұлттық кітапхана да осы бастаманы қолдап, мамандықтар туралы білімді насихаттау, кәсіби мәдениетті қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде. Кітап қорлары тиісті салаға қатысты әдебиеттермен толықтырылып, оқырмандарға кәсіби шеберлік пен тәжірибе алмасуға арналған арнайы кездесулер, көрмелер мен оқу материалдары, экономиканың әр саласында жұмыс атқаратын еңбек адамдарының фотокөрмесі ұсынылды. Ол шараларда жұмысшы мамандықтарының мән-маңызы мен қоғамдағы рөлі, еңбек адамының мәртебесі, білікті мамандарды даярлау және жастардың жұмысшы мамандықтарға деген көзқарасы жайлы сөз қозғалды. Біздің мақсатымыз – жастардың жұмысшы мамандықтарына қызығушылығын, еңбек адамына деген құрметін арттырып қана қоймай, оларға кәсіп таңдауда бағыт-бағдар ұсыну.

– **Ғазиза Құдайбергеновты, саликалы әңгімеңізге рақмет!**

Әңгімелескен Жүніс ОМАР

ҰМЫТ БОЛҒАН ТҰЛҒА

Бәтен Әлмұратұлы Жұмабаев – Қазақстан мемлекеттік көпшілік кітапханасының Ораз Қиқымұлы Жандосовтан кейінгі екінші директоры. 22 жыл еліміздің халық ағарту саласында жоғары лауазымда қызметтер атқарған Б.Жұмабаев туралы мардымды мәліметтер жоқтың қасы. Ұлт зиялыларын ұлықтау – біздің әрбіріміздің міндетіміз деген қағиданы ұстана отырып, жүргізілген біраз ізденістің нәтижесінде белгілі болған тағы бір алашшыл азаматтың тағдырын назарларыңызға ұсынып отырмын.



Б.Ә. Жұмабаев (1890–1938)

Б.Ә.Жұмабаев 1890 жылы Орал губерниясы, Гурьев уезі, Испуль болысына қарасты №8-ауылда кедей шаруаның отбасында дүниеге келді. Әкесі Әлмұрат мектептің жүзетшісі болған. Ата-анасы өмір бойы отбасын асырау үшін мектептің техникалық шаруасында қызмет еткен. 10 жасқа толғанда, Бәтенді әкесі өзі қарауыл болып істейтін мектепке оқуға береді. Бастауыш мектепті бітірген соң, Бәтен 1904 жылы Орал ауыл шаруашылығы училищесіне оқуға түсіп, оны 1906 жылы тамамдайды. Оның ендігі арманы оқуды одан ары жалғастыру еді. Осы арманның жетегімен 1906 жылы жаяулатып Орынбор қаласына жетеді де, Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебіне оқуға түседі. Орынбордағы мұғалімдер мектебін 1911 жылы бітіреді. Оқуды бітірген соң, бір кластық қана орыс мектебі бар, ең шалғай Матеш деген ауылда мұғалім болып қызмет атқарады. Қаржылық жағдайдың қиындығына байланысты Қазан төңкерісіне дейін ол тек мұғалімдік қызмет атқарды. Азамат соғысы жылдарында қатты науқастанып, төсек тартып жатып қалады да, денсаулығына байланысты соғысқа қатыса алмаған. 1922 жылдың 4 ақпанында Ресей большевиктер партиясының қатарына қабылданады. Ары қарай халық ағарту саласында еңбек етеді. Бастапқыда, 1921–1923 жылдар аралығында Жымпиты қаласындағы 8-Қызыл ескерлер ротасында мектеп жұмысшысы болып қызмет істейді. 1922 жылғы уездік Кеңестер съезіне, 1923 жылы Бүкілқырғыз оқу-ағарту қызметкерлерінің съезіне делегат болып сайланады. 1923 жылдың қыркүйек айының аяғында «Уралгубоно» аппаратына жұмысқа ауыстырылып, 1923 жылдың 7 желтоқсанына дейін осында қызмет атқарады.

1923 жылы желтоқсанда Жұмысшылар ағарту одағының басқарма мүшесі болып сайланып, 4 желтоқсанда Орал губкомының бекітуімен Жұмысшылар ағарту одағының төрағасы болып қызмет атқарады. 1923 жылдың қазан айынан Орал облыстық қоғамдық ұйымы (ООҚ) жанындағы Орал әдістемелік кеңесінің мүшесі болып, Кеңестердің VI губерниялық съезінде Орал губерниялық Кеңестер атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. Осы уақыттан бастап Орал губерниялық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, 1927 жылға дейін Бүкілодақтық коммунистік партия Орал бөлімшесі уездік комитетінің мүшесі болды. 1925 жылы өткен мұғалімдердің Бүкілодақтық I съезіне қатысқан.

1925 жылы ол Қостанай облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі болып ауыстырылады. 1930 жылы Семей «Казинпрос» мекемесінің директоры болып тағайындалады. 1932 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарады. 1934 жылы Алматы қалалық Кеңесінің депутаты болып сайланды.

Бәтен Жұмабаев 1933 жылдың 26 қаңтар айынан, 4 сәуір 1938 жылы тұтқындалғанға дейін Қазақ ССР Мемлекеттік көпшілік кітапханасының (қазіргі Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы) директоры қызметін атқарады.

Б.Жұмабаев бұл басшылыққа тағайындалғанда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік көпшілік кітапханасының ашылғанына екі жыл ғана толған еді. Сол кездері кітапханадағы көптеген кемшіліктерді, кітап қорының талан-таражға түскенін, сырттан көмекке берілген кітаптардың жетіспеуі, жерде көгеріп, жыртылып жатқандығы туралы жергілікті басылым беттерінде жиі жазылып жатты. Б.Жұмабаев орын алған осы қиындықтарды жеңіп шықты. Кітапхана басшысы ретінде іскер, белсенді, білімділігімен ерекшеленді. Кітап қорын игеру, жүйелеу, тіркеу, орналастыру сияқты жұмыстарды бастап кетті. Кітапханада арнайы білімі бар жергілікті мамандар болмады. Білікті мамандардың аздығынан жұмыс өте баяу жүрді. Осыларды ескере отырып жана басшы 1934 жылы «Кітапхана техникумын» ашты. Сонымен қатар осы жылы «Қаз ССР-дың 10 жылдығы атындағы Қазақстан мемлекеттік көпшілік кітапханасының бюллетенін» шығарды және журналға өзінің редакциялығымен кітапхана жұмысы туралы жаңалықтарды жариялап отырды. Сол кездегі қызметкерлер еңбектерінің жанкештілігі, күн-түн демей уақытпен санаспауларының арқасында бірде-бір кітап жетпей бұлбұл, сөрелерге орналастырылды. Кітап сөрелерін қойып, кітаптарды рет-ретімен орналастырып, 200 орындық оқу залы оқырмандарға қызмет көрсетті. Сонымен қатар Бүкілодақтық кітап палатасы жүйелі түрде кітап қорын үнемі толықтырып отырды. Б.Жұмабаевтың негізгі міндеті кітапхананың ғылыми мәртебесін көтеру еді. Барлық саланың ғалымдарын, жалпы кітапхана қызметін пайдаланушылардың тапсырыстарын орындауды жолға қойды. Кітапханааралық абонементті жолға қойды. Кітапхана қорында жоқ кітаптарды, оқырмандар тапсырысымен Ленин атындағы СССР Мемлекеттік кітапхана, Мемлекеттік шетел әдебиетінің кітапханасы, Салтыков - Щедрин атындағы Мемлекеттік кітапхана және Украина, Өзбек, Қырғыз Мемлекеттік көпшілік кітапханаларынан алғызып отырды. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік көпшілік кітапханасына орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкиннің атын беру де осы Б.Жұмабаевтың басшылығымен жүзеге асқан еді. Бәтен Әлмұратұлы Жұмабаев кітапхананың нағыз білім мен мәдениет ошағына айналуына, білімді таратуға белсенді үлес қосты. Оның кітапхана директоры болған кезеңі (1933–1938) КСРО-дағы үлкен террордың шарықтау кезеңіне сәйкес келгенін түсіну маңызды. Бәтен Жұмабаев та қазақтың басқа да білімді адамдары сияқты («Алаш» қозғалысының мүшелері) «ұлтшылдық, «контрреволюциялық әрекетпен» айналысты деп айыпталды.

1938 жылы 4 сәуірде тұтқынға алынды. 1938 жылы 11 қарашада Қазақ ССР НКВД үштігінің бұйрығымен Бәтен Жұмабаев ату жазасына кесілді. Ал 1958 жылы 22 мамырда кінәсіз деп танылып ақталды.

Баян ӨТЕБАЕВА

(Соңы. Басы өткен санда)

Нач.отд.полковник (подпись)⁶

О. Жалилов өзінің XIX ғ. — XX ғ. басындағы Қарақалпақ тарихы туралы еңбегінде: «Бекларбеги мансабини биз Хоразм тарихчилари асарларидан ташцари архив хужжатларида кўпроқ учратамиз. Жумладан, ўзбеклардан

тіркелген. Арызда қарақшы түрікмендердің қолынан қаза тапқан қазақтардың құны туралы мәселе көтеріледі. Осы дерек Жұмағамбет бидің қазақтардың атынан құн дауына араласып, оларды қорғаушы тұлға ретінде танылғанын көрсетеді. Бұл оның тек әкімшілік өкіл ғана емес, сонымен қатар халықтың ар-намысы мен құқығын қорғаған би

жазылған.

Бұл құжатта бізге беймәлім себептермен Жұмағамбет бидің есімі көрсетілмеген. Сонымен қатар Тәзіке руының Хиуа жерінде аз болуы себепті, Жұмағұлды уақытша Түрікменадай Байбол руының тізіміне енгізген болуы мүмкін деген болжам айтуға болады.

Ал «Мәмбетнияз биге қараған ауыл-

келген. Қасымтөре 20 жасында дүниеден озған, одан ұрпақ қалмаған. Ақмолдадан Рейім есімді ұл туған. Рейімнен Ыбырайым, Базарбай, Аманқос, Бақтыбай, Зылиха және Ағзибаш атты ұрпақтар тараған.

Қожатілеуден Көпжүрсін және Өтеп атты екі ұл тараған. Қожатілеу Жұмағамбетұлы Қазан және Санкт-Петер-

БЕКЛЕРБЕГІ — ЖҰМАҒАМБЕТ

Боғибек бекларбеги, Жамшидийлардан Абдулло бекларбеги, така туркманларидан Хўжамбердибек бекларбеги, Қулкелди бекларбеги, козоклардан Умар тұра, Жумаш, Мусулмон, Азизберган, Холмухаммад, Кўпюрсун, Шукур Мухаммад, Шахарбой, Жонмухаммад каби бекларбегилари, қорақалпоқлардан Қўнғнрот қорақалпоғидан Қобил, Юсуф бекларбеги, Ун тұрт уруғ қорақалпоғидан Сохибназар, Худойназар, Қутлуқ Мурод бекларбегиларни хужжатларда учратдик» деп көрсетеді.⁷

Бұл деректегі Омар төре, Жұмаш, Мұсылман, Әзизберген, Құлмухаммед, Көпжүрсін, Шүкір Мұхаммед, Шақарбай, Жонмухаммед деген кісілер қазақтардан бекларбегі болғандығы айтылады. Осы жердегі аты қате жазылған Жонмухаммед — Жұмағамбет болу керек деп топшылаймыз. Ал Көпжүрсін деген бекларбегінің құрметіне, немересінің есімін қойғанға ұқсайды. Әзизберген би мен Құлмухаммед палуандардың есімдері 1866 жылы жазылған молда Ғафур бидің хатында кездеседі.⁸

Азизберген бекларбегі — бұл әйгілі шекті руының батыры әрі биі Әзберген Мұнайтпасұлы (1813—1880). Есет Көтібарұлының серігі әрі туысы. Е.Көтібарұлы көтерілісі жеңіліс тапқан соң 1855 жылы руымен Хиуа хандығына қоныс аударған. Қоңырат қаласын билеген тарихи тұлға. 1870 жылы Иса-Досан көтерілісінен Хиуа хандығына босып барған адайларды құшақ жая қарсы алып, қамқорлық жасаған адам. Міне, Жұмағамбет бидің есімі осындай тарихи тұлғалармен бір қатарда аталады.

Жоғарыдағы архив құжаттарын саралайтын болсақ, Жұмағамбет бидің өлшеусіз еңбегіне куә боламыз. 1877 жылғы архив құжаттарының бірі — Жұмағамбет бидің Хиуа хандығы аумағындағы қазақ қауымына көрсеткен ірі қызметінің дәлелі. Бірінші құжатта Патша өкіметінің өкілі оны Маңғышылақ приставынан Хиуа жеріне көшіп келген немесе уақытша істерімен келген барлық қазақтарға жауапты басшы ретінде бекіткенін көреміз. Бұл — Жұмағамбетке ресми түрде сенім білдірілгенін әрі оның хан сарайы алдында қазақтардың арыз-шағымын жеткізіп, олардың мүддесін қорғай алатындай құзыретке ие болғанын көрсетеді. Мұндай мәртебеге кез келген адам ие бола алмағаны белгілі.

Екінші құжатта Әмудария бөлімінің бастығы Жұмағамбеттің хатына қоса Айтмамбет Қожықов пен Қаратай Сатқанов есімді адай руының өкілдерінің Хиуа ханына жолдаған арызы

екенін айғақтайды.

Үшінші құжат — көлемді хаттың бірі. Мұнда ханның құзырындағы Сафар би дегеннің туысының өліміне күдікті Ниетәлі деген қазақтың антқа тұруына мүмкіндік беру туралы айтылады. Оның қорғаушысы тағы да сол Жұмағамбет би. Сондай-ақ Жұмағамбет бидің бастамасымен түрікмен-қазақ съезін өткізіп, барлық аяқталмаған дауларды шешу туралы ханға ұсыныс берілген. Ұсыныс беруші Ресей тарапының әкімшілігі. Бұл жерде Жұмағамбет бидің орыстарға өз сөзін өткізіп, қазақтардың арын арлап, жоғын жоқтап Ханға хат жазғызып отырғанын аңғарамыз.

Қалған хаттар қазақтардан жиналатын салықтар туралы. Онда да барша қазақ атынан жауапты Жұмағамбет би аталып өтеді. Соңғы хатта 1873 жылға дейін Хиуа хандығына көшіп келген қазақтар Ханға, одан кейінгі жылдары келгендер Патша өкіметіне салық төлейтіндігі туралы шешім қабылданғандығы және олар Маңғышылақ қазақтары толықтай Жұмағамбет би Жаншоринге бағынуы қажет екендігі баяндалған. Осы хаттың жалғасында «Уақытымен Хиуа әкімдігінде көшіп жүрген Маңғышылаққа табиғи қазақтарының үй хаты» деген тақырыппен құжат сақталған. Тізім соңында: «Жәмғи 121 үйлі қазақ. Үшбу үй хатқа Әмудария мұзахаты Шәки үйі айбар екен. Кәкірә көп қол қойды Қожмағамбет Жаншораұлы мөрімді бастым. Хиуа хандығы айбар екен Қожанияз дуан, уә һәм Нұртаза би мөрлерін басты» деп бекіткен. Бұл тізімдегі 121 үй 1873 жылға дейін көшіп келген деп тізімдеген, яғни бұлар Хиуа ханына салық төлеушілер. Әмудария бөлімі тарапынан Жұмағамбет би, Хиуа ханы тарапынан Қожанияз дуанбегі, Нұртаза билер мөрлеген.⁹

Бұл тізімді бекіткенде Жұмағамбеттің есімі — «Қожмағамбет» деп қате жазылғанға ұқсайды немесе аударма кезінде қате кеткен.

Жұмағұл — Жұмағамбет бидің көмекшісі және ел ісіне араласқан тұлға. Жоғарыда аты аталған Жұмағамбет бидің қасында жүріп, ел ісіне араласқан Жұмағұл есімі де адай руына белгілі, беделді адам ретінде танылған. Ол — ағасының оң қолы, сенімді серігі һәм көмекшісі болған. Жұмағұл туралы дерек Ресей мұрағаттарында да кездеседі. Мәселен, «Материалы по переписи казахского населения в Хивинском ханстве №46 (1883—1886)» атты архив құжатында: «Түрікменадай Байбол руы, Бабан Рысқалиұлына қарасты» деп көрсетілген 77 адамның тізімінде №35 болып Жұмағұл Жаншораұлының есімі

дар (Жары руы)» деген тізімде 82 адамның арасында Мәтжан би, Жүнді, Есет палуан Тілеумағамбетұлы секілді тұлғалар көрсетілген. Бұл мәлімет Мәтжан бидің сол кезеңде Хорезм

Азизберген бекларбегі — бұл әйгілі шекті руының батыры әрі биі Әзберген Мұнайтпасұлы (1813—1880). Есет Көтібарұлының серігі әрі туысы. Е.Көтібарұлы көтерілісі жеңіліс тапқан соң 1855 жылы руымен Хиуа хандығына қоныс аударған. Қоңырат қаласын билеген тарихи тұлға. 1870 жылы Иса-Досан көтерілісінен Хиуа хандығына босып барған адайларды құшақ жая қарсы алып, қамқорлық жасаған адам. Міне, Жұмағамбет бидің есімі осындай тарихи тұлғалармен бір қатарда аталады.

аймағында өмір сүргенін дәлелдейді және ауызша айтылатын деректермен де үйлесіп тұр.

Аңыз-әңгімелердің бірінде Жұмағамбет пен Мәтжан бидің кездесуіне қатысты қызықты оқиға баяндалады. Бірде Жұмағамбет Мәтжан биге сәлем беруге, бәлкім, бата алуға шығады. Жолда ол бір кісіге жолығады. Әлгі адам атып алған арқарын атына сала алмай әлек болып жатады. Жұмағамбет одан Мәтжан бидің ауылын сұрайды. Сонда әлгі кісі:

— Алдымен, мына арқарды атыма артып жібер, сосын, көрсетем, — дейді. Жұмағамбет:

— Көтере алмайтын шокпарды беліңе байлап нең бар еді, — деп көмектеспей, жүріп кетеді.

Әркімнен сұрастыра жүріп, ол ақыры Мәтжанның ауылына жетеді. Үй іші:

— Әкеміз аңға кеткен, келіп қалар, күте тұрыңыз, — дейді. Біраздан кейін келген аңшының өзі Мәтжан екенін Жұмағамбет енді аңғарады. Ол істеген қылығына кешірім сұрайды. Сонда Мәтжан:

— Өзімнің де обалым жоқ. Жөнімді айтпай, сенің жөніңді сұрамай ағат кеттім. Жүмеке, елге істеген қайырлы ісіңе қанықпын. Қонағасы мен сый-құрметіміз әзір, — деп Жұмағамбет биді құрметпен қарсы алып, разы қылып шығарып салыпты деседі көнекөз қариялар.

Жұмағұлдан Асан және Жұмабай атты екі ұл тараған. Асаннан Төлепберген, Әбдікәрім, Әбдіхалық және Әбдірахман есімді ұрпақтар өрбіген. Ал Жұмабайдан ұрпақ болмаған.

Жұмағамбеттен Қожатілеу, Ақмолда және Қасымтөре атты үш ұл дүниеге

көлініп 1922 жылы 54 жасында қаза тапқан. Қожатілеудің бейіті әйгілі Әйтеке би жерінде жерленген «Нұрата» қорымында. Кеңес өкіметі оның басына «Красный комиссар Джумагамбетов Хожатилеу» деген жазуы бар белгі орнатқан. Қожатілеу 1868 жылы дүниеге келген. Осы дерекке сүйене отырып, әкесі Жұмағамбет бидің туған жылын шамамен 1840—1845 жылдар аралығы деп топшылауға болады. Өкінішке қарай, Жұмағамбет бидің нақты қайтыс болған жылы белгісіз. Ол Хожелідегі Мәздімхан сұлу қорымына жерленген. Халық аңызында оның бейітінің басында алтынмен апталған құлпытас болғаны айтылады. Алайда кейін құлпытас ұрланып, мазар тоналған. Тіпті кейбір деректерде Хиуа хандығы адамдары оның кабіріндегі сүйегін де алып кеткені туралы әңгіме бар.

Жалпы, Жұмағамбет биге екі рет у беріліп, қастандық жасалғаны жөнінде мәліметтер кездеседі. Бұл әрекеттердің артында хан сарайындағы адамдар тұрғаны айтылған. Бірінші рет уланған кезде ол, Хиуадағы сүт сататын көшеге дейін жетіп, удың әсерін құсып тастап, аман қалған. Екінші рет те Жаратқанның қалауымен тірі қалған. Осыдан кейін Жұмағамбет би Тайсойғандағы өз нағашысы Шалбар руынан шыққан старшын туысына хабар жеткізіп, сол арқылы орыс үкіметіне өзіне қарсы жасалып жатқан қастандықтар туралы мәлімдейді. Патша өкіметі бұл жөнінде Хиуа ханына пәрмен беріп, содан кейін Жұмағамбетке қарсы қастандықтар тоқтаған. Алайда Шалбар руынан шыққан бұл старшын нағашысының есімі әзірге анықталмай отыр.

Енді Қожатілеудің балаларына кезек берейік. Кіші баласы Өтеп 1922 жылы

туылған. САГУ-дің «орыс тілі мен әдебиеті» факультетін бітірген. 1942 жылы өз өтінішімен майданға аттанып, Калининградта ұрысқа қатысқан. Кенгисберг қаласын алғаны үшін Қызыл Жұлдыз орденімен, Берлинді алғаны үшін 2-мәрте Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Жапон соғысына қатысқан. Өтеп батыр майор

өлімі бойынша істі болып, 1939 жылы Қарағанды түрмесінен бір шығады. Ол жерден майданға сұранып, 1943 жылы Власов армиясының қатарында немістердің тұтқынына түсіп, 1945 жылы соғыс аяқталғасын елге оралғанда тұтқында болғаны үшін тағы да сотталып кете барады. Содан Сібірде жазасын өтеп жүргенде Сталин өліп, 1953

зар сол үйге қонаққа барады. Келген қонақтан Мәдірейім ақсақал: «Кімнің баласысың?» деп жөн-жоралғы сұрайды. Назар: «Тәзіке Көпжүрсіннің баласымын» дегенде, ақсақалдың көңілі босап: «Зобалаң жылдары Байрамалы, Марыға ауып барған байлардың малын әркімге бөліп-бөліп жазып, «кедей» деп құжат беріп, Көпжүрсін, ағамыз талай

ұрысып, өзі тапшанның үстінде жылап отыратын. Ойын баласы біз, ол кісінің жан күйін қайдан сезінейік, аулаққа кетіп қалушы едік. Оны есейгесін түсіндік ғой. Сөйтсек, Сәкең нағыз қанды қасаптың ішінде болған майдангер екен. 1979 жылы қарашада Өскемен қаласының әскери бөлімінен алғашқы дайындықтан өтіп, Термез қаласы арқылы Ауған жеріндегі Пулихумбри губерниясындағы Саланг перевалында тунельді қорғап тұрған 3-батальон, 177-полктің 7-ротасына БТР жүргізушісі болып майданға кіреді. Черекар жерінде минаға түседі. 1980 жылы «Зеленная долинада» қоршауда қалып, жаудың жойқын соққысына тап болады. Осы қырғында бар-жоғы 4-5 адам тірі қалады. Соның бірі Сәндібай аяғынан ауыр жарақат алған. Қосымша келген көмектің күшімен қоршаудан шығып, Ташкент, Самарқан, Тахиташ госпитальдерінде емделіп, елге 1981 жылы мүгедек болып оралады. Ходжаев Сәндібай – Ауған соғысында көрсеткен ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған батыр! Сәндібайдан – Жеңіс, Ләззат.

Сәндібай 1981 жылы майданнан оралғанда, Тәджендегі танкілі әскери бөлімінде дайындықтан өткен інісі Құралбай да соғысқа аттанады. Ол Ауғаныстанның Газни губерниясында 101-танкілі батальонында қызмет етті. Құралбай аға майданда қаза тапқан қаруластарын еске алып шығарған «Қиын сәттер» деген әні бар. Өзі елге аман оралғасын АҚПУ-ді бітіріп, өнер саласында қызмет жасады. Бейнеу мәдениет үйінде методист, клуб меңгерушісі, директор қызметтерін атқарды. Облыстық халық шығармашылығы орталығында, Форт-Шевченко қаласында мәдениет саласында қызмет істеді. 1987 жылы Москва қаласында өткен ВДНХ лауреаты. Болгар, Беларусь, Украина елдерінде сахнада өнер көрсеткен. Құралбайдан – Қамар, Гаухар, Асқар, Қамбар.

Көпжүрсіннің алты ұлының арасында өскен жалғыз қызы – Ақзер. Тұрмыста, балалы-шағалы. Кенже ұлы Алпысбай мұнай саласында. Үш қыз, бір ұлы бар.

Міне, оқырман беклербегі Жұмағамбет бидің өмірдері мен әулетінің қысқаша баяны осындай.

Пайдаланған әдебиеттер:

Ж.Жылқышиев, «Сегіз арыс Адайым», 1 том, 484 б.

НА РУ, ф.И-125, о.2, д.16, стр.140

НА РУ, ф.И-125, о.2, д.16, стр.25

НА РУ, ф.И-125, о.2, д.16, стр.36

НА РУ, ф.И-125, о.1, д.16, стр.11

НА РУ, ф.И-125, о.1, д.19, стр.165

О.Жалилов. XIX–XX аср бошла-ридаги Қорақалпақ тарихидан (Хива давлат хужжатлари асосида). УзССР. Ташкент. «Фан» нашриёти, 1986 й.

– 107 б.

НА РУ, ф.И-125, о.2, д.208, стр.1,2

НА РУ, ф.И-125, о.1, д.19, стр.165–167

НА РУ, ф.И-125, о.1, д.526, стр.110–126

ЖАНШОРАҒҰЛЫ



Беклербегі Жұмағамбеттің шөберелері, Ауған соғысының ардагерлері – Құралбай мен Сәндібай Көпжүрсінұлдары

шенімен елге оралғасын 1947 жылы өкпе ауруынан 25 жасында қайтыс болған.

Үлкен ұлы Көпжүрсіннің өмірі шым-шытырман оқиғаға толы. Ол 1909 жылы өмірге келген. Бұқара қаласындағы «Көкілташ» медресесінде діни білім алған. Ташкенттегі САГУ-дің «Заң» факультетін бітіріп, Түрікменстанның Мары, Жолетен жерлерінде милиция бастығы, прокурор, сот қызметтерін атқарған. 1937–1938 жылдары қудалауға ұшырап, Ташкенттің түрмесіне қамалған. Сол жерде ескі досы, әйгілі өзбек революционері Файзулла Ходжаев оны ату жазасынан құтқарып, «Қожатілеуов Көпжүрсін» деген аты-жөнін «Ходжаев Молдабек» деп өзгертіп, жалған құжатпен Тәжікстан жеріне қашырып жіберген. Ол жақта есепші және басқа да әртүрлі қызметтер атқарып жүргенде, бұрын өзінің қол астында істеген түрікмен милиционер жігіт танып қалады.

– Сіз Мары облысында милиция бастығы болған Қожатілеуов Көпжүрсінсіз ғой, мен сізді танып тұрмын, – дейді түрікмен жігіт.

– Жоқ мен Ходжаев Молдабек деген адаммын. Сіз айтып тұрған кісіні танымаймын, – дейді Көпжүрсін. Түрікмен милиционер: «Сізді қамауға аламын, жекебасыңызды анықтаймын» деп оқтала бергенде, милицияның беліндегі нағанын Көпжүрсін жұлып алып, түрікменді атып өлтіреді. Содан кісі

жылы босап келеді. 1954 жылы үлкен ұлы Саудабай Түрікменстанда, 1956 жылы Назар мен 1958 жылы Қалыбай Тәжікстанда, 1961 жылы Сәндібай мен 1963 жылы Құралбай Қарақалпақстанның Хожелісінде, 1965 жылы Ақзер мен 1969 жылы Алпысбай Тамдыда дүниеге келеді. Балаларының бәрі де құжатта әкесінің жалған тегімен «Ходжаев» болып жазылады. Осылай шартарапты шарлаған Молдабек хәм Көпжүрсін 1981 жылы Бейнеуге көшіп келеді. Ходжаев Молдабек боп өмір бойы бүркеншік атпен өмір сүрген Көпжүрсін Қожатілеуұлы 1983 жылы 74 жасында Бейнеу селосында бақилық болады. Жаназасын шығарған имам бұл кісінің азан шақырып қойған есімін айтқанда, намазда тұрған жамағат таңғалып: «Апыр-ай, бұл баяғы Көпжүрсін бе?» «Бұл кісі осы күнге дейін тірі болған ба?» «Талай адамға қайыр-шапағаты тиген кісі еді, мына пәниде жоқ деп ойлаушы едік», – деп балаларына келіп алғыстарын жаудырған екен. Расында Көпжүрсін Мары өңірінде лауазымды қызметте жүргенде 1931–1932 жылдары «бай» болып, «банды» болып Маңғыстаудан босып келген талай адамға қамқорлық жасап, сотталып кетпеуіне септігі тиген. Жаңаөзенде байнеке Мәдірейім деген ақсақал болды. Өзі кезінде бай баласы болып, Маңғыстаудан ауа көшкен адамның бірі. Бірде үлкен ұлы Байғанинмен жұмыстас Көпжүрсіннің баласы На-

адамды құтқарып қалды. Үйсіз-күйсіз қаңғып келген елге қайыр-шапағаты тиіп, қамқоршы болды. Аман қалған біз өмір бойы үрім-бұтағымызбен ол кісіге қарыздармыз», – деп еске алыпты.

Беклербегі Жұмағамбеттің немересі Қожатілеуұлы Көпжүрсін өзбек, түрікмен, әзербайжан, қарақалпақ, орыс тілдерін жетік меңгерген, есеп-қисапқа жүйрік, заң саласында лауазымды қызметтер істеп, өз заманының зиялы адамы болды. Тағдырдың талауына түсіп, талайлы тауқымет тартқан ол астарлап сақ сөйлейтін, тілге шешен, өтімді, ер мінезді ақ көңіл кісі болған. Музыкалық аспаптарда шебер ойнаған. Кезінде түрмеде «писарь» боп істегені бар, жазуды да шиырып көркем жазған.

Жоғарыда Көпжүрсін хәм Молдабектің балалары қай жылы, қайда туғанын айтып өттік. Үлкен ұлы Саудабай жас күнінде мал шаруашылығында қызмет жасап жүріп, бәйге шапқан, көкпар ойнаған палуан болған. Кейін құрылыс саласында жұмыс істеген. Одан Ағзия, Айнұр, Ұлдай деген – үш қыз, Мақсат деген бір бала бар.

Екінші ұлы Назар мектепті озат бітірсе де, жоғары оқуға түспеген. Жастайынан еңбекке араласып, өндіріс саласында жүргізуші қызметін атқарған. Назар аға музыкалық аспаптарда шебер ойнап, «Жастар әуені» шығармашылық ансамбліне болған. Жұбайы құнанорыс қызы Анар да өнерлі жан. Олардан Марат, Мұрат, Мұхтар, Мәди, Нысанбек деген бес бала. Назардың Мұрат Қожа деген ұлы – республикаға танымал әнші. «Нұрлан мен Мұрат» дуэтінің мүшесі. Белгілі жырау Амандық Көмековтің шәкірті, Алматы театр институтының түлегі. Бүгінде мәдениет саласында қызметте.

Үшінші ұлы Қалыбай ағамен осы жолдардың авторы мен, Бейнеуде көрші тұрдық. Қалекен шаруашылық саласында механизатор боп істеді. Көп жылдар К-700 тракторын жүргізді. Жұмағамбет атасы сияқты жасында ер мінезімен, тентектігімен де аты дүркіреп тұрған. Қыздары Жанар, Гүлнар, баласы Қуанышпен бірге бір аулада ойнап, бір үйдің баласындай бірге өстік. Жұбайы балықшы қызы Салтанат апайымыз балабақшада істеді.

Көпжүрсіннен батыр туған бір баласы марқұм Сәндібай ағамыз еді. Ауған соғысының батыры, ардагері. Бала күнімізде «атыспак» ойынын ойнасақ, Сәндібай ағамыз: «Соғысы құрысын, аты өшсін, соғыс ойнамандар, жаман ырым», – деп бізге

Шәкір ЫБЫРАЕВ**Ғылым мен өнерді қатар өрген...**

Қазақ әдебиетінің көркемдік әлемінде де, ғылымның зерттеу алаңында да қатар ізденіп келе жатқан әрі қаламгер, әрі ғалым тұлға санаулы ғана десем, қателесе қоймаспын. Асылы, өзіннің ғылыми ой-пікірінді көркем шығармада қалай іске жарататынын немесе керісінше, көркем шығармадағы бейнелі дүниенің қыр-сырын ғылыми ойлаудың объектісіне қалай айналдыратынын мәселенің екі жағын да бірдей қамтумен байланысты.

Неге десеніз, бұл екі үдерісте бір жағынан шығармашылықтың бейсанадан келетін феномендік табиғатына қатысты жаратылыс құпиясы ашылса, екінші жағынан сол үдерістің санамен пайымдайтын ғылыми ақиқаты таразыға салынады. Жинақтап тұжырсак, медальдің екі жағы бір тұлғаның бойында осылай өріледі.

Бекен Ыбырайымның шығармашылық қызметіне тұтастай зер салар болсаңыз, осы жағдайға анық көзіңіз жетеді. Ғылым мен жазушылықты қатар өрген тұлғаның бойында ізденіс пен көркем шығарма жазу интуициясы бір өрісте жатыр. Ю.М.Лотманнның сөзімен айтқанда, «адамның интеллектуалды қызметінің біртұтас нәтижесі» осылай көрініс табады.

Екі үдерістің де түпкі негізі тілдің түрлі статустығы санамен байланысты жағдайынан хабар береді. Сондықтан болар, Бекеннің сөз байлығы мен сөзге деген талғамы алдымен байқалып тұрады. Осы ретте мен Бекеннің шығармашылық қызметінің екі аспектісіне де қысқаша тоқталғым келеді. Алдымен, ғылыми ізденістеріне, оның ішінде ауызша немесе авторлық әдебиет туралы ойларына көз жүгіртіп көрейік.

Ғылыми қауымға мәлім, ауызша авторлық әдебиет фольклордан да, жазба әдебиеттен де бөлек құбылыс дейтін пікірдің орын алғанына біраз уақыт өтті. М.Дүйсенов, Б.Абылқасымов зерттеулерінен кейін осы бір тұғырнамалық пікір Б.Ыбырайымның бірқатар еңбектерінде жалғасын тапты деуге болады.

Меніңше, бұл бағыт қазақ әдебиеттану ғылымының ең бір аз зерттелген, бірақ аса маңызды тарихи аспектісі болып саналады. Мына мәселеге назар аударайықшы, XIV ғасырдағы Сыпыра жыраудан бастап, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Абайға дейінгі аралықта әдебиеттің көркемдік жүйесін, поэтикалық бітімін зерттеуде ұлан-ғайыр сауалдардың ішінде осы әдебиеттің ауызша авторлық шығарма болғаны жай ғана факт болып тіркелген.

«Бес ғасыр» немесе «жеті ғасыр» деп аталып жүрген аса ауқымды кезеңнің өзіндік төлтума бітіміне осы жағдай жеткілікті деп санаумен шектелсек, онда ең маңызды мәселені айналып өткен боламыз. Жағдай қазіргі әдебиеттану ғылымының әлсіздігін анық көрсетеді. Қалыптасқан тұғырнама бойынша бұл дәуір картинасы — толығымен жазба әдебиет теориясының және әдіснамасының қарамағындағы зерттеу нысаны.

Енді жағдай өзгеруі тиіс. Себебі тыңдау арқылы қызмет ететін және қабылданатын поэзияның табиғаты оңаша отырып оқытын жазба әдебиет мәтінінің дискурстық жаратылысынан оқшауланып тұратынын анықтап тұрып ажыратсақ керек.

Бұған қазіргі заманғы Еуропаның мәдени антропологиялық бағыттағы әдебиеттану ғылымы жөн сілтей алады. Себебі сананың феноменологиялық мінездемесі бойынша тыңдау мен оқудың арасында уақыт және кеністік категориялары бойынша үлкен айырма бар.

Тыңдарман алдында ағын судай төгіліп айтылған сөздің оңаша отырып жазған сөзден өзіндік айырмасы барын, жаратылысы басқа екенін, ең алдымен, санадағы психологиялық үдерістерден аңғарамыз. Ал оны тарата келгенде, шығармашылық психологияның да, поэтикалық жүйенің де, әлеуметтік жүктеменің де, қоғамдық салмақтың да, қала берді әдебиетке деген көзқарастың да басқаша болғанын осы әдебиеттің функционалды қызметінен

анықтап көруге болады.

Бұл үшін зерттеудің жаңа парадигмасы қалыптасуы керек. Бекен Ыбырайымның зерттеулерінде ауызша авторлық шығармашылықтың психологиялық аспектілеріне ден қойған, поэзияның ситуативті сипатына сәйкес мезгілдік және мекендік шарттарын түйіндейтін тұстарын молынан кездестірдім. Әсіресе төгіп айтудың табиғаты өлең жүйесінің құрылысына тікелей ықпал ететіні, сөз саптаудың мінездемесі басқаша болатыны дөп басылып айтылады.

XX ғасырдың басында америка ғалымдары М.Парри және А.Лорд айқындаған ауызша айтудың формулалық стилге құрылатынын, белгілі бір үлгімен өлең шығарылатынын Абай білген, бірақ сын көзімен қараған. Арада 50-60 жыл өткеннен кейін барып қана бұл құбылыстың сырын америкалық ғалымдар ашты. Бекен Ыбырайымның зерттеулерінде авторлық ауызша поэзияның жанрларын, поэтикалық өзгешеліктерін, айтушы мен тыңдарман арасындағы диалектикалық байланыстың, сөз айтудың ситуативті жағдаймен тікелей байланыстылығын тарататын тұстар жетерлік.

Алдағы уақытта ауызша авторлық поэзия өз алдына жүйеленер болса, онда Б.Ыбырайымның маңызды ойлары талай іске жарайтынына сенім білдіргім келеді. Себебі мұнда ауызша шығармашылықтың сырына біліктілікпен үңілу бар.

Енді Бекен Ыбырайымның жазушылық қызметіне аз-кем тоқталып өтпекпін. Онда да қазақ балалар әдебиетінің табысы деп айтуға әбден лайықты алғашқы шытырман оқиғалы роман «Іздер құпиясына» және «Уран кеніші» әңгімесіне назар аударғым келеді.

«Уран кеніші» әңгімесі — баршамызға белгілі қасиеттің психологиялық зардабын әшкерелеуге арналған туынды. Жоқшылықтан радиациялық кеніште жұмыс істеуге мәжбүр жандардың ауруға ұшыраған халі, соңына келген өмірдің психологиялық азабы шынайы суреттелетіні сондай, авторға еріксіз «бұл жағдайды қайдан білесің?» деген сұрақ қойдым. Себебі бұл оқиғаны, психологиялық сәттерді, кейіпкер портретін тап сондай шынайы бейнелеу, ойдан құрастырып жазу мүмкін емес. Бекеннің жауабынан өз көзімен көрген, жанына батқан өмір шындығының көкейінен кетпей, көп жылдар бойы тебірткенін білдім.

Сол жауап арқылы әңгіменің көркемдік қуаттылығының сырын бірден түсіндім. Осы орайда француз философ-экзистенциалисі Жан-Поль Сартрдың пікірі еске түседі. Оның дәлелдеуінше, суреткер шынайы психологиялық нюанстардың алуан сырлы бояуын біреуден ала алмайды. Ол өзін-өзі әшкерелейді. Әңгімедегі айықпас дертке шалдыққан жұмысшының сөзі де, оны жұбатқан бауыры да біздің әрқайсысымыздың арыдан, іштен келетін сезім иірімдерімізді қозғайды. Үдеріс сөзге өткенде, осындай «әшкерелеудің» нәтижесімен бетпе-бет келіп отырарсың. Оқырман ситуацияның ішіне өзін қояды.

Бекен Ыбырайымның көркем шығармаларына арқау болған оқиғалардың және солармен байланысты психологиялық сезім үдерістерінің ақиқатына үңілер болсаңыз, соның барлығы, ең алдымен, автордың өзі көрген, бастан өткерген, әсерін сезінген, жан дүниесін мазалаған ситуацияларға құрылатынын аңғарасыз. Психологиялық иірімдер әйтеуір бір шығарма үшін жанды камшылау емес, шынайы ішкі әсердің сыртқа тебуі болып шығады.

Бұны сөз жоқ, жазушының көркем шығармада болуы тиіс экзистенциалды дүниесінің сезіммен астасқан көрінісі десек болады. Қазіргі қазақ прозасының бүгінгі күнгі табысын, соның бір бағытын осы айтылған психологияның ұлттық бояуымен бірлікте көмкерілген сипатынан көре аламыз. Әңгіменің әсерлілігі — оқиғасында емес, түлеп, тереңдей беретін психологиялық астарында. Бұл, сөз жоқ, Б.Ыбырайымның көркем сөз дүниесіндегі өзіндік қолтаңбасы, шығармашылық сырын игерген табысы деуге әбден лайықты.

Бекен Ыбырайым — мен білгенде,

асығып-аптығуды білмейтін, атақты және даңқты қумайтын, өзімен-өзі жүргенді қалайтын қаламгер. Бекеннің осы мінездемесі айналдағы болып жатқан құбылыстарға байыппен қарайтынын, түрлі жағдайларда қалыс психологияда болатынын, құндылықтар туралы ұғымының пендешілікке бейім еместігін көрсететіндей. Маған солай көрінеді. Өмір сүрудің рухани мәнін сезінген тұлғаның қолынан шыққан дүниенің де құнды болатыны осыдан болса керек.

Әдебиеттің сыны мен сырын аңдауда, өлең сөздің назы мен сазын барлауда тұрғыластарынан оқ бойы озық тұрады. 1977 жылы жарық көрген «Таң шапағы» өлеңдер жинағы автордың өлеңдегі алғашқы айшықты өрнегін ашумен бірге, ақындық танымы мен талғамының шуақты қызуын шашқандай еді. Ақындық әлем көкжиегіндегі осы таным автордың поэтикалық ой мен поэтикалық ойлау туралы эстетикалық тұрғысының шынардай асқақтап, шырқау

КӨП ҚЫРЛЫ

**Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫ****Кемеліне келген жазушы**

Бекен Ыбырайым қазақ әдебиеттануында, қазақ әдеби сынында өзінің шығармашылық ізденістерімен 1970 жылдардың басында көзге түсіп, алдыңғы буын әдебиет сыншыларының қолдауы мен қамқорлығына бөленген сол кездегі талантты жастардың бірі болатын. Содан бері өткен жарты ғасырдан астам уақытты алып жатқан дәуірде Бекен Ыбырайым әдебиеттану мен әдебиет сыны өкілдерінің қатарындағы көрнекті шығармашылық тұлғаға айналды. Бүгінде Бекен Ыбырайым әдеби сын, әдебиеттің тарихы мен теориясы саласындағы еңбегімен таудай болды. Өзінің туған ауылының алдындағы Хантәңірінің өзі секілді: басынан ақ мұнар кетпейді, биігіне көз жетпейді, құшаққа сыймайды. Әдебиеттану мен әдебиет сынында, жалпы көркем әдебиет әлемінде таудай болу — таудай биік танымның, таудай алып шығармашылық қуаттың, таудай талап пен таудай таланттың тұтасқан қызметінің нәтижесі.

Бекен Ыбырайым әдебиет әлемінің қақпасын ақын болып ашты. Табиғатында бар ақындық — әдебиеттанушы ғалымның, әдебиет сыншысының айрықша аяулы қасиеті. Жаратылысында мұндай ақындық қасиеті бар шығармашылық тұлға көркем

биікте қалыптасуына негіз болды.

1981 жылы жарық көрген «Көркемдік көкжиегі» әдеби сын кітабы сыншының осындай көркемдік-эстетикалық тұрғысын танытты, әдеби сындағы жаңа лебіз, жаңа леп болды. «Ой мен сөз» деген атпен 1985 жылы жарық көрген әдеби сын кітабы әдебиет сыншысының көркемдік-эстетикалық тұрғысы мен ұстынды ұстанымдарының күрделі жүйесін танытты. Әдебиеттанушының «Сырлы әлем» (1997) атты іргелі еңбегінде балалар әдебиетінің жанрлық құрамы, көркемдік табиғаты, әлеуметтік сипаты аясында аса ірі мәселелер шешімін тапты. Мерзімді бұқаралық ақпарат құралдарында әдеби үдерістің бағдары мен бағытын, жетістіктері мен кем түсіп жатқан жайларын көзге көрсетіп, көңілге жеткізіп айтты, әдеби үдерістің бағыты мен бағдарын барлады, әдеби сынға арынды ағыс алып келді. Автор талғамы биік, танымы бай, талабы зор, кемеліне келген келісті әдебиет сыншысы болып қалыптасты, әдеби үдеріс, әдеби шығарма сөз өнері, шығармашылық тұлға туралы заманауи эстетикалық тұрғы биігінен жүйелі пікірлер айтты. «Нағыз әдеби сын — терең көркемдік таным мен сергек эстетикалық талғамның, тәжірибе мен шеберліктің, еңбек пен жауапкершіліктің жемісі. Оны айыптау емес, байыптау деп

түсіну қажет», – деп, әдеби сынның әлеуметтік маңызы, әдебиет сыншысының шығармашылық дара тұлғасы туралы заман талаптарынан оза сөйлеп, озат ойлар ұсынды. Олардың негізінде ғылыми ақиқат жатты. Әдебиеттану жүйесіндегі ақиқат алуан қырлы. Оны оқырман тұрғысынан, автор тұрғысынан, сыншы тұрғысынан, ғылым зандылықтары тұрғысынан бағалау бар. Мұндай бағалаулардың арасында қайшылықтар да жеткілікті. Мысалы, белгілі

иесі ғана жете алуы мүмкін. Профессор Бекен Бекмұратұлы өзінің ғылыми-шығармашылық қызметінде осындай асу бермес асқарлар мен тебіренбес терендердің сырын тануға дейін барды. Қасым Аманжоловтың ақындық даралығын осындай таным кеңістігінде саралады.

Біздің мектеп оқушысы болып жүрген кезімізде жоғары сыныпқа арналған Қазақ әдебиеті пәнінің оқулығының мұқабасында оқулық авторларының

ҚАЛАМҒЕР

бір әдеби шығармаға қатысты сыншының сынын автордың шамданып қабылдауы екі жағдайдың бірінде кездеседі, ғылыми ақиқат деңгейінде негізделген сынға да оның достықпен қарай алмауы ғажап емес.

Талғамы биік, талабы зор, кемеліне келген әдебиет сыншысы әдебиет туралы ойларын академиялық тұрғыда, ғылыми-зерттеулер өрісінде жүйелі дамытуға бет алды. «Қазіргі балалар прозасы және рухани-эстетикалық даму мәселелері» тақырыбы бойынша докторлық диссертациясын қорғады. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі мен профессоры ғылыми атағына лайықты абыройлы, айдынды кеңістікте әдебиеттанудың шырағын жағып, шуағын таратты. Тәжірибеде әдебиет сыншысының ғылыми зерттеулерінде сыншылық саз, аккумуляция айдын бетінде қалқуы сияқты әдемі, әсерлі болса, зерттеуші ғалымның әдеби сынында салқын талдау, суық баяндау сарыны басым болып келетін жайлар кездеседі. Бекен Ыбырайым әдебиеттанудың тарихына, әдебиеттің сыны мен теориясына өзіндік көркемдік-эстетикалық ұстанымдарымен, тағылымды талдау мәнерімен келіп, ғылыми ойлары мен тұжырымдарын жүйелі, дәлелді және қисынды негіздеу кеңістігіне шықты. Ғылыми зерттеу институтының кіші ғылыми қызметкері, аға ғылыми қызметкері, директордың орынбасары, директор, Қазақ гуманитарлық-заң академиясының кафедра меңгерушісі, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының профессоры, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі сияқты ғылыми-педагогикалық лауазымдарды абыроймен атқарып, Қазақстанның ғылымы мен жоғары біліміне елеулі еңбек сіңірді. Халықаралық Айтматов академиясының академигі болып сайланды, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығын алды (2012). Бекен Бекмұратұлының көп томнан тұратын еңбектерінің әрқайсысы мазмұнының байлығы, көркемдік-эстетикалық құндылығы жағынан маңызды да мәнді. Солардың қатарында автордың XX ғасырдағы қазақ поэзиясы туралы екі томдық іргелі монографиялық зерттеуінің маңызы мен мәні менің көзіме оттай жарық шашып, жарқырап көрінеді. Қасым Аманжолов, Сырбай Мәуленов сынды ақындардың ақындық әлемінің ажарын ашып, сыны мен сырын пайымдауда бұған дейін әдебиеттің сыншысы да, зерттеушісі де аспаған белдерден асып, лириканы тану мен талдаудың, ақындық өнер сыры мен ақындық тұлға табиғатын бағалаудың асыл жүйесін тапты.

Әдеби сында, әдеби зерттеуде ақынның белгілі бір шығармашының туу үдерісінде оның поэтикалық ойлауының терендері мен кезеңдерін, амалдары мен тәсілдерін, тетіктерін табудан қиын нәрсе жоқ. Олардың өзара байланыстары мен қатынастарының логикалық және поэтикалық қисынын іздеп табудың да асу бермес асқарлары бар. Мұндай асу бермес асқарлар мен тебіренбес терендердің сырын тануға екінің бірі тәуекел ете алмайды. Оған байтақ ғылыми таным, асқақ көркемдік-эстетикалық талғам, ерен еңбек, берен төзім

аты-жөндері жазылып тұрды: С.Қирабаев, З.Қабдолов, М.Базарбаев, Б.Сахариев, А.Нұрқатов. Оқулықтың авторларының құрамы жаңылыспасам, осындай еді. Бекен Бекмұратұлы да орта мектепте қазақ әдебиетін осы оқулық бойынша оқыды. Сол оқулықты оқып, қазақ әдебиеті мен әдебиеттануының неше буын тұлғалары жетіліп, әдеби білім айдынына шықты. Уақыт өте келе авторлар құрамы өзгерді. 2015 жылы осы оқулық Бекен Ыбырайымның басшылығымен «Мектеп» баспасынан қайта жарық көрді. Авторлар құрамы мынадай болды: З.Қабдолов, С.Қирабаев, Х.Әдібаев, Б.Ыбырайым, Ж.Дәдебаев, Қ.Мәдібаева.

Мектеп қабырғасында оқыған осы бір көзге ыстық оқулық авторларының қатарында содан жарты ғасырдан астам уақыт өткенде З.Қабдолов, С.Қирабаев сынды ұстаздарыммен бірге менің өзімнің де болғаным катты тебірендім. Бұл тебіренісімнің қайнар көзі Б. Ыбырайымның менің шығармашылығым деген ілтипаты еді. Бүгінде бұл оқулық тарихқа айналды. Соған қарамастан, осы оқулық осы күнге дейін бар оқулықтың алды сияқты болады да тұрады. Біздің достығымыз Қазақ әдебиеті оқулығындағы авторлық қатынасымызбен ажарланды.

Бекен Ыбырайым бастап, профессор Қанипаш Мәдібаева екеуіміз қосап, авторлық ұжым болып дайындап, баспадан шығарған тағы бір кітабымызды атап өткім келеді. Ол «Ұлттық рух және шығармашылық даралық» деп аталатын монографиялық зерттеу еді. Зерттеу авторлық ауызша поэзия мәселелеріне арналған. Авторлары: Б.Ыбырайым, Ж. Дәдебаев, Қ.Мәдібаева. Монография авторлық ауызша поэзияның озық дәстүрлерін рухани жаңғырудың маңызды алғышарты ретінде зерттеудің ғылыми негізін жасау жолындағы елеулі жетістік ретінде бағаланды.

Монографиялық зерттеуде әдебиеттану ғылымындағы әлеуметтік маңызы зор және өзекті де іргелі мәселелер қарастырылды. Зерттеудің басты ұстанымын, мақсаттары мен міндеттерін, құрылымдық жүйесін анықтауда Бекен Бекмұратұлы үлкен ізденістерге барды. Авторлардың өз міндетін ойдағыдай орындап шығуына лайықты көмек көрсетті. Нәтижесінде монографиялық зерттеу қазақ әдебиеттану ғылымының дамуындағы елеулі табыс болды.

Бекен Бекмұратұлы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Жамбылтану және халық ақындары ғылыми-зерттеу институтының директоры, Авторлық ауызша әдебиет ғылыми-зерттеу орталығының директоры лауазымдарын атқара жүріп, авторлық ауызша әдебиет өкілдерінің шығармашылығын зерттеу мен насихаттауда үлкен жетістіктерге жетті. Өзінің авторлық бағдарламасы аясында авторлық ауызша әдебиет үлгілерінің көп томдық сериялық басылымын жарыққа шығарды. Бұл інемен құдық қазғандай жұмыс еді. Бекен Бекмұратұлы осы көптомдықтың әр томының мәтінін Орталық ғылыми кітапхананың, Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорларынан өз қолымен теріп, қағазға түсірді, баспаға

дайындады, құрастырушы, корректор, редактор, беттеуші атқаратын қызметтерді қоғамдық негізде қоса атқарды. Авторлық ауызша әдебиет өкілдерінің өміріне қатысты дерек көздерін Орталық мемлекеттік архив қорларынан іздеп тауып, ілгеріде өткен шығармашылық тұлғалардың ғылыми өмірбаянын тарихи маңызы бар жаңа мәліметтермен байытты. Ғалымның көз майын тамызып, маңдай терін ағызып атқарған іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының көптомдығы, «Қазақ әдебиетінің тарихы» академиялық он томдық іргелі зерттеулерге жазған монографиялық тараулары қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына зор үлес болып қосылды.

Бүгінде Бекен Бекмұратұлы – балалар әдебиетінің белгілі тұлғасы, тағылымды әдебиеттанушы, сындарлы әдебиет сыншысы. Аталған үш сала бойынша қазақ әдебиетінің дамуына, қоғамның зияткерлік әлеуетінің артуына зор үлес қосып келеді.

Серік АСЫЛБЕКҰЛЫ

Бекен Ыбырайым прозасының поэтикалық палитрасы

Бекен Бекмұратұлы Ыбырайым (*нағыз аты – Бекболат*) қазақтың көркем әдебиетіне ақын, әдебиет сыншысы ретінде келді. Бұл 1970 жылдардың орта шені еді. 1980 жылдары ол біраз жыл прозаға да қалам тартып көрді. Айтпақшы, осы арада біз аталған автордың «Таң шапағы» деген өлеңдер жинағының оның ең алғашқы тырнақалды туындысы екенін де айта кетейік. Бұлағының бастауы, суының тұңғышы болып табылатын бұл кітап 1977 жылы, оның авторының бар болғаны жиырма жеті жасында жарық көрген-ді.

Ал 1977 – 1982 жылдары Б.Ыбырайым «Қазақ әдебиеті» газетінде еңбек етіп, 1987 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына ауысып, ұзақ жылдар әдебиеттану ғылымынан өріс табады. Сөйтіп, кандидаттық, докторлық диссертацияларын сәтті қорғап, біржолата ғылыми шығармашылықпен айналысады. Сонымен арада отыз жыл, яғни ширек ғасырдан аса уақыт өткенде ғана өзінің бір кездері көз жазып қалған сүйікті жанры — прозасына қайта оралады. Енді біржолата. Еуропадағы ортағасырлық қайта өрлеу дәуірінің ең талантты, көрнекті өкілдерінің бірі әрі бірегейі ретінде саналатын голланд суретшісі Рембрандтың атакты «Қаңғыбас ұлдың қайта оралуы» («*Возвращение блудного сына*») атты картинасындағы бір кездері ата-анасының айтқанын қылмай, әлем кезіп кеткен бұзық ұлдың туған отбасына, өз Отанына оралғаны секілді.

«Эрмитаждан» орын тапқан бұл әйгілі полотнода ұзақ жыл дүние қызығын қуып, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен азаматтың сол бір сатқындығы үшін ақ самайлы қарт әкесінің алдында тізерлеп, одан кешірім сұрап, мінәжат еткен сәті бейнеленген. Әрине, жігіттің күнәсі ауыр-ақ. Алайда әкенің аты — әке емес пе, ол осы бір сын сағаты сәтінде ұзақ жыл өзін, отбасын зарықтырып, жоғалып кеткен азаматты ашумен кері теппей, оны өзінің аялы кең құшағына алады, яғни шын көңілден оны кешіреді.

Бұны айтып отырғанымыз, осы секілді өзін ширек ғасырға дейін мүлде ұмытып, тек арада аттай отыз жылдан соң қайта оралған Бекен Ыбырайымды да қазақ прозасы кешірді. Оны ашумен кері теппей, әлгі Рембрандтағы қайырымды қарт әке секілді қайтадан құшағына алды. Құшағына алғаны емес пе, соның дәлелі ретінде соңғы он-он бес жылдың мұңдарында Бекеннің қызықты сюжеттерімен, құнарлы тілімен, шынайы характерімен тәнтгі еткен «Көсеге», «Люба», «Қала шетіндегі үй» секілді әңгімелері, «Аспандағы саяхат» ертегі-хикаяты, «Іздер құпиясы» атты романы бірінен соң бірі баспасөзде жарияланып, оқырмандардың көзайымына айналды. Әсіресе оның 2022 жылы «Айбоз» ұлттық әдеби конкурсында «Балалар әдебиеті» номинациясы бойын-

ша бас жүлдеге ие болған «Іздер құпиясы» атты детективтік романы тек Б.Ыбырайым шығармашылық әлемінің ғана емес, ХХІ ғасырдағы қазақ балалар прозасының санаулы жарқын жетістіктерінің бірі болды. Менің білуімше, бұл туынды — қазақ әдебиетіндегі балалар өмірінен жазылған тұңғыш роман.

«Алтын шыққан жерді белден қаз» демекші, соңғы осы он жылдықта аталған автор балалар өмірінен алып жазылған шығармаларын жазуға ерекше энтузиазммен кірісті. Оның сондай сүйсіпеншіліктің арқасында дүниеге алып келген «Аспандағы саяхат» атты ертегі-хикаяты 2018 жылы республикалық «Алтын қалам» әдеби конкурсында тағы да бас жүлдеге ие болды. Тәуелсіздік мерекесіне байланысты республикалық байқауда 2021 жылы «Сары-ауыздың саяхаты» атты ертегі-хикаяты балалар әдебиеті бойынша бірінші орын алды. Осылайша, қазақ балалар әдебиетінде кенжелеп қалған ертегі жанрының көркей-уіне айтулы үлес болып қосылған бұл хикая да өзінің қызықты сюжетімен, фантастика жанрына тән көркемдік поэтикасымен, бөтен сөзбен былғанбаған айшықты, образды тілімен есте қалды.

Бекен осы жылдары ересек оқырмандарды да ескерусіз қалдырған жоқ. Оған дәлел — оның соңғы жылдары әртүрлі баспасөз беттерінде жарық көрген «Көсеге», «Уран кеніші», «Люба», «Қала шетіндегі үй» деп аталатын әңгімелері. Бүгінгі күннің сан алуан шындығын арқау еткен бұл туындылар негізінен лирикалық проза үлгісінде жазылған. Оларда қазіргі біздің өміріміздің ақиқаттары барынша бүкпесіз, шынайы, табиғи қалпында көрінеді. Сондықтан да ондағы тұнып тұрған мөлдір сезімдер, жас жандардың бір-біріне деген ынтызар жүректерінің лүпілі, құпия сырлары, ал кей-кейде тағдырдың күтпеген бұрылыстарына тап болған кездегі олардың аң ұрған өкініштері мен сәулелі мұңдары оқырмандарын бей-жай қалдырмайды. Олар бізді, оқырмандарын өздерімен бірге өмір сүруге шақырып, жетелеп алып кетеді. Біз бұл туындылардан да өмірдің барша гаммасын — оның қуанышы мен мұңын да, сәулетті шақтарын да, тіпті жан ауыртар қатал трагедиясын тұтастай гармонияда көре білетін, соларды өзінің суреткерлік призмасынан табиғи қалпында өткізе білетін прозашының қолтанбасын айқын танимыз.

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК

Қазақ балалар әдебиетіндегі тұңғыш детективті роман

«Іздер құпиясы» романы қазіргі балалар әдебиетінде кейінгі кезде қалыптасқан екі қате түсінік барын дәлелдеп берді. Біріншісі, «шығарманың көлемі қысқа болсын» деу. Екіншісі, баланың есею процесін ескермеу. Біріншісі бойынша айтарымыз: бала ұзақ шығарма оқи алмайды деп, оның мүмкіндігін қолдан шектейтін болдық. Екіншісі бойынша айтарымыз: бала тезірек өскісі, жылдамырақ есейгісі келеді. Бірақ соңғы кезде балаларға арналған шығарманы күрделендірмей жазу белен алып кетті. Бұл да бүгінгі замандағы өрнеден хабардар баланың ой-санасының өсуіне қажетті азық бере алмай келеді. «Іздер құпиясы» осы екі кемшіліктің де орнын толтырыпты. Расында да көптен бері балаларға арналған көлемді шығарма жазылмай кетіп еді. Кең құлашты бұл романның сюжеттік желілері сан тарау, алған тақырыбының масштабты да үлкен, қамтитын оқиғалары да қызықты, көркемдігі де жоғары екенін атап көрсеткен жөн. Балаларға арнап осындай көлемді роман жазған автор мойнына қандай жауапкершілік алғанын да білген, яғни жасөспірім оқырманын жалықтырып алмаудың бар амал-тәсілін жасаған.

Әлемнің алтыншы құрлығына сапарымыз ойламаған жерден басталды. Қырғыз ақыны Атантай Акбаровқа қазақ-қырғызға ортақ ақын болып кеткен Саят Қамшыгер хабарласып, штаб пәтері Австралияның Сидней қаласында орналасқан Халықаралық ақындар ПЕН клубының (PoetsInternational Pen Club – PIPC) ұйымдастыруымен кезекті әлемдік поэзия фестивалі өткелі жатқанын, фестиваль аясында әлем ақындарына әр түрлі аталым бойынша марапаттар берілетінін, соған алдын ала шығарма жолдауға, құжат тапсыруға болатынын хабарлады. Осы PIPC-тің басқарма мүшесі, сонымен бірге аталған ұйымның Қазақстан филиалының төрағасы, танымал қазақ ақыны Дүкен Мәсімханұлы Орталық Азиядан, соның ішінде Қырғызстанның атынан қырғыздың атақты ақыны Атантай Акбаровтың қатысуын жөн көріпті. Атантай Акбаровтың құжаттарын, ағылшын тіліндегі өмірбаян, өлеңдерін, жаңа кітабы жайлы мәліметті комиссияға дер кезінде ұсындық. PIPC комиссиясының шешімімен Атантай Акбаровқа «Жүрегім сынды тана алмаймын» жыр жинағы үшін «Жылдың үздік ақыны» сыйлығы берілгені белгілі болды. Сөйтіп, біз Қырғызстан Жазушылар одағы Төрағасының орынбасары, ақын Атантай Акбаров екеуіміз Сиднейге бару үшін Бішкектен Алматыға келдік.

Алматы әуежайында қазақ ақыны, аудармашы-ғалым, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас директоры Дүкен Мәсімханұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ақын, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Бауыржан Жақып, ол кісінің жары, ақиық ақын Төлеген Айбергеновтің қызы Махаббат Айбергенова, ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Саят Қамшыгермен жолығысып, алтауымыз Орталық Азия ақындарының делегациясы болып 3-желтоқсанда Сидней сапарына аттандық.

PIPC-тің Сиднейде өтетін бұл жиынына қазақ ақыны Б.Жақып аталмыш әлемдік поэзия ұйымының Халықаралық марапат жөніндегі комиссиясының мүшесі ретінде, ақын Д.Мәсімханұлы аталған ұйымның ең жоғары марапаты «Алтын қалам» сыйлығын алуға, ақын Саят Қамшыгер Әзербайжан тіліне аударылып, Баку қаласынан шыққан «Qarabaq» атты поэма-кітабына берілген «Жылдың ең үздік жыр жинағы» сыйлығын алуға шақырылған екен. Қазақ пен қырғыздың туыстығының бір дәлелі, біз Алматы әуежайында кездесе салып-ақ тез шүйірлесіп кеттік. PIPC-тің арнайы шақыруымен алдын ала виза жасатып, құжаттарды рәсімдеуіміздің өзі – бөлек бір мақалаға жүк боларлық әңгіме. Оның машақаты мен қызық-шыжығын Сиднейге жеткенше жыр ғып айтып бардық.

Алматыдан Гуанчжоуға 6 жарым сағат, одан ары келесі ұшаққа мініп, 9 жарым сағат ұшып Сиднейге жеттік. Үнді мұхитының үстімен ұшып, Тынық мұхитының жағалауындағы Австралияның Сидней қаласына табан тіредік. Талантты ақын бауырымыз Саят Қамшыгер ұшақта «Сиднейге ұшқан ақындар» деген өлең жазыпты. Өлеңді оқып, сүйіндік.

Қазақстан мен Қырғызстанның ақындары бірге Орталық Азияның атынан делегация болып Австралияға алғаш ұшқан шығар. Бұрын-сонды «ит арқасы кияндағы» әрі материк, әрі мемлекет Австралияны кім көрген? 2000 жылы Сиднейдегі олимпиадаға қатысқан қазақ боксшылары Бекзат Саттарханов пен Ермахан Ыбрайымов чемпион атанып, Мұхтархан Ділдабеков, Болат Жұмаділов, велоспорт тарланы Александр Винокуров, балуан Ислам Байрамуков күміс алған, олимпиадаға қатысқан 199 елдің ішінен Қазақстан 22-орын алған жемісті жылды әлі ұмытқан жоқпыз. Қазақстанның сол кездегі жетістігіне Қырғыз халқы ақ қалпағын аспанға лақтыра қуанған болатын. «Сидней» деген қала аты сол кезден санаға берік орнығып қалған ғой.

Тұтас Австралияда 27 миллион халық бар болса, соның 5 жарым миллионы Сиднейде өмір сүреді екен. Сидней – Австралияның ең ірі қаласы. Ұйымдастырушылар әуежайдан жолаушы-делегат ақындарды қарсы алып, қонақүйге орналастырып, мейрамханаға қонақасына апарды.

Желтоқсанда бізде қыс мезгілі басталса, Австралияда жаз екен. Біз барғанда ауа

райы 30 градустан жоғары болып, Сиднейдің ағаштары гүлдеп, гүлдері жайнап, жайкалып тұр екен. Сидней бізді жатсынбай, жатырмамай қарсы алды. Бірден қысқы киімдерімізді жиыстырып қойып, жазғы киімдерімізді киініп, жадырап шыға келдік. Оның үстіне Сидней уақыты бізден 6 сағат алда екен.

Сиднейге барған күннің ертеңінде әйгілі Балморал жағажайына барып, Тасман теңізіне суға түстік. Балморал – Сиднейдегі 100-ден аса жағажайдың алғашқы бестігіне кіретін жайлы жағажай. Толқындары жуас, суы таза, құмы да керемет екен. Ыстық күнде Тынық мұхитымен шектесіп жатқан Тасман теңізінде ракаттана дем алдық. Тек



АВСТРАЛИЯ САПАРЫ:



Тынық мұхитында ғана тіршілік ететін барракуда дейтін балығының дәмін тату да осы жағажайда нәсіп болды.

7-желтоқсанда ЮНЕСКО қорғауына алынған, әлем жұртының арманына айналған әйгілі ғимарат – Сидней Опера театрының Ялламунди залында PIPC-тің кезекті поэзия фестивалі мен жүлдегерлерді марапаттау рәсімі салтанатты жағдайда басталып кетті. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген ақындармен қоса австралиялық жергілікті ақындардың да қарасы мол болды.

Марапаттау рәсімінде PIPC марапаттау жөніндегі комиссиясының шешімімен үш ақынға «Алтын қалам» сыйлығы берілді. Олар – Жаңа Зеландиядан келген ақын Док Драмхеллер, Қазақстан ақыны Дүкен Мәсімханұлы, Қытай ақыны Ю Нун. Бұл сыйлық – PIPC-тің ең жоғары һәм ең басты сыйлығы. Жаңа Зеландия ақыны Док Драмхеллерге сыйлықты қазақ ақыны Бауыржан Жақып пен PIPC вице-президенті Хуан Ячжоу тапсырып, марапат иесінің поэзияға қосқан үлесі туралы арнайы сөз сөйледі. Бір айта кетерлігі, Бауыржан Жақып сөзін ешқандай аудармашысыз, ағылшынша өзі сөйлегенде бәріміз риза

болып, мақтанып қалдық.

Дүкен Мәсімханұлының поэзиядағы жетістігі туралы Сингапур ақыны мен Австралия ақыны сөз сөйлеп, «Алтын қалам» сыйлығын тапсырған соң, марапат иесіне арнайы сөз берілді. PIPC-тің жұмыс тілі ағылшын және қытай тілдері болғандықтан, Д.Мәсімханұлы өз әсерін қытай тілінде жеткізді.

– Ардақты ақындар!

Құрметті қонақтар!

Ең алдымен, Халықаралық ақындар ПЕН клубының бағалаушыларына және бүгінгі салтанатты кешке қатысып отырған барлық қонақтарға Қазақ елінен жалынды сәлем!

Мен – Орталық Азияда орналасқан Қазақстан Республикасы дейтін елдің азаматымын! Бұл жиынның жұмыс тілінің бірі – қытай тілі болғандықтан, сөзімді қытай тілінде айтуға рұқсат етіңіздер.

Залда отырған көпшілік, біреуіңіз білерсіз, біреуіңіз білмесіз... Менің туған халқым Қазақ ұлтының өзіне ғана тән дара, өте бай ұлттық мәдениеті бар. Тіпті қазақ халқының өнер, мәдениет, әдебиет туралы ой-пікірлері де өзгеше! Мәселен, «Өнер алды – қызыл тіл» дейді қазақ мақалы, яғни қа-

зақ халқы сөз өнерін барлық өнер-мәдениет салаларынан жоғары қояды. Сол үшін де тарихта қазақ қоғамында ақын-жазушының орны мен рөлі айырықша болып келді. Соған байланысты болса керек, ертеректе қазақ жастары арасында ақын-жазушы болуды армандайтындар өте көп болатын. Алайда ақын-жазушы болу армандағанның бәрінің басына қона беретін бақыт құсы емес еді. Өйткені қазақ халқының ұғымында сөз өнері киесі де, иесі де бар құбылыс болып есептеледі. Демек, қазақ халқының қаламгері болуға «еңбек» пен «таланттың» үлес салмағы 50/50 болуға тиіс. Атап айтқанда, біздің халықта басын тауға да, тасқа да ұрып, өлермендікпен «ақын-жазушы» болғысы келетін «талапкерге» жол жоқ. Алайда соңғы ширек ғасырда интернеттің адамзат өміріне дендеп кіруі, одан қала берді ЖИ-дің өз күшіне енуі таза адами парасатпен жасалатын шығармашылыққа белгілі деңгейде нұқсан келтіріп отырғаны жасырын емес. Соның кесірінен аққу мен ақ қазды, мыс пен алтынды айыру қиынға түсіп барады. Дегенмен мен, адамзат бұл мәселені шешудің де бір жолын табады деп сенемін!

Қазір де, тіпті бұрын да қасиетті «поэзия атызын» арамшөптер басып кеткеніне қарамастан, талантты ақындар ешқашан сол қасиетті «поэзия атызынан» баз кешіп кеткен емес. Тіпті таза таланттар өзінің әлеуметтік жағдайы тым мүшкіл халде болса да немесе байлық пен мансапқа мелдектеп отырса да, қаламын бір сәт те қолынан

тастаған емес! Бұның сыры неде?!

Бұл сұраққа қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы «Сөз өнері дертпен тең» деген анықтама берген болса, қазақтың тағы бір талантты ақын-композиторы Біржан Қожағұлы «Өнерді бойға біткен іркіп болмас» деп жауап берген болатын. Демек, сөз өнері – шығармашыл тұлғаға атаның қанымен, ананың ақ сүтімен келетін, қазіргі тілмен айтқанда, ген арқылы берілетін ұлы қасиет!

Ал ген арқылы сөз өнері дарыған шығармашыл тұлға ғана қаламды қолға алады делік... Ендеше, ол өлеңді (немесе проза) зады неге, не үшін жазады?! Бұл да әлемдік әдебиетші ғалымдар мен шығармашылық психологиясын зерттейтін ғалымдар арасында әлі күнге дейін нүктесі қойылмай келе жатқан мәселе!

Бұл мәселеде мен орыстың әйгілі ақыны Н.Некрасовтың «Ақын болу-болмау – өз еркін, азамат болу – борышың» деген ұстанымын толықтай құптаймын! Өйткені ақын осыны түсінгенде ғана өзінің адам ретіндегі, азамат ретіндегі міндетін толық сезініп, адамдық ар-ожданын асқақ ұстап, ақын деген атқа лайық болуға ұмтылады. Демек ақын болу – ойыншық емес! Қазақ халқының аса талантты тағы бір ұлы ақыны

Төлеген Айбергенов ақын болудың қиындығын:
Ақын боп өмір кешу оңай дейсің бе,
қарағым,
Аузында болу, бұл өзі сыздаған
барлық жараның, —
деп сипаттаған болатын.
Бұл ретте, ақынға жеке басын ғана
күйттеуді былай қойып, өз ұлтын ғана сүю,
туған халқының ғана мұңын мұндап, жоғын
жоқтаудың өзі аз!
Өйткені Жер шары — адамзаттың

алдағы күндерде осы мақсатқа арнап, тұтас
бір жыр кітабын жазу жоспарым бар. Оны да
ерте ме, кеш пе, күллі адам баласының на-
зарына ұсынғым келеді. Осы мақсатпен мен
бүгінгі орайлы сәтті пайдалана отырып, сіз-
дерге «әлем ақындары, бірігейік!» деген ұран
тастамақпын.
Сөзімнің соңында, Халықаралық ақындар
ПЕН клубына, оның басшылығына, клубтың
«Алтын қалам» сыйлығын тағайындау
жөніндегі комиссиясына шын жүректен

летіні рас. Осындай саяхат, сапар жырлары
арнайы зерттеу нысанына айналып келе
жатқанына риза болдық. Өзге емес, дәл
осы жолғы Сидней сапары кезінде ақындар
Бауыржан Жақып, Дүкен Мәсімханұлы,
Саят Қамшыгер үшеуінің де тамаша жыр-
лар жазғанына куә болдық.
Жыр кешінде ақындар кезек-кезек
өз өлеңдерін әсерлене оқып, Парламент
ғимаратын жаңғыртты. Әр ақын өлеңін өз
тілінде оқыды, соңынан ағылшын тіліндегі
аудармасын алдын ала дайындалған ар-
найы аудармашы оқып беріп тұрды. Жыр
мерекесінен бәріміз ерекше шабыттанып
шықтық.

Осы ғимаратта түстен кейін РІРС
басқарма мүшелерінің кеңейтілген жиыны
өтті. Жиынды ұйымның Бас хатшысы
жүргізіп отырды. Жиынның нәтижесінде
жылдық есеп тыңдалып, алдағы жоспар-
лар талқыланды. Басқарма мүшелерінің
дауыс беруі нәтижесінде РІРС Президенті
болып австралиялық ақын Дэвид Мас-
грейв сайланды. Вице-президент болып
Жана Зеландия ақыны Док Драмхеллер,
Қазақ ақыны Бауыржан Жақып, АҚШ
ақыны Сұлтан Катто, Қытай ақыны Хуан
Ячжоу сайланды. Басқарма мүшелері де
қайта толықтырылып сайланды. Бұлардың
ішінде Дүкен Мәсімханұлы Қазақстан-
ның, Атантай Акбаров Қырғызстанның
атынан басқарма мүшесі болды. РІРС Бас
хатшысы болып Хань Циңчэн қайта сай-
ланды, Бас хатшының орынбасары болып

көрінісі. Қазірде мемлекет қарамағына,
қамқорлығына алынған аборигендер 500
мыңнан асады екен, барлығы алыс аралдар-
да, ну жыныс ормандарда тұратын көрінеді.
Өз тілі мен салт-дәстүрінен айырылып,
жаһандану аранына жұтылып бара жатқан
халықты ойлап, жаның ашымауы мүмкін
емес.

Сидней — жап-жасыл қала. Біз бұрын-
сонды көрмеген ағаштар мен өсімдіктің
түр-түрі өседі. Барлығы жап-жасыл, жай-
қалып түр. Өзінен-өзі қабығы түсіп түлей-
тін алып ағаштар, тамыры адырайып,
жердің үстіне шығып кеткен, әудем жерге
дейін көрініп тұратын беймәлім ағаштар,
сақалды ағаштар, ертегіде естіген мыстан
кемпірдің үйіндей болған ағаштар... Бар-
лығы біз үшін қызық. Өзге құрлықтың
табиғаты, өсімдік, жануарлары да айрық-
ша болады екен ғой! Кей жерде көшеде
көріп қалған саусақтай тарақандары,
саябақта қойдай жайылып жүрген тыр-
на сияқты құстары, теңіз жағалауында
күнге қыздырынып жатқан шағалалары,
ағаштардың арасында көлкенкелеп тұрған
түрлі-түсті тотықұстар, бұрын-сонды біз
көрмеген қызылды-жасылды гүлдер, бәрі-
бәрі таң-тамаша қалдырады. Қала тап-таза,
ауасы да керемет.

Адамдары еркін. Австралиялықтар
деген өзі қырық темірдің қылауы екен.
Оларды «мынау жергілікті», «мынау сырт-
тан келген» деп жыға тану мүмкін емес.
Елде ағылшын, итальян, француз, неміс,
жойттардан өзге, Үндістан, Пәкістан, Қы-
тай, Малайзия, Тайланд, Тибет, Вьетнам
сияқты елдерден келген адамдарды да
көптеп ұшыратуға болады. Бізге гид болған
қыздың айтуынша, тұтас Австралияда
соңғы жылдары қытайлардың саны күрт
өсіп келе жатқан көрінеді. Қазірдің өзінде
бұл елде екі миллион қытай өмір сүріп
жатқан болса, соның бір миллионы Сидней
қаласында тұрады екен. Сонымен бірге көп-
теген адал тамақтандыру нүктелерін ашып
тастаған түрік ағайындарды көріп, қуанып
қалдық. Олардың Сиднейдегі санының өзі
200 мың мөлшерінде екен. Сырттан келген-
дер көбіне такси жүргізушісі, аспаз, даяшы,
қонақүйдің тазалық қызметшісі, сатушы,
гид сияқты қызметтерді атқарады. Айт-
пақшы, қонақүйде екі қазақ әйелін көріп
қалдық. Кемемен круиз жасап, Малайзия,
Сингапур, Жаңа Зеландия сияқты елдерді
аралап, Австралиядан түсіп, Сиднейде 2-3
күн қыдырып, Гуанчжоу арқылы Алматыға
ұшуға әуежайға қарай шығып бара жатқан
беті екен. Шұрқырасып табысып, сөйлесіп
кеттік. Ақтөбеден екен екеуі де. Ақын Тө-
леген Айбергеновтің қызы деп Махаббат
Айбергенованы таныстырып жатсақ, біреуі
Ақтөбедегі Төлеген Айбергенов көшесінде
тұратын болып шықты.

Сидней театрынан шығып бара жатқан
кезімізде екі жігіт, екі қызбен ұшыраса қал-
дық. Төртеуі де қазақ жастары. Нұрбол мен
Нұршуақ Монғолияның Баян Өлгейінен
келіп, Сиднейде құрылыста жұмыс істейді
екен. Олармен естелік үшін суретке түстік.
Олар да бірден видеоға түсіріп, «Сиднейдің
Опера театрында жеңімпаз болып, әлем-
дік сыйлық алып жатқан қазақтар мен
қырғызды көріп қуанып жатырмыз, міне,
қараңыздар», — деп туыстары мен достары-
на жіберіп жатыр.

Сидней сапары да аяқталды. Қайтарда
Сиднейден Куала Лумпурға дейін 9 сағат
ұшып, одан бері Алматыға дейін тағы 9
сағат ұшып аман-есен жеттік. Қазақ пен
қырғыз ақындары болып Сидней төріне
барған сапарымыз ұмытылмастай болып,
көңілге жылу сыйлап тұратыны сөзсіз.

Өктем ҚАЛИЕВА,

Қырғыз Республикасының мәдениетіне

еңбек сіңірген қайраткер,

Қырғызстан Жазушылар одағының мүшесі,

Бишкек — Алматы — Гуанчжоу — Сидней;

Сидней — Куала Лумпур —

Алматы — Бишкек,

2025 жыл, 3—14 желтоқсан



МАҢЫЗЫ мен ӘСЕРІ

ортақ үйі! Тағдыр әртүрлі нәсілдерді, этнос-
тарды және тілдерді жаратқанымен, адам
баласы көптеген ортақ құндылықтарға және
ортақ тілге ие. Мысалы, барлық адамдар
қуанғанда күледі, қайғырғанда жылайды,
ашуланғанда қабағын түйеді... және бар-
лығы жас ұрпақты аялайды, ата-аналарын
құрметтейді. Барлық адам бейбіт өмірді
және өз Отанын жақсы көреді. Қолына қалам
ұстап жүрген әр қаламгер, өзін саналы
азаматтың деп есептейтін әрбір тұлға бұл
қағиданы білуі керек және жер бетіндегі
әрбір адам, әрбір ұлт бір-бірін түсінуі керек
десек, бұл тұрғысынан келгенде, мәдени ал-
масу мен әдеби шығармашылықтың рөлі мен
қозғаушы күші өте маңызды.

Себебі әдебиет — ақынның ішкі сезімі
ғана емес, ұлттың үні! Адамның жан да-
уысы. Осы себепті түрлі елдерде өмір сүріп
жатқан адамдар көбінде бір-бірін әдебиет
арқылы түсінеді. Әдебиеттің өз ішінде өткір
және кемел стилімен жазылатын поэзия
ерекше рөл атқарады. Сондықтан қазақтың
ұлы ақыны Абай айтқандай, қай елдің ақыны
болмасын, ол талантты ғана емес, сонымен
қатар адам баласының бәрін «өз бауырым»
деп сүйе білуі керек!

Ендеше, біз бұған қалай қол жеткізе
аламыз?!

Бұл мәселеде де поэзия бізге көмектесе
алады, өйткені поэзияның шынайы мәні —
қарапайымдылық пен талғампаздық. Поэзия
— жауынгер жанр емес, идеялар мен эмоция-
ларды білдірудің тиімді тәсілі.

Сондықтан әлемнің ақындары, біз-
дің бәрімізді өлең байланыстыра алады.
Әсіресе бүгінгі адамзат бұрын-соңды бол-
маған күрделі жағдайда өмір сүріп отыр. Біз
ортақ — үйіміз Жер шарына қауіп төндіріп
отырған кикілжіңдерге, экологиялық апат-
тарға, мазасыз және дүрбелең дәуірге
қалай ықпал етеміз? Қазақ ақыны һәм сіз-
дердің достарыңыз ретінде айтарым, біздің
миссиямыз — өзіміздің поэзиялық шығар-
маларымыз арқылы бүкіл әлемге, күллі
адамзатқа өзінің алаңсыз өмірін, бір-біріне
деген ізгілігі мен махаббатын қайтару!

Менің поэзиямның бұған дейін де осы
бағытқа көбірек арналғанына қарамастан,

алғыс айтамын!

Залда отырған барлықтарыңызға зор
денсаулық, шығармашылық мол табыс
тілеймін! — деп аяқтады өз ойын ақын
Д.Мәсімханұлы.

«Жылдың үздік кітабы» сыйлығы
берілген төрт ақынның бірі — ақын Саят
Қамшыгер. Оның Әзербайжан тіліне
аударылып, Баку қаласында шыққан
«Қарабах» кітабы осы марапатқа лайық
саналыпты. Саятка да сыйлығын австра-
лиялық ақын мен жаңазеландиялық екі
ақын тапсырды. Оған да арнайы сөз берілді.

«Жылдың үздік ақыны» сыйлығын
алған бес ақынның бірі ретінде қырғыз
ақыны Атантай Акбаровтың аты-жөні
аталды. АҚШ, Австралия, Косово, Қытай
ақындарымен қатар ол да сахнаға шығып,
марапатын алып, сөз сөйледі.

Орталық Азиядан — Қазақ, Қырғыз
елдерінен барған үш ақынның еңбегі
бағаланып, әлемдік деңгейдегі жүлдеге
ие болып жатқан сәттегі әсеріміз бен
қуанышымызды тілмен айтып жеткізу
мүмкін емес.

9-желтоқсанда Пальмата қалалық
акімшілігінің ғимаратында, яғни Жаңа
Оңтүстік Уэльс Парламент үйінде «Поэзия
туралы пікір алмасу және өлең оқу» жиыны
өтті. Ол жерде қытай ақыны, профессор
Хуан Ячжоу «Классикадан қазіргі заманға
дейін: бүгінгі поэзияның дамуы туралы,
қазіргі саяхат жырлары» тақырыбында
шеберлік сабағын өткізді. АҚШ-тың Нью-
Йорк қаласынан келген ақын, профессор
Сұлтан Катто «Менің саяхат жырларым»
атты баяндама жасады. Сұлтан Катто бала
кезінен Америкада өскен, қазір жасы 79-ға
келген өзіміздің түбі бір туысканымыз екен.
Ұлты — қарашай.

Бұл пікір алмасу жиынынан
аңғарғаным, бүгінде әлемде саяхат, сапар
жырларының кең өріс алып, дамып келе
жатқаны. Бұрынғыдай емес, саяхаттап,
жан-жаққа, түрлі елдерге баруға әлем
құшағы ашық, мүмкіндік мол. Ақындар
да саяхат барысында әсерленіп, шабытты
шақта тұрғанда жыр жазып, көбіне сол
барған елдерінен топтама өлең жазып ке-



Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

Үстінен алып кара машина төніп, жаншып бара жатқан сияқты болды да, селт етіп оянып кетті. Өне бойы сырқырап, денесі қозғалтпайды. Көзін ашқысы келіп еді, ашылмады. Неге ашылмайтынын түсінбеді. Аяқ-қолын қозғамақ болған, одан да түк шықпады. Зілдей кара таспен бастырып қойғандай. Құлағы да күмбір-күмбір, өзіне таныс емес, әлдеқандай дыбыстар — біреулер жүрген сияқты, күбір-күбір сөздер. Не айтып жатқандарын да анық аңғара алмады. Дыбыс шығармақ болып еді, онысынан да ештеңе өнбеді. Ауызы да ашылмайды. Су ішкісі келіп, шөлдеп жатқанын аңғарды.

Су... — деді.

Бірақ дыбысын ешкім естіді ме, естімеді ме, оны да білмейді. Күбірлеген дауыстар жақындай түсті. Әлденелер айтты. Ерінін су шүберекпен сұрткенін түсінді. Бір-екі тамшы өнешіне қарай өткендей болды. Соның өзі жанын рақатқа бөлеп, қайтадан ұйықтап кетті. Өзі ұйқыда ма, әлде есінен танып жатыр ма, әйтеуір, беймәлім бір жағдайда, өң мен түстің арасында, шалажансар күйде. Солай жатқан беті бір кезде тағы да ұйықтап кетті ме, әлде есінен танып қалды ма қараңғы түнек басты.

Бағдат ауруханада жатыр еді. Оның аяғын қозғаған дәрігер ауырсынғанын байқаған. Сондықтан оған тыныштандыратын дәрі салған болатын. Сол дәрі әсер етіп, ұйықтап кетті.

Мұнда келгенде тек кеудесінде жаны ғана бар, шалажансар күйде болатын. Киімін шешіндіргенін де білген жоқ. Денесінде сау тамтық қалмапты дерлік, түгел қанталап кеткен. Аямай сокқандары анық. Әсересе екі аяқтың ортасы ісіп кеткен. Әуелде зәрі тоқтамаған, енді мүлде жүрмей қалды. Мұндай жарақат текпілеудің зардабы екенін оташы дәрігерлер бірден білді. Бұған қоса оның қайдан әкелінгенін де олар іштей сезіп тұр. Бір-бірін көзбен түсінген екі қазақ азаматы жарақаттанған жігітке алғашқы көмектерін жасап бақты. Айнасына түсірді, травматолог, уролог, басқа да дәрігерлерді шақырып, солармен кеңесті. Бірақ оларға бұл жігіт туралы ештеңе деген жоқ. Өйткені мұның алдында да бірнеше жігіт жарақатпен түскен, арасында аяусыз сокқыға жығылған қыздардың да бар екені бұлардың ызасын келтірді. Олардың есін жоғалтпаған кейбірі не болғанын айтып та берген.

Бағдат сандырақтап сөйлеп жатып оянды. «Сөйлеген» деген аты ғана, дауысы мүлде шықпайды. Бірдене айтқан болып жатыр. Қозғалғысы келеді, бірақ қозғала алмайды. Көзі әлі де ашылмады, тек аздап санылау ғана білінді.

— Сізге қозғалуға болмайды, — деген әйел адамның дауысын емес-емес естіді.

— Шыдаңыз. Сізге шыдауға тура келеді, — деді тағы да ол орыс тілінде.

Дауысы Әсияның дауысына ұқсады.

— Әсия, бұл сен бе?

Жауап болмады. Енді орысшалап сұрап еді:

— Жок, мен Әсия емеспін. Сіз ауруханасыз. Сізге ота жасалды, — деді әлгі дауыс.

Бағдатты бүгін танертен біреулер аурухананың қабылдау бөліміне әкеліп салыпты. Мұндағылар қайдан жекізілгенін бірден түсінді. Бүгін танертеннен бері әртүрлі жарақатпен бірнеше қыз бен жігіт жеткізілген. Қаланың басты алаңындағы бейбіт митингіге барған кездерінде жарақат алғандарын солар айтты. Содан бері жарақат бөліміне бірнеше адам жатқызылды. Басты алаңда не болып жатқанын білген дәрігерлердің төбе шашы тік тұрды. Орталық Комитеттің шешіміне өздерінің наразылықтарын білдіруге барған қыздар мен жігіттерді ешқандай айыру белгісі жоқ, бірыңғай кара киімді сарбаздар қаптап кетеді де, алаңдағы жастарды сокқыға жығып, қыздарды шаштарынан сүйреп апарып, милицияның машиналарына, арнайы автобустарға апарып тығып, жатқан оқиғаларды көз алдарына келтіріп, бұлардың да зығырданы қайнады. Не істерін білмей, шарасыздықтан

қаны басына шауып, қозғала алмай отырып қалғандары да болды.

«Алаңға барғандарға көмек көрсетпеу керек. Олар Орталық Комитеттің шешіміне қарсы шыққандар» дегендер де болды. Кейбір шовинизм ауруына шалдыққандар мұндай әрекет тек Колбинге ғана емес, бүкіл орыс халқына қарсылық деп түсінді. Ол пікірін анық білдіріп, «жалын күжірейткендер» де табылды. Бірақ қанына тартқан қазақ жігіттері өз дегендерін істеп, осы ауруханаға әкелінген жастардың ешқайсысын емсіз қалдырған жоқ. Оталарын жасады, жарақаттарын танды. Олардың ішінде осы Бағдат сияқты ауыр халде әкелінгендері де аз болмады. Ал кейбір медициналық орындардың жедел жәрдем жеткізгендерді қабылдамай жібергендері де болыпты. Бұл аурухана болса, жатқызатын орын қалмағанға дейін қабылдаудан бас тартпағанын Бағдат кейін білді.

Екі-үш күн өткен соң, басы мен бет-аузындағы ісік аздап қайтып, көзін зорға дегенде ашты. Бірнеше күннен бері нәр таппай, тек системамен ғана жатқан ол мүлде әлсіз еді.

жаны көзіне көрінді. Тағы біраз жатқан соң, Әсияның жоқтығына көз жеткізді де, төбенің басына қарай бір жамбастап жылжыды. Еңбектемек болып еді оған аяғы мүмкіндік бермеді. Әкесінің «Адасқанда жол байқамақ болсаң, төбенің басына шық» деген ақылы есіне түсті.

Шынында да төбенің басына жақындай бере алыстан сығырайған бір жарықты байқады. Көзін зорға дегенде ашады. Құлағынан бір ызың кетпейді. Басы — бас емес, қауғадай бірдене, мен-зен. Тағы да шамалы дем алған соң, сол жарықты бетке алып, аяғының ауырғанына да қарамастан, жылжи берді, жылжи берді. Басқалардың айқайына, айтып жатқан сөздеріне назар аударған жоқ. Тістеніп, өне-бойын ашу-ыза кернеп, өршелене жылжиды. Ойында Брежнев атындағы алаң. «Колбин кетсін!» деген дауыстар. Онда шырқалған «Қазақстаным» әні. «Менің елім, менің жерім. Туған жерім менің — Қазақстаным!» деп қояды. Оны өзі ішінен айтып жатыр ма, әлде дауысын шығарып айтып жатыр ма, оны өзі де білмейді. Қойны-қонышына қар кіріп бат-

Сол күні кешкісін көрші жігіттер тағы да келді. Еңселері езіліп, не істерін білмей отырған бұларға олардың жаңалығы алыстан бір сәуле көрінгендей әсер етіп, өңдеріне жылу жүгіртті. Олардың айтуына қарағанда, көрші институттың жігіттері Брежнев атындағы алаңға барып, өздерінің қарсылықтарын білдірмек екен.

— Біз де соларды қолдайық, — деді олар.

— Қолдайық, — деді бұлар да солғын ғана, онша құлықты бола қоймай.

— Бұлай қалдыра салуға болмайды. Бұл нағыз қорлық қой. Қазақты халық есебіне санамай отыр. Біздің өзімізден біреуді қоюға болар еді ғой...

— Егер орыс қажет болса, өзіміздің қазақтандық орыстар жетіп жатыр емес пе?!

— Иә, деймін-ау, тіпті Қазақстанда болып көрмеген, Орталық Комитеттің де адамы емес, Ресейдің жай обкомының бірінші хатшысы көрінеді...

Шығып кеткен әлгі жігіттер біраздан соң қайта оралды. Енді олар жаңа ғана қаланың басшы орындарынан біреулердің келгенін, қа-

ҚАРА ЕТІКТІҢ

Әлсіздіктің салдарынан ұйықтай береді. Сондай ұйықтап кеткен сәтіннің бірінде селт етіп оянды. Өйткені дәл көзінің алдына дәу кара етіктің тұмсығы тақап қалыпты. Енді болмаса бетіне сарт ете түсетіндей. Қатты шошығаннан дауысы да шығып кетті. Палатадағы басқа науқастар мұның шошып оянағанын біліп, бұл жаққа көз салды да қойды. Өзара күбірлесіп, әлдене туралы айтқандай болды. Медбике келіп, ине салған соң ғана тыныш тапты. Әбден терлеп, денесі су болып кетіпті.

Ұйқысы қанып қалған сияқты. Ойына түсінде көрген кара етіктің тұмсығы қайта-қайта орала береді.

...Алаңдағы жастар толқыны бір сәтте алға ұмтылғандай болды. Бағдат та қоса ілесті, тұрып қалуға болмайтын еді. Толқын өзімен қоса алып келе жатыр. Егер тоқтап қалса, онда мына толқынның астында қаласын. Айқайлаған дауыстар. Әбден ашынып алған. Милиция қызметкерлері қолындағы қысқа резенке шокпарларымен басқа-көзге төпеп, шеттерінен аямай соғып жүр. Бұл жерге Әсия да келіпті. Оны қолынан мықтап ұстап алған. Жанынан жібергісі келмейді. Ол да шыр-пыр етіп, бұдан қалмауға тырысады.

Бір кезде қайдан шыққаны белгісіз, басына кара берет, үстіне қысқа кара күрте киген, бетіне бетперде таққан әскери адамдар сияқты бойшан жігіттер бүйірден келіп қосылды. Қолдарындағы жүзі жарқыраған қысқа күректерін қыз демей, ұл демей сілтеп жүр. Жастар ұшып түсіп жатыр. Құлағандарын теуіп-теуіп жібереді. Әсияға қарай сермелген күректі жігіттің қолы қағып өтті. Әйтпегенде қызға тиетін еді. Мұны байқап қалған әскери киімдінің бірі мұны мұрттай ұшырды. Қыздың қолынан айырылып қалды. Кешеден бері жауған қырбық қарға етпетінен түсті. Басын көтере беріп еді, бетіне кара етіктің тұмсығы сарт ете қалды. Көзінің оты жарқ ете түсті. Бұл бар дауысымен балағаттап жіберді. Олардың енді бірі бүйірінен тепті. Есінен танып қалды. Кішкене есін жиғанда өздерін бір автобуска сүйреп әкеліп, тиіп жатқанын байқады. Біреулердің айқайлаған дауысы құлағына шалынды. Одан соң тағы да кара түнек басты...

Тағы бір есін жиған сәтте жастарды автобустан сыртқа қарай, тап бір малдың өлексесі сияқты, лақтырып тастап жатыр екен. Қарсы алдында қызыл ала қанға боялған бірнеше қыз қар үстінде тырбындайды, қозғалысыз жатқандары да бар, біразының киімдері шешіліп қалған. «Оңбағандар, зорлаған ғой! Иттер ғой, мыналар! Нағыз хайуандар! Адамдықтан кеткен азғындар!» деген ой келді Бағдатқа. Басын көтеріп, Әсияны іздемек болған. Сол кезде құлақ-шекеден сарт ете қалған сокқыдан қайтадан талықсып кетті.

Қатты тоңып оянды. Күн кешкіріп, қас қарая бастаған. Манайы зар жылаған қыздар мен боктап-борап ыңырсып жатқан жігіттер. Кімнің не айтып жатқаны да, өздерінің қайда екені де белгісіз. «Өлмесе — өрем қапсын» деп, Алатаудың көп сайларының біріне әкеліп тастаған сияқты.

Басы мен-зен, көзін аштырмайды. Орынан тұра алмады. Бір аяғы қозғалмайды. Қозғап көрмек болып еді, аурсынғанда да

тасып, ол еріп, өне бойы су болып кеткен еді. Енді ызғармен қатып, тона бастады. Оған да назар аударған жоқ, сауыс-сауыс болған күйі шамасы жеткенше жылжи берді. Анда-санда есінен адасып қалады да, біраз демалып жатып, есін жиған сәтте қайтадан жылжиды. Бір кезде біреулердің күбірлеген дауысын естігендей болды. Даланы ғана емес, мұның санасын да тас қараңғылық құшағына алды... Басқа ештеңе білмейді. Осы ауруханада есін бір-ақ жинады ғой.

Қазақтың дәрігер жігіттері анда-санда келіп, жағдайын біліп тұрады. Қай жерінің ауыратынын сұрайды. Аяқтарын қысып ұстап көреді. Бұл әуелде түк сезбейтінін айтатын еді. Бірте-бірте ауырған жерлерін ісезе бастады. Жақ сүйегі шытынаған бетінің ісігі қайтқан, жарақаттарын тігіпті. Басы ауыра береді. Қатты сокқыдан миы шайқалған, бұл соның салдары екен. Екі аяғының арасы сыздайды, удай ашиды. Қуығына түтік қойып тастапты.

Бірде түске қарай біреулер келген сияқты. Медбикелердің бірі палатаға жылдам кірді де, мұның құлағына:

— Көзіңізді жұмып, үндемей тым-тырыс жата беріңіз, — деп сыбырлай салып, қайта шығып кетті.

Көп ұзамай олар келіп кірді. Бағдат медбикенің айтқанын істеп, көзін жұмып тым-тырыс жатыр.

— Бұл палатадағылар жол-көлік апатынан ауыр жарақат алғандар. Оларға әзір сөйлеуге болмайды.

Бұл өзін емдеп жүрген дәрігер жігіттің дауысы сияқты. Сол кезде жанындағылардың бірі ауырсынып, ыңырсыған дыбыс шығарды. Дәрігерлер абыр-дабыр болды да қалды. Бөтен адамдардың шығып кетуіне тура келді. Бағдат көзі жұмулы болса да барлығын жақсы сезіп жатыр. Науқас болған соң мұндай дыбыстар шығаруы әдеттегі нәрсе. Ол үшін дәрігерлер онша абыржи қоймайды. Бұл жолы ана бөтен адамдарды бөлмеде ұзақ аялдатпас үшін әдейі осылай істеген сияқты.

...Сол күні сабақтан келген жігіттер жатақханадағы бөлмелерінде түскі шайларын ішіп отырған. Қабырғадағы қалақтай радио әдеттегісінше ақырын қосулы тұр еді. Бір кезде беріліп жатқан хабарды үзіп, диктор жаналықтардың арнайы шығарылымы берілетінін айтқан кезде біреуі барып, дауысын көтеріп қойды. Радио Алматыда Орталық Комитеттің Пленумы болғанын, онда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамбет Қонаевтың қызметінен кетіп, оның орнына Ульянов обкомының бірінші хатшысы тағайындалғанын хабарлады. Отырғандар ішіп отырған шайларын ұмытып, бір-біріне бақырая қараған беті, тымырайып үңсіз қалды. Не айтарларын білмейді. Бір кезде көрші бөлмедегі жігіттер сау етіп кіріп келді.

— Естідіңдер ме?

— Қонаевты орнынан алыпты.

— Орнына Ресейден келген біреуді қойыпты.

Бұл кезде олар басқа не айтарларын білмейді. Басқа бірдене айтуға ауыздары бармайды. Тек шарасыздық танытқаннан басқа не шара бары ойларына да келмейді.

ладағы бүкіл оқу орындарының студенттері ертең Брежнев алаңына жиналып, қарсылығын білдіретінін жеткізді.

— Біздің барлығымыз да сонда барамыз. Мұндайда бұғып қалсақ, азаматтығымыз қайсы?!

Сөйтіп отырып, кешкі асқа баруды да ұмытып кетіпті. Енді асхана жабылып қалды. Еріксіз құр нанмен шай ғана ішіп, жата салуларына тура келді.

Бағдат түнімен көз ілмей шықты деуге болады. Ойы он саққа, санасы сан саққа жүгірді. Қалай болар екен? «Көшеге шығу», «қарсылық білдіру» деген сияқты шетелдерде болып жататын оқиғаларды теледидардан ғана көретін. Біздің партияның Орталық Комитеті қателеседі, ондай кемшілік жібереді деп өмірі ойламайтын. Бұл басқасын айтпағанда, бүкіл бір республиканың негізгі халқын, бүкіл қазақты мазак ету, тіпті, намысына тию деп тұжырымдады. Басқа достары да осылай айтты. Бәрінің ойы бір жерден шығып жатты. Жігерленіп, қызуланып, басқа да ащы сөздерді аузынан атқытып жатқандар да болды.

Танертен ерте тұрды. Содан біраз студент жиналып алаңға келгенде, ондағы адамдар шамалы ғана екен. Ана жерде бір топ, мына жерде бір топ болып шоғырланған жастар. Көпшілігі студенттер сияқты. Сиренасын «ойбайлатып» милицияның машинасы өтті. Енді бір сағаттай тұрғанда, жастар мүлде көбейіп кетті. Түске қарай алаңда ығы-жығы болды. Кейбіреу колдарына «Пленум шешіміне қарсымыз!» деген сияқты тағы басқа да жазулары бар плакаттар ұстап алған. Милиция қызметкерлері де көбейді. Машиналарының дыбыс күшейткіштерімен «Тарандар! Зансыздыққа жол бермеңдер!» дегендей сөздерді айқайлап айтады. Оны тындап жатқан ешкім жоқ. «Менің Қазақстаным» әнін шырқайды. «Пленум шешіміне қарсымыз» деп айқайлайды. Сөйтіп тұрғанда, бір шетінен кірісіп, милиция қызметкерлері жастарды ұл-қыз демей, шетінен ұстап әкете бастады. Арпалыс басталып, алаң айғай-шуға толып кетті. Кімнің не айтып жатқанын ешкім білмейді. Бір кезде милиция ұстағанын ұстап, ұстамағанын резенке шокпарымен (дубинкамен) сокқыға жыға бастады. Ондай сокқының бірі Бағдаттың да арқасынан тиді. Кішкене ғана резенке қолашопар сондай қатты тиеді деп өмірі ойламайтын, арқасын осып түскенде қайқаң ете қалды.

Алаңда милициядан қашып, ерсілі-қарсы жүгіріп әбден шаршаған ол кеш бата жатақханаға зорға жетті. Милициядан таяқ жеп, жарақат алғандар да бар екен. Ашынған жастар неше түрлі былапыт сөздерге дейін айтып жүр.

«Ертең тағы барамыз...», «Мұндай зансыздыққа жол беруге болмайды...», «Қазақ халқын басындырмаймыз...», «Орталық Комитеттің бұл шешімі дұрыс емес...» деген сияқты сөздер ауыздарында.

Жатақханаға студенттер кеңесінің адамдары да келді. Деканның орынбасары да бас сұғыпты. «Ректораттан да адамдар болды» деген сөздер де естілді. Бірінші қабатқа түскен студенттер: «Астында бөтен адамдар толып жүр. Кірген адамды қайта шығармай-

ды. «Алаңға баруға болмайды» деп жатыр», — деп келген. Бірақ шамалы уақыт өтіп, ел тыныштала бастаған кезде бөлмелеріне екі жігіт келіп кірді. Ақырын ғана амандасып, хал-жағдайларын сұрады. Бұлар бір жағынан сескеніп, бір жағынан сенімсіздікпен қарап, ауыздарын аша қоймады.

Оған ақ көйлек, қара костюм шалабар киіп, галстук таққан мәдениетті жігіттер:

— Алаңға барғандарың көрініп тұр. Оны жасырып қайтесіңдер. Біз бұл әрекеттеріңді қолдаймыз. Біздің халықты Политбюро қашанғы табанына салып таптай беруге тиіс! Қазақстаннан қоятын бір адам таппай қалды ма екен? Қазір демократияның заманы. Біз де өзіміздің қарсылығымызды білдіруге құқылымыз, — деп майда сөйлеп, жігіттердің намысын қайрай түскен олар алаңға тағы да шығуларын өгінді де, жып-жылдам кетіп қалды.

Осыз да зығырданы қайнап келген жас жігіттерді мына сөздер одан сайын жігерлендіре түсті. Біраз уақыт демалып, бойларын жылытқан соң, таң қылаң бере бөлмеде бірге

осы жауапты қайталаудан танған жоқ. Бірақ қадалған жерден қан алмай қоймайтын «үш әріптің» адамдары көздеген мақсатына жетті. Әлгі дәрігер апаттың қай жерде болғанын айтқан. Бірақ бұл өзінің ауруымен әлек болып жатып, оны ұмытып қалыпты. Ақыры айналдырып-айналдырып, мұның алаңға барғанын біліп қойды. Өзі ауру адамның одан сайын ығырын шығарды. Дәрігерлер науқастың мазасын алуға болмайтынын ескертсе, олар: «Сендер мұның алаңға барғанын жасырдыңдар. Сендер де жауап бересіңдер», — деп өздеріне жармасады. «Аурудың тарихында солай жазылған. Басқаны біз білмейміз», — деп дәрігерлер азар да безер болады. Аяқ астынан жауапкер болу кімге жақсы дейсін?!

Келесі бір келгенінде әлгі тергеуші Бағдат туралы институтқа хабардар еткенін, оларға тиісті шара қолдануды тапсырғанын, енді мұны комсомол қатарында қалдырмауы керек екенін мағмұрлана отырып әңгімеледі. Ол шыққан соң ызадан булыққан Бағдат орнынан тұрып, далаға безіп кеткісі келген, оған екі аяғы бастырмайды. Күп болған екі аяқтың

Желтоқсан

Желтоқсанды тарихқа «оқиға» ретінде енгіземіз деген біраз тоқішерлердің пиғылы әдірәм қалып, «Желтоқсан көтерілісінің маңызы жыл өткен сайын арта береді» деген қазақ жанынашырларының ұстанымы аксиомаға айналып барады.



«Оқиға — болып өткен іс» дейді қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Кош! Ал Желтоқсан көтерілісі Қазақстан басшысы, Д.А.Қонаевты елімізге беймәлім адамға ауыстырылғаннан басталған ғой, яғни о бастан саяси негізі болған. Бірақ жастар қарусыз, бейбіт түрде, түсінік алуға келген. Ал қарсы жақ арандатып, ішімдік таратқан, қалталарына анаша салған, қыз-ұл демей өрт машиналарынан суық су шашқан, әскери иттерге талатып, күрекшелерімен сабап, өрескел әрекеттер пайдаланған.

Одан кейін жастарды қырып-жойып, жүзшақты адамды соттап, қазақ жастарына «ұлтшылдар» деп таңба басып, көптеген білікті қызметкерлерді жұмыстарынан босатып, студенттерді оқудан шығарып, қолданбаған репрессия түрі қалмағанша қудаланған қазақ Желтоқсан көтерілісін екі машина соғысқандай оқиға сияқты қабылдау керек пе?

Кенес Одағының тоғыз қаласынан алдырылған аса оғар ұлдар шоғырланған әскери бөлімдер, жергілікті Орталық Азия әскери округі, Ішкі Істер министрлігі құрамымен қоса еріктілер жасақтарымен, он сегізінен он тоғызыншы желтоқсанға қараған түні аландағы айтуға адам аузы бармайтын ойран жабулы қазан астында мәңгі қалады деген үмітке кім сендірді екен? Аланның маңында тұратын ел бар ғой. Бір ғана мысал: бір мектептегі кездесуде балалармен әңгімелесу барысында мектеп директоры еңіреп жылады. Кейіннен естігенімдей ол кісі көп ұзамай о дүниелік болып кетіпті. Көтеріліс кезінде еріктілер қатарында болған екен.

Мен — Желтоқсан көтерілісінің салдарынан бірінші болып, 1987 жылы, 5 қаңтар күні сотталған адаммын. Менің көтеріліске қосқан үлесім, ұнпарақтар еді. Жастар Д.А.Қонаевты не себептен қызметінен босатқанын түсіндіруін, мүмкін болса, өз аузынан естуін талап етіп жатқанын 17-желтоқсан күні кешке гастрономда естідім. Ес тоқтатқан, 38 жастамын. Не болса да ресми ақпаратты тосайын деп шештім. Ақпаратты тәулік бойы тостық. Сол тәулік Ш.Айтматов айтқандай, «...ғасырдан да ұзақ түн» болып көрінді. Ақпарат 18-желтоқсанда, сағат кешкі сегізде Алматыдан, онда Мәскеуден берілді. Ақпарат санаға сыймайтын шындықты бұрмалауға толы болды. Күндіз өзім де алаңға шыққам, ұзынқұлақтар шейіт болған жастардың барын да жеткізіп қойған. Аналық ашуға отаршының елімді қанап келген әрекеттерінің перзенттік ашуы қосылып ұнпарақтар жазуға кірістім. Сенсеңіз де, сенбесеңіз де «ақыр қан төгілді, енді тәуелсіздік алғанша күресу керек» деп ой түйдім. «Қасиетсіздер, вон из Казахстана!» (ұнпарақтар орыс тілінде) деп бүкіл қазақ айқайын қағазға түсірдім.

Енді сот процесіне оралсақ, мен

процесте жеңілге жоқ. Барлық таққан кінәлары негізсіз екенін дәлелдеп бердім. Алайда темір тордың арғы жағына тоғытып жіберді. Сот процесі барысында Д.А.Қонаевты да қорғаштап былай дедім: «Кенес Одағының 1987 жылғы күнтізбелерінің бәрінде «Д.А.Қонаев Кенес Одағы мен Коммунистік партияның көрнекті қайраткері» делінген. Сол кісінің 75 жылдық мерей тойына бір айдан аз уақыт қалғанда шұғыл алып тастайтындай не болып қалды?» Атан түйедей ақырып отырған ауыздарына құм құйыла қалды. Не айтарын білмей 2-3 минут ыңғайсыз үнсіздік орнады. Ақыры процесті жүргізіп отырған сот Төрағасы: «Партия солай шешті!» — деді.

2007 жылдың 15 қараша күнгі «Түркістан» газетінің номерінде тілші Көлбай Адырбек газеттің екі бетіне сол процесс туралы мұражай құжаттарына сүйене отырып, «Казакское дело» атты мақала шығарды. Шындық іздеп мұражайлардың кей кезде ғасырлар бойы жиналған шаңын жұтып, денсаулығына нұқсан келтіретін жандардың құлағына алтын сырға мұражайға құжат тапсырушылар өзіне жағымды нәрселерді ғана тапсыратынына көзім жетті. Мен жоғарыда жазған көріністердің әлгі мақалада бірі жоқ.

Колонияда бір жыл өткен соң көтерем халге жеттім. Енді арнайы бөлім бастығы оңашалап алып, Жоғары Кеңеске кешірім сұрап хат жазуымды талап ететін болды. «Жазбаймын! Не деп жазайын? «жазықсыздығыма жазықтымын» деп жазайын ба?» Айтқанымнан қайтпайтыныма көзі әбден жеткен соң «ауыр артиллерия» іске қосылды. Мені ГУИТУ (главное управление исправительно-трудовых учреждений) колония замполиттері шақырды. Талабы сол, «кешірім хат жазыңыз» дейді. Арнайы бөлім бастығына берген жауабымда «Мен өз ұрпағын өзі қыратын мемлекетте тұрғым да келмейді!» — дедім. Сол сөзімді «Сен өзіне қол жұмсаймын» деп айттың деп күштеп емдеуге жіберді. 22 қарашада тұтқындардың «химия» деген режиміне ауыстырды. «Құқық қорғаушылардың» арсыздығы — жаңа режимге ауыстырғанда, құжаттарымынның ішіне менің медициналық қартамды салмағаны. Неге дейсіз ғой. Көтерем халге жеткізу де, күштеп емдеу де — пенитенциарлық жүйеге компромат.

Айналайын елім, көрмегенді көріп жүріп жеткен Тәуелсіздігіміз мәңгі болсын! Білімді, ақылды парасатты болыңыздар. Біреу шығарған затты арбамен тасығанға токмейілісімендер, ол жұмсалған күш — далаға кеткен күш! Өз еліңді, мемлекетіңді көгертуге күш-қуаттарыңызды жұмсаған абзал! Ұстанымдарыңыз берік, көк туымызды бекем ұстайық!

Жансая САБИТОВА

ТҰМСЫҒЫ

(Әңгіме)



жатқан достар бірінші қабаттың терезесінен шығып, тағы да алаңға аттанды. Көшеде автобустар жүрмей қалыпты. Бір автобуска мінген еді, оларды Абай данғылымен сонау стадион жаққа апарып тастады. Ол жақтан жаяу оралуларына тура келді. Қарсы жолыққан милицияның патруль машинасындағылар алаңға бармай, осы жерден үйлеріне қайтуларын талап еткен еді, олардан айнала қашып, үй-үйдің арасымен ақыры алаңға да жеткен.

Көп ұзамай қара киімді, беттерін бетпердемен жапқан, қолдарында дубинкалары немесе сапер күректері бар арнайы жасақтың алпамсадай денелі адамдары қаптап кетті. Олар қарсы келгендерді ұрып жығып, жүк машиналары мен автобустарға тией бастады. Бір кезде бұларға да тап берді. Қаша бастағандарды қолындағыларымен соғып жүр. Жүгіріп келе жатып, шалынып құлады. Басын көтергенде, дәл алдында арнайы жасақтың адамы тұр екен. Әлгінің қалың табанды аяқ киімінің қонышының ілгектеліп байланған бауын анық көрді. Сол-ақ екен әлгі дәу қонышты бәтенкенің тұмсығы оң жақ бетінен сарт ете қалды. Есі ауып қалды. Есін жиғанда автобустың ішінде жатқанын байқады. Тағы да қара түнек басты...

Ойланып кеткен ол жанына медбикенің келгенін де сезбей қалыпты. Инесін шанышқан соң:

— Көп ұзамай басқа бөлімшеге ауыстырамыз, — деді де шығып кетті.

Бар пәле сол басқа, урология бөлімшесіне ауысудан басталды. Мұнда келген соң «жағдайын» сұраушылар да көбейді. Милиция киімімен де, жай киіммен де келетіндердің қатары таусылар емес. Қайда оқитынын, ауруханаға қалай түскенін, қай жерден әкелінгенін білгісі келеді.

Қазақ дәрігерлерінің бірі: «Егер біреулер сұрай қалса «Жол апатына түсіп қалдым» деуді ұмытпа», — деп айтып қойған. Бұл сол әдетпен

арасындағы ісік енді ғана қайтуда. Дәрігерлердің түтікше орнатып бергені жақсы болды, әйтпесе дәретке баруына қиын соққан. Ісігі әбден жазылғанша дәрігерлер мұның басқа жарақатымен, яғни сынған жақ сүйекті, оң аяқтағы жарақатты емдеумен айналысқан. Бұл бөлімшедегі урологтар мұндай жағдайдың көбіне тепкілеуден болатынын ашық айтты. «Тура екі аяғымның арасынан тепкілегенін қарашы, хайуандардың!» — деп қынжылды Бағдат ызадан екі көзі от шашып.

Көз алдына биылғы тамыз айының соңында танысқан сүйкімді Әсия оралды. Айтпақшы, алаңға екінші күні ол да бармақ еді ғой. Ол қандай күйде екен?

Дәрігерлердің мұқият қарап, бірнеше рет тексеруден өткеннен кейін диагнозы да қойылды. Бұл хабар Бағдат үшін ату жазасына кесілген үкімдей болып естілді. Сүйікті Әсиясына бұл туралы қалай айтады? Екеуі оқу бітірген соң үйленбек болып келісіп еді ғой.

— Мұндай диагноз жиі кездеседі, — деді дәрігер. — Ол үшін уайымдама. Қазір медицинаның дамыған заманы ғой. Әуелі емдеп көреміз... — деп үнсіз қалды.

Міне, Бағдатты шошындырған осы үнсіздік еді. «Емдеуге болмаса ше?» деген ой жылт ете қалды да, ол ойын аузынан шығаруға батпай:

— Одан соң не істемексіздер? — деп сұрады.

— Оған алаң болма. Ол жағын өзіміз шешеміз...

Бірақ дәрігер ештеңе шеше алмай қалды. Бірнеше күннен соң Бағдатты ауруханадан шығаратыны хабарланды. Бұл ана суыр сияқты көккөз тергеушінің әрекеті екеніне шүбәсі болған жоқ.

Сол күні түстен кейін қос балдаққа сүйенген Бағдат аурухананың алдында такси күтіп тұр еді.



Тақатар ДӨРЕЛОВ

ҰЛЫ АБАЙДЫҢ БЕЙНЕСІ

Мұншалықты болады екен ойлы адам,
Бейнесінен түсті түрлі ой маған.
Даналықты мұра қылып қалдырды,
Жүдей жүріп жүрегі асыл қоймадан.

Ақтарылған алтын сандық кеудесі,
Тағлым ғой, қандай сырлар кеулесін.
Парасат деп айтамыз-ау мән бермей,
Сол парасат тұнып тұрған бейнесі.

Жанарыңда тұрақтаған тағы мұң,
Жазық маңдай ұлы ойдың ағыны.
Зерделей түс, оның нұрлы бейнесі,
Белгісіндей өткен қиын шағының.

Жүзінде әлі таңның нұры, алтын кеш,
Толғанып тұр, ата-дәстүр салтым деп.
Бір қарасан, қайғы ойлауда қан жұтып,
Қайран менің қамсыз өскен халқым деп.

Сен ұрпағым! Тындыр дейме бір ұлы іс,
Елім десең, таусылмасын жүзіріс.
Деп тұрғандай ұлы бейне ұлтына:
«Өзің сен, толы айналаң ібіліс!»

Үңіле түс, күбірлейді сөз жаны,
Қадауменен қиырларға көзді алыс.
Баба бейне деп тұрғаны анық ғой:
«Әркім ойлап кеткен заман өз қамын».

Соны біліп кірер ме екен кейде есі,
Әлі аңғалдық, киілмеген жейдесі.
Ақ сақалы ақсеуелі даланың,
Тым құрыса, таны Абайдың бейнесін.

АДАМТАНУ

Көп екен, сыртың жайсаң күлген ішің,
Келгенмен әркім жалған білген ісін.
Көзге қораш көрінген асыл екен,
Ит екен жоқ дегенім бір кем ісі.

Жасықтау деп жүргенім өткір екен,
Қу сүйек деп аясам тоқ тұр екен.
Сақтау жүреді деп тән пішкенім,
Ортаны жатсынбайтын көпшіл екен.

Аға деп ардақтасам, жаңылыптын,
Көзге айтпай, тауып елген сан ілікті.
Секемшіл, інілердің қайсы бірі,
Кейін біліп тауаным шағылып тұр.

Көңілі көл дегенім күрмек екен,
Болысып босқа білек тұрған екем.
Ер жетіп адамдарды танып білсем,
Көбінде қателесіп жүрген екем.

Бұрын да осы жайлы толғағам ой,
Ойлағам, деп жүріпін, ол-жағам ғой.
Сенгенім сүріндірсе, жасылмасам,
Бір Алла ниетімді қолдаған ғой.

Жаныма жуық дептін күлгені үшін,
Қажет ғып кейде бірге жүргені үшін.
Өздеріңді танудан қателесем,
Адамдар неткен сондай күрделісің.

Ел – аман, жұртым – тыныш,
баста – бағым,
Жүрекке салған қайттым басқа дағын.
Қайсың дос, дұшпаным кім, білмейді екем,
Жетпістен жасым әрі асса-дағы.

МЫНАУ ӘЛЕМ ҚАЙДАН
БОЛСЫН ТҰРАҚТЫ

Дүниеге жан бітірген көктемді,
Кім сүймейді шуағы мен өпкенді.

Бірақ одан тауып кейін көп кемдік,
Жайсыз дейміз қара нөсер төккенді.

Ыстығына күйіп-жанып тамыздың,
Ол шындық, терді бойдан ағыздық.
Бірақ ертең қысқы аязда тоңғанда,
Жарқын жазды жиі айтамыз аңыз қып.

Күз сабырлы, молшылық пен ізгі леп,
Күні шығар бұлт арасын сүзгілеп.
Аяқасты ала дауыл тұрғанда,
Қамсыз жүрген бүлдіргенін тізді кеп.

Қыс қызығы басталғанда өктем кеп,
Қар жауады, мұз құрсайды көкпеңбек.
Соққан боран жайсыз тисе шаруаға,
Жұрт тілейді: «Жылдам шыққай
көктем» деп.

Пенде-көңіл бір тиянақ таппайды,
Біреу үнсіз, біреу ауыз жаппайды.
Мінезіміз ауа райы аумаған,
Аз айт, көп айт, бізге ештеңе жақпайды.

ҚАРЫЗДАРМЫН
ТЕК ҚАНА
АППАҚ АРЫМА

Адамдар да, дүниеде өзгеріш,
Жаямыз-ау, өзімізше сезгенді іш.
Жаратылыс заңы ортағы ақиқат,
Болмайды оған мұқалмастан төзген күш,

Көп тыңдашы, ашып қой да құлақты,
Санаңда сан шешілмеген сұрақ тұр.
Тіршіліктің иелері құбылғыш,
Мынау әлем қайдан болсын тұрақты.

ҚАСТЕРЛЕУМЕН
ҚАРАПАЙЫМ ЖҰМЫСТЫ

Оңайлықпен кімге қонған бақ құсы,
Қонған болса, көрініп тұр жақсы ісі.
Бірі едім қаршадайдан білгеннің,
Қиындықпен тапқан нанның тәттісін.

Ата-анаға болысуға жарасақ,
Сол екен ғой, үміт еткен болашақ.
Тырбыну мен тырысуға көндігіп,
Толдық деген жоқпыз біздер бола сап.

Кейде шықпай ойынменен құмардан,
Бала болдық үлкен айтса құп алған.
Қасарысып, қайырылмау-бізге жат,
Үміттендік күлетіндей күн алдан.

Сәттер болды қара жұмыс терлеткен,
Айта алмаймын сол шақтарды кем деп мен.
Алақанды ойып еңбек құралы,
Тыын саудық қарапайым еңбектен.

Құлша жексе, мұнда үлкен мән жатты,
Есесіне жүрекке ерте шам жақтық.
Өмір бойы санамызға жазылды,
Еңбегіңмен тауып жеген нан тәтті!

Біз білмедік жымқыруды, басқасын,
Оңайлықпен жолда еш нәрсе жатпасын.
Қай кезде де әзір тұрды екі қол,
Ойламаған жерде түссе басқа сын.

Білмей өстік әрекетті жымьсықы,
Кейде ауырлау алсақ дағы тынысты.
Бала күннен қаламадық жеңілді,
Қастерлеумен қарапайым жұмысты.

ШІРКІН-АЙ БІР...

Кетіп жүрген жандай болып көп есем,
Жамандықтың деймін жолын бөгесем.
Жасын сүртіп жылап жүрген жандардың,
Шіркін-ай бір, қуанышқа бөлесем.

Жүрсем дағы айыр ұстап жуан сап,
Жиі болса маған да ондай туар сәт.
Бұл өмірден жүрген болса түңіліп,
Шіркін-ай бір мен арқылы қуанса!

Көргім келмес қатыгездер аз жолық,
Үйіс көңіл аққу менен қаз болып.
Саусағымен тұрса мені көрсетіп,
Жүдеп жүрген бір балақай мәз болып.

Соның бәрін ойлап кетсем ұйқы алыс,
Бұл өмірде қанша адам жүр қиналып.
Маған байлық біткен болса егерде,
Бір байғұсқа берер едім үй салып.

Бұдан асқан мейірім де жоқ игі,
Кейбір басыш жалаң ұран сөз үйді.
«Харекеттің» болсам шіркін «қорындай»,
Салар едім мешіт емес, көп үйді.

Дейді жұртым мына жалған бес күндік,
Неге онда көп жүрекке кек тұнды.
Шіркін-ай, бір қуанта алсам әлі де,
Сосын кетсем, ренжітпей ешкімді.

АЛАУЫЗДЫҚ ӘРМЕН КЕТ

Айтар болсам бауырларға сыр ашып,
Кетсін мәңгі қайғы менен мұң асып.

Әрбір үйдің жарасымды шаттығы,
Жатқай еді, тыныштыққа ұласып.

Ағайынның татулығы ас көпке,
Жеткізгей-ді, керек емес, босқа өкпе.
Марқұм әкем дұрыс айтып кетіпті,
«Тыныштыққа жететұғын бәс жоқ» деп.

Ішкен – ірің, жеген – желім болмағай,
Әрбір қазақ сонда жайлы, сонда бай.
«Елім – аман, жұртым – тыныш» сол тілек,
Жаратушы хақ тағалам қолдағай.

Туған елім, қысастық жоқ, кең де жай,
Демейді ешкім: «Босқа кеткен еңбек-ай».
Жеке дара бар болмай ақ, қояйын,
Барша қандас бай болса егер, мен де бай.

Айналымда сазарғанда көп ұсқын,
Мазам қашып, талай оймен тоғыстым.
Бірлігі үстем елге бақыт қонады,
Қажеті жоқ қанды қырғын соғыстың!

Біреулердің алауыздық баққаны,
Ондайлардың тапқан соры, қап-қалың.
Мәңгі бақи жарасымды қалаумен,
Достық үшін аштық жүрек қақпаны.

Су толысар, ну құралар жайқалып,
Тыныштықты алдыменен айталық.
Сол үшін де алауыздық әрмен кет,
Дүниеден дүрбелең тұр байқалып.

БҮГІНГІ КАСПИЙ

Ренжір ме, десем біреу азған маң,
Мұнай сорып Каспий қойнын қазғаннан.
Солай деген көптің сөзін тыңдаумен,
Не шығады қаралы жыр жазғаннан.

Жоғарыдан тәртіп жетсе орындар,
Қара халық көтеруде сорын бар.
Кеме жүзген қарт Каспийдің төсінде,
Шағалалар қонақтайтын орын бар.

Айтқандардың емес сөзі негізсіз,
Жасырғаннан не тауып ек кемісті.
«Каспий суы тізеліктен келеді»,
Деді бірде үрейленген теңізі.

Сөгем кімді «білмейді деп аяуды»,
Осы жайға қанша жүрек қаяулы.

Теңізі әкем бала күнде ұрысты,
«Қатты неге тастайсың» деп «таяуды».

Қышымаған шығар босқа иегі,
Теңіздің де жәндіктері киелі.
Отырса айтып мұндағылар тып-тыныш,
Жайлы өмірді соншалықты сүйеді.

Тыңдап көрші бітелмеген құлағы,
Содан бері қанша құстар жылады?!
Өрт жалмады тал-терегін, құрағын,
Қанат қақпай дерттілері құлады.

Тентек теңіз көнді басқа салғанға,
Кімнен көмек, жаралы боп қалғанға?
Толқындары төсін теппей күйзелді,
Ренжітті, алданғандар арзанға.

Көзге ыстық бағы қашқан көнем кей,
Кәрі Каспий ағатын-ды бөгелмей.

Суы қашқан сүреңсіздік ұсқыны,
Одан әрі бере ме екен төмендей.

Неге дағы тойынбастың құлқыны,
Жібермейді жатқанымен жұлқынып.
Тамағына тас тығылған адамдай,
Дем тарылып жатыр бүгін қылғынып.

ӨЗГЕРМЕЙТІН ТІРЕГІМ

Ол кез бала, шал боп қалған осы ұлды,
Табанына тікен қадап өсірдің.
Мына дүние тарылғанда жете алсам,
Кеңдікті ұғын, деумен алға көсілдің.

Мен жарасам, сен жарадың құшарға,
Әкем болып, дедің кейде: «Түс алға!»
Қос қанатым қырқылғандай сезінсем,
Талап бердің қайыра бір ұшарға.

Жібермесе, батырардай шын батпақ,
Астыма әкеп сен төседің құмды аппақ.
Көк өзектер көркін жая көрісті,
Өн бойымды жүрген кезде мұң қаптап.

Сен болмасаң, кімге айтамын бұ сырды,
Аспан десем, сендік арман ұшырды.
Өмір бойы місе тұтып келемін,
Өзің берген қанағат пен шүкірді.

Иә, бірақ түскен жанға жарам көп,
Сірә одан сау қалған да адам жоқ.
Именбей ақ, күліп келсем ақтығым,
Ақ жолыңда отың болып жанам көп.

Жас талдармен сен толысқан ізгі орман,
Көктем-талдан бірі менмін күз болған.
Биігінде мәңгі ұйқыда жатқанмен,
Әкем – жігіт, ал, анашым қыз болған.

Мен үшін сен мәңгі жасыл гүл егін,
Өн бойына ұят құйған түлегің.
Сол ұятты тастап ақыр кете алмай,
Сырқат тапты мынау жұмыр жүрегім.

Бауырыңа тарттың демей, кім едің?
Өгейсісем, өзің сынап, мінедің.
Жанға ыстықтың өзгергенде бәрі де,
Өзгермейтін жалғыз сенсің Тірегім!



Сезім Мергенбай – 2001 жылы 2 желтоқсанда, Түркістан облысы Түлкібас ауданы Түлкібас стансысында туған. Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы ОҚЗУ-дің филология факультетінде білім алған. Бүгінде «Мархабат» журналының бас редакторы болып жұмыс істейді.

ӘЛІ ДЕ ЖАНЫМ СІРІ ЕДІ ШУАҚТЫ ШАҚТАН ҮМІТТІ

Орындалмаған сапар

Кеңсе мен үйдің арасын
Тоздырып жүрмін жыл ұзақ.
Айналам бәрі жанашыр
Бірі – жақын да, бірі – жат:
«Серігің қайда?» дейді кеп,
«Сенімің қайда?» деймін мен.
Жалғыздығымды әйгілеп,
Сыр ашып қойған кей күннен
Өзімді өзім қызғанып,
Өзіме өзім тығылам.
Жалғыздығымды күзге алып
Бараман-дағы тынығам.
Топыраққа да сыр бермей,
Жапыраққа да тіс жармай,
Қанатын қомдап үлгермей,
Сапарға шыққан құстардай,
Туған үйімнің төбесін
Айнала ұшып жеті рет,
Дуниенің қиып мәресін,
Өксікке толып көкірек...
Күндердің күні өзімнен,
Өзімді алып кетем де,
Сағыныш, уайым, сезімнен
Ада бір жұмбақ мекенге
Кенеттен қоныс аударып,
Тұрақтап қалам мәңгілік.
Жылдарға жылдар жалғанып,
Жылдарды жылдар қалдырып,
Кеңсе мен үйдің арасын
Тоздырып жүрмін жыл ұзақ.
Жанымның жамап жарасын
Болғанша кетті үні ұзап
Аңсарым ауған мекеннің
Елшісі болған құстардың.
Қашанғы шыдар екенмін?
Қашанғы мұнда қыстармын?
Менімен кешкен күндердей,
Менсіз де күндер кешілер...
... Мен болсам түкке үлгермей,
Жұмысқа тағы кешігем.

Түн тынысы тарылып, еркін есіп таңғы леп,
Іздегенім табылып, өшкен отым жанды деп,
Бір опасыз шаттықтың шырмауына алданып,
Түн баласы жатады қанға бөгіп жан-жүрек.

Мәнін іздеп өмірдің жанталасып, шарқ ұрып,
Түбі тауып алғандай шарап ішіп шалқыдық.
Жікке бөлген ғаламды, тапқа бөлген қоғамды,
Ең соңында қол сілтеп, дәруіштей тәркі ғып.

Толғақ қысқан тоғышар анадайын некесіз,
Жеті атасын білмейтін баладайын әкесіз,
Жатқа айналған жақынды

күтемін деп соңында

Мен өмірден өтемін.
(Сіз өмірден өтесіз).

Аттан салып артында қалып кеткен
түрлі аңыз

Қоңыр үнді домбыра, қыңыр үнді қыл қобыз –
Алуан күйлі көңілдің мөрі болар төгілген.
Біздің өмір, ендеше, көш жөнелген құмдағы із.

Жеруығын таппаған Асан қайғы ғана ма?
Көрден қашып, көр жұтқан жалғыз
Қорқыт баба ма?
Кетбұғаның күйіндей қабырғанды езетін,
Жоқтау сарын таңсық па мынау ұлан далаға?

Неге ендеше зорығып, жаншылады әлі күн,
Менің осы далада туған жаным, Тәңірім?
Бақыт пен сор түгілі, біліп туған жоқпыз ба,
Өмірдің де қадірін,
Өлімнің де қадірін?!

Жол

Егер менің көңілім қалмағанда,
Егер менің көз жасым тамбағанда,
Егер сен сол кеш маған келмегенде,
Егер мен сол кеш саған бармағанда...

Сенімдер сонша дімкәс болар ма еді?
Сонша кермек татар ма еді алар демім?
Сені маған көзайым қылған қай жол?
Қай құдайсыз жол қосты саған мені?

Өлді бәрі. Жан өлді. Сенім де өлді.
Мүжіп-мүжіп тауысты шер іргемді.
Біз неліктен
Жылатуға құмармыз жүректерді?
Қалдыруға құмармыз көңілдерді?

Әбден... Әбден көңілім қала тұра,
Хат байладым түндердің қанатына.
Сәт сайын қанша иек кемсеңдейді?
Қанша сенім өледі сағатына?

Қанша сенім өледі? Қанша үміт?
Қанша безек қағады жан сабылып?
Құрбаның-ақ боп кетер едім егер
Сенен өзге қасірет қалса құрып.

Құрдым түбі сен болдың. Сенім болды.
Екі бетін тырналап көңіл қалды.
Сен өзіңді ақтап ап. Мен өзімді.
Екі ортада құдайсыз жол ырғалды...

... Біз ешқашан аяқ баспайтын жол.
Ғасыр дерті
Біз жоқтаймыз ғасырларды,
Бізді жоқтар ғасырлар.
Қар астында шашым қалды,
Көр астында шашым бар.
Менің шашым,
Менің жасым,
Менің жадым бар онда.
Түсім теріс жорылғасын
Теріс қарап қоғамға,
Күзғын ұшқан өр көңілдің
Мұнарынан секіргем.
Соңғы ғасыр – соңғы өмірдің
Азуынан от үрлеп,
Келген жерден қайта шығып,
Келер шақты таппадым.
Күн аялдап, ай тосылып,
Бейуаққа тоқтадым.
Барша адамға ортақ шардың,
Азуынан қан тамды.
Біз жоқтаймыз желтоқсанды,
Біз жоқтаймыз қаңтарды.
Біз жоқтаймыз ай, күн, жылды,
Бізді жоқтар ай, күн, жыл.
Әйда, ышқыртып ой құрғырды
Ерттеп мініп қайғым жүр,
Біз жоқтаймыз боздақтарды,
Біз жоқтаймыз...

... тек іштей.

Жүректерде маздап қалды
Ұрпақ кегі.
Жеңіс қой?!
Біз жоқтаймыз іштей бәрін,
Қан боп қатты қанша етік?

Еске алуға күштейді арың
Ара-тұра көрсетіп.
Ширек ғасыр, жарты ғасыр,
Бүтін ғасыр, мың ғасыр
Адам қанын, қан күнәсін,
Мойнына жүк қылмасын!..
Күн өтеді, ай өтеді,
Жыл өтеді, өтеді.
Еске алуға?
А, иә, тегі
Бір-ақ минут жетеді!
Біз жоқтаймыз ғасырларды,
Бізді жоқтар ғасырлар.
Қар астында шашым қалды,



Көр астында шашым бар.
Көңіл көшесі
Таң атырдым көз ілмей,
Күн батырдым жақ ашпай.
Ең алғашқы сезімдей,
Ең соңғы көзқарастай
Бір аяулы мезеттер,
Ойнақ салып көңілде,
Алуан ойлар кезекпен
Шығып жатты шеруге...

Астан-кестен қылады
«Көңіл» атты көшені
Алуан ойлар ұраны:
«Маңдай сорың бес елі»

– Ой – әпенді!
Ой – кеңе!
Ой – мүддесі жоқ нөпір.
Егер көздер сөйлесе,
«Нағыз сорың көкте тұр,
Тағдырыңмен ойнайды»
Демесіне кім кепіл?
Рас, құлатпай қоймайды,
Біз білетін қыл көпір.

– Құлап көрмеп пе едіңдер?
Әлде өртеніп көрмеп пе ек?
Талай рет шеруден
Қайтпап па едік еңбектеп?

– Ой – мүсәпір,
Ой – мұңлық.
Ол – мұғжиза деп келдім...

– Еркіндіктен айырылды,
Еркіндікке жеткен күн.

– Көңіл тағы өрекіп,
Тексе отырса иеміз,
Енді кімді медет қып,
Енді кімді сүйеміз?
Енді нені қастерлеп,
Қайда орда құрамыз?

– Отың әлі өшкен жоқ,
Бітпеді әлі бұл аңыз.

– Тағдыр және тәңірмен,
Алысамын мен қанша?

– Өрекіген көңілден
Ойлар тарқап болғанша.

– Ойлар, сірә, тарқай ма?
Ой – көрінде құрт болар.
Арқар ауса Алтайдан,
Етекке жат жұрт қонар...

– Дәуір көшіп дәуірден,
Заман ауар үсті-үсті.
Бар түйгенім көңілге
Мәңгі (мылқау) қыс түсті.
Біз – құдықпыз
Біз бір құдық шығармыз
Бәлкім, Еңсеп қазған,
Бәлкім, Ескендірдің мүйізін естіген.
Қасіретін көтере алмай қара бұлт,
Қара кеште өз тамырын кескілеп,
Күрең қанын біздің ішке құяды.
Біздің іште биін күткен бикештердің қиялы.

Біздің іште кімде-кімнің үміті,
Біздің іште кімде-кімнің көз-жасы,
Біздің іште кімде-кімнің кегі бар.
Біз – құдықпыз.
Құдық түбі – жылытыраған мемуар.

Біздің іште мұң жалатқан тиындар,
Біздің іште шер жалатқан тиындар,
Біздің іште ерте жаста
Анасынан айырылып, еркелегі тыйылған
Жетімдердің жасы бар.
Біздің іште ботасынан айырылып,
Омырауын көкке сауған жесірдің
Күл жалатқан шашы бар.

Біздің іште қыршын кеткен
сүйіктісін сағынар
Есі ауысқан кемпірдің,
Түк болмаған жады бар.
Біздің іште біреу өзін тауып ап,
Біздің іште біреу өзін өлтірді.

Біздің іште бәрі бар.
Қасіреттен ада, бейғам
Балалық та бар онда.
Мың ғасырға жүк болатын,
Даналық та бар онда.

Біз – құдықпыз.
Кензесі кеуіп әбден,
Ернін тістеп кезерген,
Дәруіштер мөлдіретін су ішеді
Біздің іштен ежелден.
Әркімді бір суаттатып,
Ортасында сайран менен ойранның
Еңсеп құсап ең соңында өзі өлген
Біздің іште сол тазалық қайдан жүр?
Біздің іште сол мөлдірлік қайдан жүр?!

Жол қарау
Кей сезімдер,
Тәтті сәттер сыймай қап,
Отырамын пешенімді шимайлап
Менің ұлы қорқынышым сен сыйған
Кезеңдерде жүрек емес, ми қайнап
Есіміңе сия тамып кетпей ме...
Буалдырлау еске түсіп сәт кейде,
Жазмышымды ақтарамын сені іздеп,
Күйкі үмітім алып ұшып жетпей ме
Сағынды деп, қалқам, сенің алдыңа?!
Жеткізбей жүр демеді ме жол мына?
Тәңірге емес сен келетін жолдарға
Бағыштап жүр демеп пе еді сан дұға?!
Сені – Құдай,
Сағынышыңды – елші ғып,
Неге хабар жетпей жастыр жан ұшырып?
Әр басылған адымыңды тәспідей
Санар едім...

Қалар едім жаншылып
Сол жолыңа жапырақтай дірдектеп.
Өрт шалдырған көкірегімде бұр көктеп,
Жайнамаздай жастанбас па ем төсіңді?
Отырғаным азынаған мұңды өкпек
Жан тамырдың желкесінен жұла алмай.
Отырғаным жанарыммен бұлаудай
Жазмышымның жаңа бетін аша алмай.
Беті мүлдем сыйпаламаған Құрандай
Жаңа бетте сен жоқ болсаң қайте алам?
Сезімімді мерт қып алсам қайте алам?
Жазу,
Сызу,
Сезім менің не теңім
Пешенімді жаса алмасам қайтедан?
Менің ұлы қорқынышым осы еді.
Не өзімді сызу керек,
Не сені.
Алдағы түн шошып тұрсаң ұйқыңнан,
Деп білерсің сағынышымның әсері.
Сол сағыныш еш теңеуге сыймай қап,
Отыр деп біл жазмышымды шимайлап...

Маржан ЕРШУ

Көзі тірісінде жұмбақ ақын атанған Жүмекен ағаның туғанына биыл – 90 жыл. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы тарапынан ұйымдастырылып келе жатқан дәстүрлі «Бір ел – бір кітап – 2025» республикалық акция шеңберінде «Жыл кітабы» болып Жүмекен Нәжімеденов шығармалары таңдалды.

Осы шараға орай ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен республика аймағындағы барлық кітапханаларда Жүмекен Нәжімеденовке арналған көрмелер, семинарлар, оқулары өтіп жатыр. Жүмекен терең мұхиттай. Жүмекенді қанша оқысақ та, ойдың орманына бой шалдырамыз. Жүмекеннің шығармашылығы туралы біршама еңбектер жазылса да, айтылмай келе жатқан бір сыр бар. Ол сыр – Жүмекен ақынның Махамбетпен қан жағынан туыстық қатынасы. Бұл жайында Әбіш ағамыз «Егемен Қазақстан» газетінің 2005 жылғы он бірінші қарашадағы санында жарияланған «Қайсарлық» деген мақаласында жазған еді. Сол дерекке сүйенсек, Махамбет Өтемісұлының анасы Қосуан Жүмекеннің арғы бабасы, атакты Қартпенбет жыраудың қызы. Ақиқаты – дауылпаз ақын Махамбет Қартпенбет жыраудың жиені болып шығады. «Топырағы жақын» дейді қазақ мұндайды. Әбіш Кекілбайұлы былай деп жазған еді: «Қанша бетің бар, жүзің бар демей, ойына не келсе, соны лақ еткізе салады деп жүргендерімізбен, Махамбет те ішіне құлта бүге білген. Өлеңдерінен жайдауыт, жалаңқабат, жадағай шумақтарды атымен ұшырата алмайсың. Кей ретте жыр емес, әлдекімге әлдене хақында әлдеқандай тұспалхат (шифрограмма) жолдап отырғандай әсер етеді. Өз қауымы үшін осынша жұмбақ тұлғаның өзгелерге одан да бетер тылсымдана түсері хақ. Біз Махамбеттің өлеңдерін өміріне, ал өмірін өлеңдеріне қарап, терең үңіле алсақ қана, толық түсіне аларымыз хақ». Әбіш аға жазғандай, «Махамбеттің ішіне бүккен құлта» Жүмекен шығармашылығынан да алыс кетпейді. «Жүмекен жұмбақ ақын» дейтініміз де содан шығар. Махамбет күй шығарса, Жүмекен керемет күйші болған. Ақындық пен күйшілік екеуінің де қанында бар. Махамбет күй шығарғанмен, күй туралы жырламаса да, Жүмекен күй шығармағанмен, жырымен қазақ күйлерін сөйлетті. Екі ақынның табиғатының жақындығы осы арадан да көрінеді. Махамбет пен Жүмекеннің бойында күй (музыка) мен жырдың астасып жатуы олардың дионистік қабілетін көрсетеді. Сондықтан бұл екі ақынның шығармашылығын сөз еткенде олардың табиғатынан күй мен жырды бөліп қарай алмаймыз. Махамбеттің де, Жүмекеннің де кешкен мұны мен шығармашылық азабынан татқан ләззаты шексіздікке ұмтылыс, яғни құдіретті әуен – күй-музыка болып шығады. Осылайша, олар өн бойында өнердің мәңгілік және бірегей қуаты арқылы әдебиетте жасампаз ұқсастық құбылысты тудырады. Поэзиядағы сол алапат қуат бұлт арасынан шыққан найзағай сияқты жарк етіп,

өз дәуірінде емес, өзінен кейін келетін ұрпақтар ұғынықты түсіне алатын ғажайып сұлулықты, жыр деген тылсым дүниені, аруақты дүниені санамызға сіндіреді. Махамбет Өтемісұлы туралы бізге жеткен жазба деректерде мынандай мағұлматтар бар. Бірде Исатай: «Әй, Махамбет! Осы елдің бәрі сені батыр дейді. Кәне, батыр болсаң, мені

Бүгіннен қалса қиын-ды», – деп бебеу қақпай ма? Исатай бұл сөздерге құлақ аспайды. Хан сөзі алдамшы боп шығып, Исатай қолы жеңіліс табады.

*«Айтқан тілді алмаған,
Сөзіме құлақ салмаған,
Бұрала біткен емендей,
Қисық туған сорлы ағам», –*

Махамбет

пен

Жүмекен



корқытшы» деген екен. Сонда Махамбет: «Қазір мен мына төбенің ар жағына кетейін. Сосын, сонау басынан бері қарай шауып түсем. Сонда мен атойлап келе жатқанымда, кім осы орнында тапжылмай тұрып қалса, сол адамның менен қорықпағаны» депті. Махамбет төбені айналып көзден ғайып болады. Сәлден соң төбенің басында аппақ ала шаң бұрқ ете қалады. Махамбет «Ағатай!» деп ұрандап, төбеден төмен қарай құлдилап, төмендегілерге дүрсе қоя береді. Шаңның ішінде қалың қол, қырық найза самсап келе жатады. Исатайдың қасындағы сарбаздарының өздері де, аттары да оскырынып-пысықырынып, кейін шегіншектейді. Тек Исатай ғана тапжылмай тұрып қалады. Көміп кеткен шаң арасынан «Ассалаумағалейкум, ағасы!» деп Исатайдың алдына тізерлеп отыра кеткен Махамбетті көрген екен сонда жұрт. Бұл көріністе тіршіліктің жұмбағы саналар мистикалық әлем Махамбеттің санасына кіруі арқылы оның аполлондық күші тасып, өз қуатын жұрт алдында асқақтата көрсетуі емес пе екен?! Жәңгір ханның ақылшы бір биі Шыман төренің мына бір сөзінде шындық бар. «Анау Исатай дегенің батыр десең батыр ғой. Бірақ айласы аз, аңқау батыр. Ал Махамбет ше? Ол – сұм! Ол алдауға көнбейді. Айла-амалыңды он орап алатын, ішіндегіні күні бұрын сезетін сұм» дейді. Исатайдан Жәңгір хан он күн мұрсат сұрағанда, батыр көнеді. Сондағы Махамбеттің айтқан жыры бар ел білетін.

*«Хан баласы қабан-ды,
Қайырылып шапса жаман-ды,
Шабар күнің бүгін-ді,*

деп Махамбет көкірегін күрсініске толтырмай ма осылай?! Жүмекен «*Махамбетке өз басым, Жүз жылдан соң ас бергем!*» дейді бір жырында. Марқұмның құрметіне Асты қазақтың салт-дәстүрі бойынша артында қалған ұрпағы береді. Қан жағынан туыстығы бар Жүмекеннің бұлай жырлауға қақысы бар ендеше. «Махамбеттің 100 жылдығы» деген толқу-

тебіреніс алпысыншы жылдары поэзияда бір жанартаудай қозғалыс болған секілді. Махамбет Өтемісұлы Бөкей ордасында 1804 жылы туған. «Махамбеттің 100 жылдығы» сонда 1904 жылы болды емес пе деп ойлайсың. Бірақ Жүмекен «*Махамбетке өз басым, Жүз жылдан соң ас бергем!*» деп жырлайды. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары ақыл-ой интуициясымен дамыған таза идеялардың көбеюінің әдебиетімізде көрініс табуы өмір ағынындағы ақиқатты тануға деген талпынысқа ұласып жатты. Сол кездің шын ақындары өздері өмір сүрген дәуірден жарты ғасыр бұрын өтіп кеткен Махамбеттің «жүз жылына» неге көп мән берген? Неге Махамбетті өздеріне айбар тұтады? Неге жандарына жақын санайды?

Олай дейтінім, Мендекеш Сатыбалдиев:

*«Аққатпен-қылышпен жеңем дедің,
Зұлымдықты айдаһар ініндегі,
Қайран қалам ғұлама кемеңгерім,
Жүз жылдан соң оятты үнің мені!»*

деп Махамбетке жақындай түседі. Ағылшынның белгілі ақыны Джордж Элиот айтқандай: «Ақынның басты міндеті – сөзді түсінікті мағынаға айналдырып жеткізу». Қадыр Мырза Әлінің «*Құдайдай адам керек қой, Құдайсыз мына заманда*» деген жырында ақиқатты іздеген ізгі жүрек бар.

Бұл пәнидің есебінде, арифметикалық сандардың тізбегі бойынша 1-ден 9-ға (бірден тоғызға) дейінгі ғана сандар бар. 1-ге 9-ды қоссаң, 10 болады. 1+9=10. 10 (он) дегенің бұл өзі – 1(бір) қосылған нөл. 10=1+0. 100=1+00. Қайыра 1-мен бітіп

жатқаны, бұл пәнидегі, сандар іліміндегі ақиқатты, бір Құдайды танығандық болып табылады. Қасиетті жырымыз да 1 (бір) санымен басталады. Қазақ ертегілерінің сюжеттік экспозициясы «Ерте-ерте, ертеде бір бай болыпты, оның бір ұлы, бір қызы болыпты немесе баяғы бір заманда бір ханның жалғыз баласы болыпты» деп басталады. Эпостық, лиро-эпостық жырларымыздың қаһармандары да шетінен біреудің жалғыз болып шығады. Ақын-жыраулар мен би-шешендер де «Біріншіден не жаман, білімсіз өскен ұл жаман», «Бірінші тілек тілеңіз» деп бастайды сөздерін. «Бір дегенім – білеу» деп басталады балалар санамағы да. Адамзат жаралғалы, ой-санасы өскелі дүниенің түпкі негізін құдіретті күшпен байланыстырып, оның бірінші иесін, яғни бір Алланы танып білуге

талпынды. «Бірінші» сөзінің магиясы қызықтырғаны соншалық, тарихта ел билеушілер арасында бірінші болуға ұмтылыс әр ғасырда да болып отырды. Жер бетіндегі бұл тартыс әлі тоқтаған жоқ. Ақындар арасында да «Бірінші» деген сөз зор мәнге ие. Бір анекдотта айтылады ғой. Кілен ақынды армияға шақырыпты. Әскери тәртіппен сапқа тұрғызып, рет санымен айттырса, бәрі «Мен – бірінші» деп айтады екен деген.

Социалистік реализм ақындардың «жеке менін» жөргегінде тұншықтырды. Бірақ төбеде тұрып «сендер еркіндікті, жасампаздықты жырландар» деп ұрандатты. Ақындар жүрегінде атойлаған еркіндік идеологиясы жыр арқылы Махамбет образына айналды. Ақындық даралық қасиет, ақындық тұлға осылайша күш-қуат, айырықша қабілетімен ақындардың өзегінен от құсқан жалынды жырлар болып шықты.

*«Менің халқым қашаннан ұлы болған,
Менің көудем қашаннан жылы болған.
Соғыс өртін қоздатқан дауылдардан,
Қақсатқан ауыр зардан,
Көкірегімде бостандық жыры*

қалған», –

деп Төлеген Айбергенов ақпа-төкпе сезімдерін қаймықпай бостандық жырындай ғып, ақ қағаз бетіне төкті.

Фариза «Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім» деген жырында, түс боп енген Махамбет бейнесін қаһармандықпен жырлайды.

«Бұл кім деп өзі қаймыға қарап

тұрсың сен,

сескендірді-ау деймін қарқыным.

Кей пенделерге тот басып қалған

ақ алмас,

шын ұққандарға –

халқымның өшпес даңқымын.

Зұлымдықтарға бас имей кеткен

өрлікпен

мен Махамбет деген жалқымын!» –

деп Махамбет бейнесі арқылы «жалқы тұлғалық» қасиетті айқындаса, Мұқағали:

*«Сырым да – осы, Жырым да – осы,
Алдыңда?*

Байқашы бір, Бықсыдым ба, жандым ба?

Махаңдар жоқ,

Махаңдардың сарқыты –

Мұқағали Мақатаев бар мұнда!» –

деп тәкаппарлықпен үн қатты.

Махамбетке арналған жырлар көп-ақ. Әр ақын өзінше жырлады. Бірақ соның ішінде Жүмекеннің «Жанғырық» поэмасының шоқтығы биік. Олай болатын себебі, бұл поэма ақын һәм батыр Махамбет табиғатының тереңде жатқан қалың қыртыс-қатпарларының құпиясын ашып, оқырманға лупамен көрсететіндей.

«...ақ қылыш қып өлеңді ақын өтті — бар ма амал, көк тиыннан өзгені көзі көрмес көр-надан,

өзін-өзі қорлаған, жұрт, сен үшін арланам!

Дегеніне дана адам жетпей кетті, бар ма амал?

Есесіне, Ақ Жайық Атырауға жетті ағып,

А т а қ - д а ң қ ы н а қ ы н - ның көк теңізге кетті алып — Шағала өтті шаңқ етіп,

Сұриша-байғыз қалды аман,

Бүркіт қонар тұғырда қарқылдады қарғалар».

«Көк тиыннан өзгені көзі көрмес көр-надан, өзін-өзі қорлаған, жұрт, сен үшін арланам!» — деп Жүмекен Махамбеттің басын «көк тиынға сатып», трагедиялық өлімін қолдан жасаған жұрттың пайдақұмар әлсіздігіне арланады, ашынады. «Бүркіт қонған тұғырда қарқылдады қарғалар», иә, қарғаның ұя салғаны жаман-ақ, — деп оқырманға ауыр ой тастап қояды. Әдебиет — физикалық құбылыс, өйткені ол — ақ қағаз бетіндегі сөздерден құралған көркемдік әлем. Сөз, интуиция, фантазия — ойдың жарыққа шыққан ұшқындары. Ұшқындардан сезім туады, идея туады. Ойлы терең сөздер мен көркем тіркесті көріністер, сөзбен салынған суреттер мида химиялық реакциялар тудырады. Осылайша, мидың аумағын көбейтіп, физикалық құрамының өзгеріп отыруына әсер етеді. Және қалғып кеткен сезімдерімізді оятып, танымымыздың толысуына ықпалын тигізеді. Ұлттың рухани иммунитеті — рухани байлықтың аса маңызды ажырамас бір бөлігі болса, рухани иммунитет жанға азық болар жақсы кітаптан дариды.

Жиырма бірінші ғасыр — өркениеттің жаңа сатысы, жаңа ғасыр. Бұл ғасырда адамзат тіршілігі өзгеріп, технология мен энергетиканың және қарым-қатынастың жаңа түрлері пайда болуда. Бұл ғасыр адам мінезі мен ішкі мәдениетінің өзгеруін, қоршаған ортаға көзқарасының жанаруын, жаңаша ойлауды талап етеді. «Адамзат әрі қарай өмір сүргісі келсе, жаңа ойлардың жүйесі — түйсіктеріне сүйенуі қажет» деп Альберт Эйнштейн айтқандай, Жүмекен жырлары — жаңа ойлардың, жаңа бағыттардың бастауы. Нағыз ақындар сияқты Жүмекен де — өзі үшін жазған ақын. Оқырман талғамына арнап жыр жазу — өнер емес екенін ерте бастан түсінген ақын. Жүмекен Нәжімеденов оқырман талғамын байыту үшін, оқырман ой-санасын жаңа бір белес-биікке көтеру үшін жан-тәнімен қызмет еткен ақын. Сондықтан да оның поэзиясы оқырманның соңынан салпақтап еріп отыратын бейшаралық мінезден ада. Оның поэзиясы оқырманның ой-өрісін сатылап биікке өсіре алатын ақылды да батыл мінезге ие. Кітапты оқырман сынайды. Оқырманды сынайтын кітап та болады. Жүмекен кітаптары оқырманын сынайтын, оқырманының талғамын, ой-өресін сынайтын салмағы ауыр кітаптар...

Тәуелсіздік алған отыз жылдан астам уақыт ішінде татулық деген қастерлі ұғымды көздің қарашығындай сақтап келе жатқан еліміз әлемдегі саяси тұрақтылығы тұғырлы мемлекеттердің біріне айналып отыр. Жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері берекелі бірлікте, ықыласты ынтымақта тату-тәтті күн кешуде. Әрине, осындай жағдай еліміздегі ұлтаралық тұрақтылық пен өзара келісімнің арқасында екенін жалпы жұртшылық жақсы біледі.

ТАТУЛЫҚ ТҰТҚАСЫ

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезінде ұлтаралық татулықтың маңыздылығына мән берген мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біздің алдымыздан шығып отырған қазіргі қауіп-қатерлердің барлығын біз осы рухани, діни лидерлердің қолдауымен шешеміз деп ойлаймын. Сондықтан біздің еліміз өркендеуші, өскелең болуы үшін өзіміздің елімізде де саяси тұрғыдан трансформацияны жүргізіп жатырмыз. Ұлтаралық татулық, конфессияаралық келісім мәселесі ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Мемлекет дамуының басты қағидаты ретінде үлкен маңызға ие», — деп атап өткен болатын.

Осынау мемлекеттік мәні мол мәселеге елімізде тұрып жатқан әр ұлттың өкілі бейжай қарамай, жас ұрпағымыздың жасампаз болашағына өз үлестерін қосып келе жатқаны көңіл қуантады.

Олардың алдыңғы қатарында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Раушанбек Әбсаттаровтың есімі ерекше айтылуының өзіндік себебі бар. Көрнекті ғалым ретінде еліміздегі ұлтаралық татулықты ту етіп қалам тартқан еңбектері осыны айғақтайды. Академиктің саяси және әлеуметтік-философия теориясының өзекті мәселелеріне арнап жазылған 700-ге жуық ғылыми еңбегі, оның ішінде, жиырмадан астам монографиялық зерттеулері, оқулық пен оқу құралдары айтқанымыздың айқын дәлел болары анық.

Еліміздің саяси ғылымының одан әрі ілгерілеуі мен жоғары деңгейге көтерілуіне ғалымның қосқан үлесі ғылыми жұртшылық тарапынан жоғары бағаланатындығы айтылып та, жазылып та жүр. Әсіресе академиктің ұлтаралық келісімнің өзекті саяси мәселелерін қаузаған еңбектерінің шоқтығы биік екені белгілі.

Ғалымның Қазақстанның басшы қызметкерлерінің маңызды міндеті — елімізде ұлттық қатынастарды дамыту және ұлтаралық келісімді тәрбиелеуді күшейту бағытында жүйелі, мақсатты жұмыстарды жолға қою керектігі туралы айтқан кесекті ойлары әділетті Қазақстанның жаңа тұрпатты мемлекетшіл жастарына арналғандай көрінеді маған. Биліктегілер ұлтаралық қарым-қатынас үйлесімділігіне ықпал ету өнерін мықтап меңгеру керектігін үнемі айтып келе жатқан академик ағамыз

ұлттық қатынасты дамыту кезеңдерінде қиғаштықтар мен деформацияларды жібермеудің де мәні зор екенін ескерттеді.

Академик Раушанбек Әбсаттаровтың ғылыми шығармашылығының шеңбері кең, көтерер мәселелері ауқымды. Әсіресе саясаттану саласында көкейтесті мәселелерді көтерген еңбектерінің орны ерекше. Бірлігімізді бекемдеп, елдікті еселеп, мызғымас мемлекетімізді нығайту бағытында жарияланған ғылыми еңбектерінен осыны бағамдауға болады. Ғалымның елімізде тұрақтылықтың бірегей үлгісін танытып, дамудың қазақстандық жолын айқындау үдерісіне өзіндік үнімен, тұшымды ғылыми тұжырымдарымен қомақты үлес қосып келе жатқанын айтсақ, артық болмасы анық. Елдің тұрақты дамуын, ұлттардың татулығы мен достығын әрдайым басты назарда ұстау керектігін ғылыми еңбектеріне арқау етіп, халықаралық тәжірибелерге иек артып жариялаған монографиялық зерттеулері отандық ғалымдардың ғана емес, алыс-жақын шетелдік ғалымдардың да назарын аударуда.

Ұлтаралық қатынастың негізі, бағыт-бағдары, түп-тамыры, сайып келгенде халықтың бірлігінде, татулығында, біртұтастығында екенін індете зерттеген ғалымның тұжырымдары ғылыми жұртшылық тарапынан мойындалғанын айтқанымыз абзал.

Еліміздегі ұлтаралық және конфессияаралық келісім, өзара түсіністік пен татулық басты жетістігіміз дейтін болсақ, осындай дәрежеге көтерілуде академик Әбсаттаровтың ғылыми еңбектерінің де септігі болғандығы сөзсіз.

Қазақстан халқының татулығы, ынтымақ-бірлігі, сыйластығы туралы ғалымның жақында жарияланған, сиясы кеппеген мақаласы арқылы кеңінен танысуға болатынын көзі қарақты оқырмандарға айта кеткенді жөн көрдік.

Елімізді мекендеген барлық этнос өкілдері арасында татулық пен бірлік сақталып, жұдырықтай жұмылып күшімізді біріктіре отырып, бәсекеге қабілетті ұлт болуға күш салуда Қазақстанның алдыңғы қатарлы ойшылдары — алдыңғы қатарлы тарихи қоғамдық-саяси құрылыс орнату үшін күрескен тұғырлы тұлғалардың ойларымен үндескен академиктің



пайымдаулары көп нәрсені аңғартары анық. Қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт ретіндегі рөлін негіздеп, этносаралық татулықты ту етіп ұстаудың тиімді жолдарын көрсеткен ғалымның еңбектері әділетті Қазақстанның жас құрылысшыларының үстелүсті кітабы кәдесіне жарайтындығын астын сызып айтқымыз келеді.

Көрнекті ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Ғарифолла Есімнің: «Ғылыми саясат — адамның қажеттілігі мен мұқтажы. Ол қазір жол сілтеуші теміржолық жұлдызға, сонымен бірге қоғамдық өмірдің барлық саласындағы оның кез келген әрекеттерінің шектеушісіне айналуға болады. Сондықтан осы жағдайда саяси заңдылықтарды зерттеп, мемлекеттік саясаттың іске асу барысын ғылыми негізде талдап, тиісті ұсыныстар беру — саясаттану ғылымының өзекті мәселесі. Патриот ғалым Раушанбек Әбсаттаров бұл жағдайдан тыс қала алмайды. Осы мәселеге өзінің 400-ден астам ғылыми зерттеу жұмысын арнады», — деген бағасын ғылыми жұртшылықтың ортақ пікірі деп те қабылдауға әбден болады.

Ал академик Раушанбек Әбсаттаровтың ғалымдық пен әкімдіктің тізгінін тең ұстап, Президент әкімшілігінде атқарған жауапты қызметі, еліміздің жетекші жоғары орындарындағы кафедра меңгерушісі, факультет деканы лауазымдарын атқарып, жігерлі жетекші, білікті басшы, ұтқыр ұйымдастырушылық қасиеттерімен танылып, саясаттану және әлеуметтік-философия пәндер кафедрасында «Саясаттану» мен «Әлеуметтану» бойынша магистратура және PhD докторантура ашып, осы сала бойынша ғылыми-педагог кадрларын дайындау ісіне белсене атсалысқаны — ол енді өз алдына бір әңгіме...

Отбасы мен киелі шаңырақтың татулығын, аға мен іні, дос пен замандас татулығын, ұлт пен ұлыстың абыройлы арақатынасын, зиялы қауым арасындағы парасатты қарым-қатынасты қалыптастырудағы тұлғалық келбетіне сүйсініп, татулық тұтқасы деп айдар тағып, ағамыз туралы аз-кем сөз еттік.

Ел бірлігіне қызмет етер ғылымның сара жолындағы еңбегіңіз жемісті болып, мерейіңіз арта берсін дейміз академик ағамызға.

Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясы Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, академик

Қали СӘРСЕНБАЙ

ДОМБЫРА ДРАМАСЫ

Біздің өміріміздегі тұлғалар. Біздің өміріміздегі абыз-аңыздар. Біз олардың заманында болдық па, болмадық па, кездестік пе, кездеспедік пе, ол маңызды емес екен. Мәселе оны көрмесек те көргендей, кездеспесек те кездескендей етіп жазуда. Бұл енді таланттың, жазушының жұмысы.

Осыдан отыз жыл бұрын жазылған Гүлзейнеп Сәдірқызының «Жамбылдың Тұқатайы» деген эссесін оқығанда осындай бір ойға маңдай сүйеп отырып калып едім. Осылай да жазуға болады екен ғой деген бір ой және қылаң берді. Эсседегі еріксіз назарымды аударғаны — домбыра, күй, күйші және екі кейіпкер арасындағы диалогтар, жылы ағыстар, сұрапыл сарындар, сарыала сағыныштар... Кейіпкері — «ғасыр Гомері» әйгілі Жамбыл жәкем. Әулие шалды Гүлзейнеп, әрине, көрген жоқ. Бірақ сол топырақта өскен мұның естіп өскен екі тақырыбы болса, соның бірі әрине тірі күнінде, одан соң да, күні бүгінге дейін де аңызға айналған Жамбыл. Ал енді он үш жастағы қалқанқұлақ күйші бала Тұқатаймен заманымыз бір болды, мүбәрәк қолын алдық, ұлы өнеріне өлердей ғашық болдық, талантына танырқап, тандай қактық. Бұл — Нұрғиса Тілендиев.

Алдымен, тақырыпқа тұздық болсын, әңгімемізді эссенің мына бір тұстарынан үздік үздіктер келтіріп алып барып, жалғастырған жөн-ау.

«Алғашқы күй тартылып, аяқталғанша Жамбыл сыр мінез танытып, салқын отырды. Өн бойына біткен қорғасындай сабырлығына маңғаздығы жарасып, қариягершілік бағасына сай сөз саптауы кімді болса да мойындатқандай. Әншейінде адамға көзін тіктеп қадайтын Жәкең, күй күмбірлеп тұрғанда қалың ойға шомған жанарын көлегейлеп, көрсеткісі келмегендей жербауырлатып, төменшектей бергенмен, қатпары домбығып ісінген қабағындағы қордаланып тұрған мұң-нағаны жасыра алмады...»

Не байқадыңыз? Жұрттың бәрі тындап өскен ұлы жыраудың өзі тындаушы болғандағы болмысы бұл. Ұлы өнер алдындағы



Қазақтың тұңғыш стенографисі
Данабике Байқадамованымен.

кішік кісі. Өнердің иесі мен киесіне бас июі, үнсіз мойындауы. Жүз кісі күй тындаса, соның ішінде тындармандық қабілетін басым көпшілік жай қикумен білдірсе, әрі кетсе екі кісі түсініп, терең тұжырым жасайды. Көп ішіндегі Жамбыл осы халді кешіп отырған бір кемел.

« — Тұқатай, соңғы қайтарымындағы ырғақтан айырылып, астарлы дүниені бүлдіріп жібердің ғой, сол жерін қайыра тартшы, — деп Жамбыл жақтырмай жұтаңдау қолын көтеріп, домбыраны нұсқады да, артынан күмістей жарқыраған қаба сақалын тарамдай сипап.

Бұл Байсеркенің дауылды «Ұран» күйі еді. Жұрттың кеу-кеуімен арқасы қозып, өзін ұстай алмаған қармақтай арық, қазаншаддай басына қалқан құлақ біткен 13 жасар жасөспірімнің онсыз да шыбықтай нәзік саусақтары перненің асты-үстіне шыққанға талықсып, әбігерге түскенін білдіріп қойды...

...Осының бәрін сезініп, өзгеше күй кешкен баланың қысылғаны сонша, маңдайына шыны моншақтай тізілген тер шалт қимылдаған сайын жүзін жуып, тарамданып ағып түсіп жатты.... Тәтесіне қараса, өңменнен өтер

өткір жанарын қадап, қимылын қалт жібермей бағып отыр екен.

— Неге асығасың, қай жау сені қуып келе жатқан? Күйші бала сол қайырымынан күйді қайта орындады.

— Әп, бәрекелді. Міне, міне... — деді қабағы жадырап сала берген Жәкең. Тұқатай, енді Әйемнің «Аққуын» ба, «Ақ көбік, қара көбігін бе» тартып жіберші...

Жәкең өзі — жұртқа ат қойғыш адам. Әйе деп отырғаны — немере інісі Тіленді-мін. Әйенің түбі «әйбат», «әдемі» деген сөзден шыққан...

Әр күйді тындаған сайын дала дәптерін парактап, даналық дәрісін жүргізген дала профессорындай Жамбыл ұстазы, атасы Тіленді дәулескер күйші болған Нұрғиса да тегін болсын ба? Ол қазіргідей техникалық тұрғыда орындауында мін жоқ күйшілердей емес, алдымен мінез мектебінен, Жәкеңдей құйма құлақтардың қолынан өтті. Өнер — жаның, жадың, қаның, арын. Міне Жамбылдар-Шаштайлар бала шәкірттің қанына сол рухты құйды. Өнердің ішіндегі ең киелі қасиеттісі де күйдің құдіретін ол осылай түйсініп өсті. Жылдар өткен соң біздің де кейіпкерімізге айналған Нұрағаны «Нотаға сыймаған Нұрғиса» деп жазуымның себебін де осы төңіректен іздеген абзал.

« — Тұқатай, қарағым, саған айтарым, осы қара домбыраға ие бол. Сенің атыңды да шығаратын, азығыңды да тауып беретін — осы қазақтың киелі домбырасы. Қасиетіңнен айналайын, ашаршылықта осы домбырамен бүкіл үрім-бұтағымызды аман сақтап қалмадық па? »

Біраз үнсіздіктен кейін: — Маған анау тұрған кәрі жолдас, кәрі шөңгеме қол жалғашы, — деді Жәкең батасын берген соң. — Ол менің тілімді де, сырымды да жақсы біледі. Шырағым, мына күйді білесің бе, мұны Әйең саған тартып бермеді ме? — деп күйді бастап жіберді.

Бұл тартқаны Жамбылдың өз күйі «Ой, дүние-ай» еді. Сол абыздың батасын алып, аманатын бүгінге бауыры бүтін жеткізген Нұрғиса Тілендиевтің күні кеше 100 жылдық ғасырлық тойы ЮНЕСКО деңгейінде тойланып, дүниені дүр сілкіндірді. Ұлы рухтың қолдауы, оянуы деген осы.

Осындағы диалог, монолוגтарда ұлы жыраудың домбыраның қасиеті, оның қандай жердің ағашынан жасалғанына, дыбысына, тем-бріне дейін терең мән беріп айтқан кеңестері де көп жайға қанықтырады. Бүгінде ел аузында жүрген «Абай домбырасы», «Жамбыл домбырасы» деген атаудың түп төркіні де осы ойдан тамыр тартып жатыр. Сол домбыра жайындағы тағы бір дерек еріксіз елен еткізді.

Он үштегі сол қалқанқұлақ бала К.Байсейітова атындағы музыкалық мектепте Ахмет Жұбановтың класында оқиды. Баланың зеректігін, табиғи музыкалық қабілеті барын бірден байқаған Ахаң атақты ше-

бер Романенкоға айтып жүріп, домбыра жасатып, оны Нұрғисаға сыйға тартады. Жамбылмен кездесуде тартқан күйлерін сол домбырамен орындаған. Сол күндерден бастап ол Ахаңның қамқорлығына көшеді. 14 жасында Құрманғазы оркестріне қабылданады.

Кейінгі күндерде әлеужеліде осы ойымыздың дәлеліндей, кісінің көңілін толқытатын бір бейнебаян жүр. Сонда Нұраған 60 жылдығында болу керек: «Ахаң болмаса анау Құрманғазы, «Отырар сазы», мен болам ба, анау Қаршыға, Қошқарбек бола ма? Ахаң менің сыйынар пірім, пайғамбарым! Мынау өз қолымен сыйлаған домбырасы, қасиетті жәдігер, кеменгердің көзі», — деп тағы да сол домбырамен «Әлкисаны» орындады.

Міне, Жамбыл ұстаған осы домбырамен ол «Қыз Жібек» фильміндегі күйлерді де орындады. Қысқасы, Нұрғисаны елге демалысқа келгенде соғыстан алып қалған да Ахаң еді. Гүлзейнептің осы бір алақандай дүниесінің өзінде қаншама маңызды дерек бар. Ел өмірінің тірі шежіресі. Сахнаға, кино тіліне сұранып тұрған нағыз дом-



бандыққа шалуға қызу кіріседі. Шовинизм шырқау шыңына жетіп, балалар ержүрек Әлияның бет-жүзін адам танығысыз етіп, таптап тастайды. Бұған бас редактор Шерхан Мұртаза шыдасын ба, Гүлзейнеп Сәдірқызын жедел түрде жолсапарға жібереді. Міне, тағылықтың бетін қайтарған да Гүлзейнептің осы сұрапыл мақаласы еді. Кейін ел аузында «Жамбыл Ленинградты қорғаса, Гүлзейнеп Жамбылды қорғап қалды» деген нақыл тарап кетті.

«Кешеден келдім бүгінге» деп Әбділла ақын айтқандай, Гүлзейнептің өмірбаяны мен өнербаяны да кісі қызығарлық. Ол заманында стенографист кәсібін игерген сирек мамандардың бірі. Оның бастауында тұрған, осы сала туралы алғашқы оқулық жазған Данабике Байқадамованы (Әуезовтің жеке стенографисі), Мәриям Исаеваны (Ораз Исаевтің келіні) баспасөз тарихынан жақсы білеміз. «Социалистік Қазақстан» газетіне бүлдіршін кезінен стенографист болып қабылданған ол осы кісілердің мектебінен өтті. Содан қазақ баспасөзінің қара шаңырағында табан аудармай 45 жыл қызмет істеді. Бұл жағынан

БІР КЕЛІНШЕК

быра драмасы деуге болады. Тіпті Жәкеңнің «Аманкелді» фильміне қатысуының өзі бір бүтін әңгіме.

Ендігі жерде мына бір сөйлемді де бей-жай оқу мүмкін емес еді.

«...Жарықтық Жәкеңмен бұл кездесу 1938 жылы Алматыда бұрынғы Сталин көшесі, 3-үйде, Тілендінің туған інісі Тілегеннің әйелі қыз туған шілдехана тойында болған еді», — дейді автор. Сталин көшесі бертінде Коммунист проспектісі деп аталды. Қазіргі Абылайхан. Осы проспектінің соңы бүгінде екінші темір жол вокзалына барып тіреледі. Сол жерде Тілегеннің қоржын тамы болған. Бұл үйден жақсы, жайсандардың талайы дәм татып, мәжіліс құрған. Жамбыл Жәкең мұнда жиі ат басын бұрған. Кейбір дерек көздерінде айтылатынындай, Ахмет Жұбанов Нұрғисаны да сол үйден таппан. Қайсыбір жылы «Алматы ақшамына» белгілі журналист Құттыбек Аймахановқа тапсырма беріп, бала Нұрғисаның осында өткен күндері туралы жаздырғаным есіме түсіп отыр.

Қысқасы, Жамбыл — Ахмет — Нұрғиса линиясы бойынша өрбитін мақаланың бір өзі әлгінде айтқанындай, домбыра туралы бір драманың жүгін көтеріп тұр. Ендігі жерде автор егер бұл дүниесін тағы бір сүзгіден өткізсе, жетіп жатыр.

МІНЕЗ МЕКТЕБІ

Гүлзейнептің мақала-эсселерінің басым бөлігінің оқырманға әсерлілігі сондай, ойына ой қосып, тосын пікірлердің туындауына, терең талдауға сұранып тұрады. Сол қатарда «Ту ету мен тұл ету», «Перзентхана пердесі... талай сырды бүркеп тұр», «Аты ғана ардақты ма?», «Айдалада ақ отау», «Әкесі өлген қандай-ды», «Көш-керуен кері бұрылып кетпесе екен...» секілді атының өзі айқайлап тұрған еңбектері қоғамда дүмпу туғызып, оқырман назарын аударып отырды. Дүмпу дегеннен шығады, «Ту ету мен тұл ету» атты жазбасы да «Жамбылдың Тұқатайындай» талдауға тұрарлық дүние. 1991 жылы Ресейде ел атауларын қайта қарау зор қарқын алады. Соның бірі Ленинградты Санкт-Петербург деп өзгертуге тоқтайды. Мұндағы Жамбыл Жабаев атындағы көше де ономастикалық комиссияның қырына ілігеді. Тіпті қоғам белсенділері «Ленинградцы не дети твои» деген әнсымақ та шығарып жібереді. Ұлы орыстық шовинизмнің шарпуы мұнымен тоқтасын ба, осы шаһардағы №140 орта мектепте тұрған Әлия Молдағұлованың бюсті мен оның атындағы класты да құр-



Белгілі ақындар А.Нысаналин, А.Бөкенмен.

келгенде Балғабек Қыдырбекұлынан кейінгі рекорд жанартқан санаулылардың бірі болуы керек. Бүгінде ол «Ақпарат саласының үздігі», Журналистер одағының лауреаты, Алматы облысы, Жамбыл ауданының құрметті азаматы. Шерхан Мұртаза атындағы «Ақиқаттың ақ туы» республикалық байқауының бас жүлдегері.

«Социалистік Қазақстанға» Сапар Байжановтың тұсында келді. Содан бері қаншама қазақ баспасөзі баһадүрлерінің мектебін көрді. Ол кезде республикада 19 облыс болса, облыстарда да сонша меншікті тілші ұстайтын. Гүлзейнеп кілең сен тұр, мен атайын ақмылтық ақпаратшылардың жедел жаңалықтарын стенография тіліне түсіріп, одан машинаға басып, бөлімдерге тастап отырады. Осылайша мол тәжірибе жинақтаған оның тілші қызметіне ауысуы қашанда талантты тап басып танитын Шераған келген соң жүзеге асты. Бұл ретте Шераға мен танымал журналист Қайнар Олжайдың еңбегін айрықша атап өту керек. Гүлзейнеп бұл жайында «Шерағанның қызыл шапаны» атты эссесінде жеткізіп жазады. Оның үстіне Шерағанның бұл қызбен сырттай «ескі таныстығы» да бар еді. 1987 жылы «Қазақ әдебиетіне» «Әйел жаны» деген әңгімесін апарып тастайды. Ол заманда «Қазақ әдебиетіне» шыққан адам танертен танымал болып оянатын. Қаншама дүниенің кезек күтіп жатқанына қарамастан, әңгімені оқып шыққан бас редактор оны бірден нөмірге салдырады. «Мен де қателесемін, бірақ кадр таңдауда қателеспеймін» деген екен Черчилль. Біздің Шерағанның да осы қасиетінің арқасында қаншама бұлақтың көзі ашылып, ұлт баспасөзінің бір дара буыны қалыптасты. Соның ішінде Гүлзейнеп те ұстаз үмітін

актады. Осы жазу үстінде мына бір ойдың да лекілдеп келе қалғанын қарашы. Герольд Бельгер күнделіктерінде ізбасар інілерін де көбірек атап отыратын еді. Мәселен, Аманхан Әлім туралы «өзінде асқарсұлей-меновтік бірдене бар» деп, бірауыз сөзге көп мағына сыйғызып жібереді. Сол көп мағынаның бірі деп, мінезді де мензеп отыр. Қанша дарынды болса да жазудың адамына мінез де керек. Мінезсізден өнер тумайды. Оның үстіне ұлт баспасөзінде мінез мектебін қалыптастырған Шераған да шыншыл, турашыл адамдарды алабөтен жақсы көрді. Әсіресе нәзік жыныстыларға журналистикада жолбарыс болуға тура келеді. Гүлзейнептің де кейде бетін бар, жүзің бар демейтін сөзбен атқыштығы, айтқыштығы да бар. Ал енді қалжыны қапысыз, халтура болмайды. Осыдан барып қой, Шерағанның «Қасқыр қыз» дейтіні. Бұған дейін үлкен де, кіші де «қара қыз» деп кеткен ол, осылай «қасқыр қыз» деген бейресми атақ алған.

«ПРОЗАНЫҢ ЛИРИГИ»

Гүлзейнептің жоғарыда аталған журналистік жазбаларын қара мақала деуге қимайсың. Қазір ойласаң, кезінде баспасөздің жанрларының да бағы жанбай қалған ба дейсің. Эссе дегеніңіз еске түсе бермейтін. Жанрдың ең төресі очерк болатын. Келешекте жазушы болады-ау дейтіндер осы жанрға жақындау жүретін және қара мақалаға келгенде жанын салмай, сипай қамшылап ақпараттың тілін қолданатын. Қазіргі жазармандар жанр дегенді жанынан шығара беретін болды ғой.

Бірде Ұлқан, әйгілі Ұлықбек Есдәулеттің «осы Дәуреннің мақалаларын оқыған сайын қайран қара мақалаға қор болған тілді деп өкінетінмін» дегені бар еді. Талант тас жармай тұрсын ба, Ұлқанның өкініші де көп өкіндірген жоқ. Қазір Дәурен Қуат қазақ прозасының көрнекті өкілінің біріне айналды. Біз де жазушы жібектей, мақаласының тілінің өзі тіккен кестедей Гүлзейнеп әңгіме жазса қайтер екен деп те ойлап қоятынбыз. Дейтұрғанмен арагідік болса да ол прозаға бет бұра бастады. Оның үстіне бұл сан қырлы талант. Ғажап әнші. «Кісінің жан дүниесін танығын келсе, ән салдыр» деген сөз бар Хикметте. Ән салса, жазушы салсын. Кейде әжептәуір дауысы бар бір әншілерді тыңдағанда осыларға жазушының жүрегін берсе ғой дейсің. Гүлзейнептің екі қанаты — сөз бен саз. Шығармашылығында осы синтездің сәтті үйлесім табуын аңғару да қиын емес.

Дейтұрғанмен де ерте-кеші жоқ, журналистиканы жаттығу алаңына айналдыра жүріп, С.Бакбергенов, Ш.Мұртаза ағаларының батасын алған ол жетпіске келгенде «Айбиби» атты тұңғыш прозалық жинағын шығарып, оқырман сүйіспеншілігіне бөленіп үлгерді. Онымен қоймай «Айбиби» повесі 2024 жылы әйел тақырыбындағы үздік туынды деп танылып, «Алқа» баспасы ұйымдастырған байқаудың бас жүлдесін қанжығасына байлады.

Әдетте, поэзияда қыз-келіншектер басым болғанымен, прозада олардың қатары көп те емес. Сондай саусақпен санарлық прозашылардың бірі Гүлзейнеп Сәдірқызының шығармашылығы да көркемдігімен, терең танымымен, сан қырлы қатпарымен ерекшеленеді. Классик Ф.Мүсіреповтің өзі өмір бойы әйелдер туралы жазып келемін, бірақ әйел жанын түсінген жоқпын депті. Демек, әйел жанын әйел ғана түсінеді. Осы тұрғыдан келгенде психологизм мен лиризмді шебер шендестірген оны «прозаның лиригі» (К.Сәрсекеев) деп те бекер атамаса керек.

Жалпы, біздің Гүлкең шығармашылықта ғана емес, жар мен жанрдан да жолы болған адам. Өмірінің бай мазмұны мен мағынасы — қалам мен қазанды қатар ұстап, шығармашылықпен еркін айналысуына бар мүмкіндікті жасап отырған, ат баптап, арғымақ мінген, даланың дарқан қазағы, отағасы Еркінбек пен ұл-қыздары.

...Біз білгелі қазақтың көркем сөзінде өз өрнегі бар бір келіншек, бірегей қаламгер және оның көркемдік кеңістігі туралы қысқа қайырым осы.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ШЫНАЙЫ

Солдан оңға қарай (отырғандар): С.Абдрахманов, Б.Қыдырбекұлы, Г.Сәдірқызы. Солдан оңға қарай (түреге тұрғандар): Е.Смайыл, Т.Бекниязов, Ж.Сұлтанмұратов, Б.Ерімбетов, Ә.Әлібеков.



«Гүлзейнеп! Біздің әдебиетімізде күндестік жайлы әңгіме аз жазылмаса керек. Бірақ оны сенше шешкен ешкімді көрмедік. Әңгіме өте жақсы, өте әдемі. Кейде нағыз өнеркеш өзінің не жасап, не жазып, не қойғанын білмей қалатын жайлар болады. Сен — өнер иесі, қалам иесі екенінді бұрын да айтқан едім. Мынау «Ақтоқал» — шыншыл, «күндес» әңгімесі шыншыл, шебер жазылған жақсы дүние.

Жар сүйе білетін жақсы әйел болса, Құлғайшадай-ақ болар. Онда жарын сүйетін жүрек бар. Ол жай ғана сүйе білетін әйел емес, жардың болашағын, тағдырын ойлайтын қарапайым қазақ әйелінің тамаша бейнесін бергенсің. Зерде, қарапайым пенденің жар болашағы жайлы батыл ісі, қадамы әйелдің бүгін жан дүниесін айқара ашады. Әділ, шыншыл байлам.

...Жолың болсын деп бұрын да айтқанмын. Ендігі айтарым, осы тақырыптан — әйел, ана тақырыбынан айныма!

Ақылына көзім жетті. Адасып кетуші болма!?»

Ағаң Сәуірбек БАҚБЕРГЕНОВ,
03.07.1994 жыл

...Гүлзейнеп аз жазады, бірақ саз жазады және тақырыбын тауып жазады. Жазғандары — оқушы жүрегін тербеп, көңілін нұрға бөлеп, кісі жанын тазартатын таза жазу.

Сол біз білетін Гүлзейнеп бұл күнде — әдебиеттің проза жанрының лиригі, лирик болғанда да ойлы қаламгері. Әңгімелерінде нәзік сыр бар, кейіпкер толғанысы психологиялық ой-сезімге толы. Жазушының басты құралы тіл болса, ол жағынан да кенде емес, тілі шұрайлы, көркем, айтатын деген ойын шебер де жатық жеткізеді.

Гүлзейнеп әңгімелері ойлантады, толғантады, оқушыға осы реттен ыстық әрі қымбат.

Қоғабай СӨРСЕКЕЕВ,
«Қазақ» газеті, 21.01. 2011

«Қадірлі Гүлзейнеп! Әңгіменді шын қуанып, оқыған сайын шын елегізіп, тауыстым. Өте ұнады. Сен ел қатарлы көп жазғыштың бірі емессің. Еліктің баласындай ерке мінезің — тілдің де, сөздің де әрі асқак, әрі ірі, әрі оқшау нағыз өз орнына құйыларын, тандап-талғап ағызатынын сезіндім. Қарабайыр тіршіліктің бәрі бірдей адам өмірінің суреті бола алмайды, тандап, талдап алу ғана көркем ойлауға бастайды. Тіпті сен бұл ретте нағыз оқшау тірліктің қойнынан шыққаның, сырт қарағанда кемдік танытатын, әлдебіреу қор деп қарайтын пенденің де «Адам!» екенін, ал оның адамдық сезімі әлдеқайда ірі екенін бейнелепсің. Байқайсың ба, бірі — бұл өмірге жүрежат, бірі — туажат болған екі мұңлықтың ғажайып қасіретін ашқаның! Сен — жазушысың! Ендігі жерде әйел тағдыры табиғатының оқшау қойнауынан он-он бес әңгіме жаз. Керек болса, кейбір еркектің ірілігіне дейін бар; табиғаты еркексіз бола алмайтын ғып жаратқан нәзік құпияларға да үніл».

Сәбит БАЙМОЛДИН
09.03.94

«Гүлзейнеп Сәдірқызының әңгімелері мінезді. Соңғы екі ғасыр қазақтарының өмір сүру үрдісі, ұрпақ алмасуы, үлкендер алдындағы парыз секілді құндылықтар қаламгер сомдаған бейнелердің өзара тартысы арқылы көрінеді. Әңгімелердегі характерлер шынайы, шешімдер тосын. Бұлай болуының басты себебі — оқиғалар өрбуі, өмірдің өзінен сұрыпталып алынған. Автордың ұзақ жылдар бойы жинақтап әкеліп, ақырында кітап етіп шығару ізденісінің ерекшелігі ойланарлық жағдай. Қаламгерлік жауапкершілікті сезінудің нәзік жолына қоса, шығармашылық процесінің бір қорытынды кезеңі деп есептеуге болады».

Жұмабай ШАШТАЙҰЛЫ

«Гүлзейнеп! Керемет әңгіме жазыпсың. Абыройың арта берсін! Абырой дегеннен шығады, мұндай әңгіме тек автор үшін ғана емес, әдебиетіміз үшін де үлкен абырой».

Әңгіменің атын («Момын») өте сәтті қойғаның. Біздің қоғамға байыпты көз салсаңыз, кешірім сұрауға тиісті сұмырайлар (Ризық, оның қарындасы және т.б.) ешуақытта кешірім сұрамайды және кешірім сұрау қаперлеріне де кірмейді. Керісінше, кешірім сұрайтындар — Сәткен сияқты момындар. Момынның, момындықтың (яғни «сабыр түбі — сары алтын» деп түсінетіндердің) қадіріне жетпеген, жете алмаған қоғам дерті. Сырқат қоғам. Осыны тұрмыстық, отбасылық мәніс-мәселелер арқылы ашып көрсетіп, үлк-е-е-ен ой түйесің. Әңгіменің өн бойы — тұнып тұрған философия, тұнып тұрған мензеу, тұнып тұрған ескерту (әрине, әңгіменің құндылығы мен маңызын толық талдап-тарқату үшін арнайы мақала жазылуы керек).

Әңгіменің тілі — өте шұрайлы. Құнарлы. Нағыз халықтық тіл. Төгіліп тұр».

Әмірхан МЕНДЕКЕ,
27.09.2023

«Гүлзейнептің жазу шеберлігі, тілінің кестесі мақтауға тұрарлық. Бұрынғы да, бүгінгі де мақалалары оқырманды тәтті етпей қоймайды. Қаншама жыл оқтаулы тұрып, ақыры

атылған мылтық көздеген нысанасын мұлт кетпей қағып түсіреді.

Адам тағдыры кейде оның киелі затының тағдырымен тұтаса кетеді екен. Қарт жырау мен әлі жас, болашақ тендессіз күйшінің кездесуін автор тура киноның көрінісіндей етіп суреттейді. Содан соң «Жарықтық Жәкеңмен бұл кездесу 1938 жылы Алматыда бұрынғы Сталин көшесі, 3-үйде, Тілендінің туған інісі Тілегеннің әйелі қыз туған шілдехана тойында болған еді» деп дәл дерегін келтіреді.

Жамбыл Жабаев туралы, Нұрғиса Тілендиев туралы кино түсіргіштер осынау ғажап дерекке неге көңіл аудармайды екен? Олардың сценарийін жазатындар Гүлзейнеп сынды ізденіп, тарихты түрткілеп материал таппай-ақ, ойдан оқиға шығарып, саусақты сора салуға құмар-ау, сірә...»

Қайнар ОЛЖАЙ

«Гүлзейнеп, әңгіменді оқып шықтым.

Құлақ-шекесінен құлаштап періп жібергенде, жалпасынан түсіретін қаныпезер... абыюзер екен өзі, кейіпкерін. Оқып шыққасын, «еріксіз «иә, иә... Бұ еркектер оңбайды. Шеттерінен сондай...» деген ойға тіреледі екенсің. Өте актуальды хикая. Әсіресе әйел психологиясы жақсы берілген.

Нағыз жазушы екенсің, Гүлке».

Мақсат ТӘЖ-МҰРАТ
04.05. 2024

«Қазақ кісінің бітірген ісіне сүйсінгенде «Қыздың жиған жүгіндей» дейді. Гүлзейнептің жазғандарына сол айтылған тенеу әбден жарасады. Ол әр нәнің басын бір шалып, бірде ойды, бірде қырды кезбейді. Газет бетінде күнделікті жарық көріп жатқан қарапайым мақалаларынан бастап, көркем дүниелеріне дейін екпіні мен тыныс алысы байсалды арнаға түскен қалам иесі екенін аңғартады.

«Егеменге» («СҚ-ға») ол келгенде, тұлымшағы желбіреген өрімдей қызтұғын. Өмір-өзен мен қалам-қайық оны басылымның небір толқынды ағыстарына салды. Қатайтты. Сөз қадірін сүйеге үйретті».

Қарашаш ӘМЗЕҚЫЗЫ

(Басы 10-11-беттерде)

Жер шарының 19 пайызы, ал Қазақстанның 44 пайызы шөлді аймақ болса да, бізде ондай қауіп-қатерге толы өңір мен өмірді шендестіріп жазған шығармалар жоққа тән. Мырзашөл, Қарақұм, Қызылқұм, Бетпақдала сияқты атакты аймақтарымыз бола тұра, әдебиетіміздің тағдырлы кейіпкерлері ол жақтарға аттап баспайды. Оған қоса жаппай қырып-жоятын қаруларды сынақтан өткізген, ғарышты игеру үшін ғаламат құрылыстар салынған, тұзы шығып, көлі шөлге айналған жерлеріміз де аз емес. Осындай небір шым-шытырық сюжеттер тудыруға болатын даламыздың әдеби шығармалар алаңына айналмауы туған әдебиетіміз үшін үлкен кемшілік деуге болады. «Іздер құпиясы» романында еліміз бен жеріміздің нақ осы географиялық ерекшелігі кейіпкер тағдырында шешуші рөл ойнап, адамдардың жан дүниесіндегі тылсым сырлармен, құпия құбылыстармен астастырыла суреттелгені шығарма мазмұнын сөзсіз байытып тұр. «Көш жолында екі күндік шөл бар. Басқаларды қуып жетпесе, судан қағылады» дегеннен-ақ автор жас оқырманын алдағы шым-шытырық оқиғаларға дайындай бастайды. Романның Ахмет, Анар, Әкімжан, Қараман, Саян, Шахан, тағы басқа қаһармандары тәтті сезімдерге бөленіп, алдамшы қиялдарға арбалып, оңай өмір сүретін үйреншікті кейіпкерлерге мүлде ұқсамайды. Олардың бәрі де осынау қатерлі де қатал табиғат пен тарихтың куәгерлері болуға әбден лайықты кейіпкерлер болып шыққан.

«Іздер құпиясы» қазақ балалар әдебиетіндегі тұңғыш детективті роман ретінде де тың бастамаға жол ашқан. Көлемділігіне қарамай, шым-шымыр жазылған, ұзақ сюжеті қызықты эпизодтармен шебер шегенделген, танымдық жағынан да мазмұны бай, соған сай тілі де шұрайлы. «Жуанның сәл қышқылтым, дәмді иісі ғана бұрыннан таныс үйреншікті тіршілікті еске салады», «Таң қараңғысы жұқара бастапты», «Қарасудың түбі көрініп жатыр, жағасын жиектеген арагідік жетімқияқ, шашырап өскен, сұйқылтым, тарамыс күреңсе, изен, селеу аралас», «Қою шаң арасынан құс ұшып өтердей санылау калмаған»... Міне, шығарма бастан-аяқ осындай суретті де өрнекті жолдардан тұрады. «Талай кітап оқып, көп фильмді көрсе де, тап бүгінгідей суреттер көзіне түспепті», «Осы Құлашөл туралы бір оқығаны бар еді «Совет еліндегі ең ыстық құм» деп. Қызылқұм да, Қарақұм да емес деп» жас оқырманды осылай сәт сайын қызықтыра, шығарманы ширектіра түседі. «Өлім тасқыны немесе тас көшкіні», «шайтан шаң», «шаңсұр көз» деген сияқты тартымды тақырыпшалар мен тың тіркестер де молынан ұшырасады. Романның соңында Рақымжан атасы Саяна: «Айтқандарыңыз кино сияқты», — дейді. Біз де бас алмай кітап оқумен бірге, көз алмай кино көргендей болдық.

Нұрдәулет АҚЫШ

Жаңашылдықты қазақи түсінікпен астастыра бейнелейді

Бекен Ыбырайымның шығармашылық жолы қазақ балалар әдебиетіне де тікелей қатысты. Өйткені ол — қазақ балалар прозасына және оның зерттелуіне үлес қосып жүрген әрі жазушы әрі әдебиет сыншысы. Кандидаттық және докторлық диссертацияларын балалар әдебиеті тақырыбынан қорғаған. Жазушы ретінде жас оқырмандар арасында алғаш танытқан оның өткен ғасырдың сексенінші жылдарында жарық көрген «Жұмбақ із» атты повесі.

Әдеби өмірден қағыс қалып көрмеген қаламгер бір жылдары балаларға арналған «Көгершін» атты журналының жұмысы арқылы да балалар баспасөзінің де маманы екенін көрсетті. Оның бетінде көпшілік назарын аударғаны — кіші жастағы оқырмандарға арналған шағын шығармалар.

Оның ерекше атауға тұрарлық көркем туындыларының бірі — «Алтын қалам — 2018» конкурсының балаларға арналған «Дарабоз» номинациясы бойынша бас

жүлдені жеңіп алған «Аспандағы саяхат» атты ертегі-хикаяты. Кіші жастағы бүлдіршіндерге арналған бұл шығарма қазылар алқасының көңілінен идеялық бағытының айқындығымен ғана емес, жазылу шеберлігімен де шықты деуге болады.

Ең алдымен, туындының тілі балалардың түсінігіне жақын әрі көркем әдебиеттің тиісті нормалары мүмкіндігінше сақталған. Қысқа да жатық сөйлемдер жас оқырманды шаршатып жібереді дей алмаймыз. Жұқалау жағылған бояулары да ұғымға ауыр тие қоймайтыны байқалады.

Ертегі-хикаяттың бас кейіпкері — Таймас атты кішкене күшік. Жалғыз өзі іші пысып, жабығып кеткен ол айналадағы ор-

КӨП ҚЫРЛЫ ҚАЛАМГЕР

тамен танысуға ықыласы ауады. Алдымен, өзінің шолтандаған құйрығын қуалап ойнаған ол үйдің шарбағынан сыртқа шығып, қоршаған ортамен жете таныса бастайды. Алдымен, торғайларға, одан кейін лактар мен бұзауларға кездесе келіп, Ардагер деген балабақша тәрбиеленушісімен ұшырасқаннан соң, тіпті батылданып алатыны қызық.

Оқиғаның қоюланып, жедел дами түсуіне түрткі болып тұрған да — осы Ардагер. Бұлар бірте-бірте желмен жақындасып алады да, жаңадан танысқан достарымен бірге аспанға ұшып шығады. Сөйтіп, бұларға жер-әлемді танытатын да — осы аспандағы саяхаты.

Шындығын айтқанда, бұндай сюжетті тосын деуге болмайды, кейбір иірімдері басқа тілдерде жазылған шығармалардың бойынан табылып жататыны сезіледі. Бірақ автор қазақи түсініктің арнасына сала отырып, сюжетті қызық та тағылымды етіп өріп шыққан. Саяхатшылардың Айды іздейміз деп әр төмпешіктің астын бір қопаруы, бүлттардың үстімен жүруі және басқа да қызықты эпизодтары жас оқырманның көз алдында таңбаланып қалатындай сипатта. Осындай тірі суреттер оқып отырған жас бүлдіршінің қиялына қанат бітіретіні де сөзсіз.

Осыдан кейін Б.Ыбырайым бірер жыл өткен соң, ҚР Мәдениет министрлігі жариялаған «Айбоз» әдеби бәйгесінің балалар әдебиеті номинациясы бойынша бас жүлдені жеңіп алып, осы саладағы озық қаламгерлердің бірі екенін дәлелдеді. Қазіргі балалар прозасына жаңа тыныс әкелген туындылардың бірі — жазушының «Мен және Қарагөз» хикаяты. Ұсынар ойлары ғана емес, жазылу формасына да жаңалық әкелуге ұмтылуы қаламгердің егде тартса да, заманауи талаптарға ілесуге ықыласының нышаны деуге болады.

Б.Ыбырайымның әдебиеттану саласындағы зерттеулері мен сын жанрында жазған еңбектерінің өзі бір төбе. Солардың арасында балалар прозасын сараптауға арналған докторлық диссертациясының негізінде шығарған «Сырлы әлем» монографиясы — қазақ балалар әдебиетін тану жолындағы бағалы еңбектердің бірі. Б.Ыбырайым — сонымен бірге орта мектептерге арналған Қазақ әдебиеті оқулықтары мен оқу құралдарының авторы.

Арасанбай ЕСТЕН

Құпиялы кітап

«Болар елдің баласы он бесінде басын дер, болмас елдің баласы отызында жасын дер». Романды оқи бастағаннан дана халқымыздың осы бір нақыл сөзі көкейімізге оралды. Оған себеп — кітап кейіпкері Саянның алғырлығы мен қағілездігі. Он төрт, он бес жасар баланың ізкескіштігіне таңғаласың. Таңғаласың да, «бұл жаста мұншама білгір, көреген болуы мүмкін бе?» деген күдігіңнің оянуы да заңды. Бірақ қазақ халқында он үш-он төрт жасынан сұңғылалық танытып, тіпті билік айтып, «Бала би» атанған жастардың

аз болмағанын жақсы білеміз ғой. Содан кейін пайымдап қараған адамға Саянның көп оқығаны, оқығанын, көргенін көңілге жақсы тоқығаны аңғарылады. Себебі мұндай ізге, орын алған жағдайға қарап, нақты болжам жасау халық ауыз әдебиетінде көптеп кездесетіні мәлім. Міне, Саян кейіпкеріміз де сол ауыз әдебиетінің асыл жауһарларынан молынан сусындағанын аңдатады. Мұны бала кейіпкеріміздің қотанға шапқан жыртқыштың шалақ құйрық, сол көзі соқыр мәлім екенін дәлелдеуінен байқаймыз. Оның ізге қарап, істің жай-жапсарын шешуі де бекер емес екен. Сөйтсек, Саянның Әділбек сынды өз қатарластарымен бірге із кесумен айналысып

қоярда қоймай ертіп барған Мырзабек ағайларының шеберханасында қылаң бергендей болады. Қолөнерші ағайлары қамшы да өреді, домбыра да жасайды, қанжар соғып, етік те тігеді екен. Құпия іздер жайлы толғаныста жүрген қос «батыр» осы жерде қонышы ұзын үлкен саптама етікке тап болады.

Құпия іздердің иесі аяқ астынан, опонай табылған сияқты. Бірақ әйтсе де, «қолынан осыншама өнер тамған ұстаз ағайларының мұндай қаскөйлікке, ұрлыққа бара қоюы екіталай-ау» деген дүдәмал оймен құпия іздердің сырын ашуға ынтыға кіріссіз тағы да. Кім біледі, өзі болмаса да, сыбайласы болуы мүмкін ғой.


жүргендеріне біраз уақыт болыпты. Бұл ретте оларға бағыт-бағдар сілтеп, жөн-жосық көрсетуші ұстаз Мырзабек ағайлары екенін де жол-жөнекей сөз арасында оқып, білеміз. Оның үстіне өзі жастайынан Ахмет атасының қасында жүріп, қырда, мал арасында өскен малшының баласы болса, сенбеске лажың қайсы? Авторлық қисын (мотивировка) да сенбесіне қоймайды.

Саянның балалық құмарлығы мен қызығушылығы аяқ астынан небір қаскөйлердің құпия сырын ашуға себепкер болатыны тағы бар. Бұл ретте оны бала Шерлок Холмс деуге әбден болатын сияқты. Алғаш Батпаққарадан батып кетпей қылтып тұрған екі бұтақты көріп, көңіліне секем ұялаған Саян сым темірден бұғалық жасап, әлгіге шалма тастап тартып көрген әуестігі арқылы батпаққа батқан сиырды табуы — бұл сөзімізге айқын дәлел.

Шығарма желісінде бір түйіннің ұшы Саянның әкесіне ерегіскен бұрынғы «запперме», қазіргі бас зоотехник Шаханнан келіп жатқан бөле екенін ішін сезгенмен, соның бәріне ол қайтіп үлгерсін. Білдей бастық деген аты бар, толып жатқан нақандық шаруалары бастан асады дегендей. «Даудың басы — Дайрабайдың көк сиыры» демекші, Шаханның бұларға егесуі Кертөбел аттан басталады. Жайлауға көшетін қойшылардан екі-үш күн кешіктіріп, жеке қалдыру арқылы бас зоотехник байқатпай ғана Саянның атасына қысастық жасамақ па? Жайлау мен екі ортада қауіпті шөл аймақ бар. Жалғыздікті малшының ол жерден өтуі өте қауіпті. Соған қарамастан, отарды жеделдей айдап, алдағы қойшыларды қуып жетуге күш салған тәжірибелі Ахмет атасының еңбегі еш болып, қырсыққанда, аттар жоғалады. Түнде жайылымға жіберген аттар қайда? Шідерлеулі аттардың ұзап кете алмасы анық. Үш аттың бірдей шідері шешіліп кетуі де мүмкін емес. Осындай сансыз сұрақ толғандырған Саян ізкесушіміз жайылымды барлай жүріп, бір жерден үлкен етікті жаяу адамның ізін табады. Аттылы дәл осы арада аттан түскен. Демек, қасақана аңдып келген біреу бар. Аттардың шідерін шешкен де сол! Қатты қуалап айдағаны да байқалмайды. Саянның пайымдауынша бұл өңірге келген аттылы екеу сияқты. Бірақ екеуі — екі басқа кісі. Демек, біреуі екіншісіне кедергі болды ма екен, бір салт аттылы, бәлкім, көзге түспес үшін тез қайтып кеткен.

Осындай ой қорытудың нәтижесінде Саян із арқылы жайылған жылқылардың беталысын анықтап, мініс аттарын тез тауып алады. Ең қызығы, әлгі аттан түскен кісінің ізі. Өкшесінде жарты ай пішіндес нәлі бар орасан үлкен етік киген адам. Ала сиырды іздеп барған Күйгенжардан көрген, кейін Батпаққарадан кездестірген ізге қатты ұқсайды. Бұл құпия іздердің иесі кім сонда? Бәрі бір адамның ізі ме, әлде?..

Бұл сауалдың жауабы Әділбек досы



Бұл жұмбақ салт аттылар мен құпия іздер шөлде де, жайлаудағы тау басында да жадымыздан шықпайды. Құм төсінде Саянның аталарын шөлге ұрындырып, қоғам малын қырғызуды көздеген жаман ойларын іске асыра алмаған арам ындындарын жайлаудағы тұманды күнді пайдаланып, іске асырмақ болғандар кімдер? «Аңдыған алмай қоймайды». Көзге түртсе, көргісіз соқыр тұманда отарлы қойды бөліп жіберу көп қиындық тудыра қоймаса керек-ті. Бірақ «Аққа құдай жақ» деп, тағы да біреу емес, екі салт атты бір-бірінің жолын кес-кестегендей болып шығады.

Романның ортасына қарай ол жұмбақ салт аттылардың саны үшеуге жетіп, із кесушімізді жаңылдыра бастаса, ақыр соңында төртіншісі пайда болып, оқырманын айран-асыр етеді.

Көлемі үш жүз беттей роман оқиғасы шымыр құрылғандықтан бір деммен оқылады. Үлкенді де, жасты да жалықтырмайтын тартымдылығы өз алдына. Құм төсіндегі шөл суреті мен тау басындағы жайлау төрі негізінде, бір-біріне контрасты көрініс. Соған қарамастан, көз алдыңнан сырғып өтіп жатқан кинолентасындай табиғат суреттері әсерлі де айшықты берілген. Қиыр жайлап, шет қона жүріп, шөлдің де, таудың да құбылса «мінезіне» қанып өскен қойшының баласы ретінде автордың әсіресе осы көріністерді суреттеген тұстарын тұшына оқыдық. Жаттанды тіркестерден аулақ. Тың, тосын тенеулер мен жаңа сөз тіркестерін көптеп кездестіруге болады. Шығарманың бас кейіпкерлері Саян мен Әділбектің бейнесі (образы) жеткіншектерімізді осындай алғырлыққа, көрегенділікке жетелеріне сенімдіміз. Бұл дегеніңіз балаларға арналған детектив романның тәрбиелік рөлі зор екенін көрсетеді.

Түйіндей айтқанда, «Іздер құпиясы» романы — бүгінгі қазақ балалар әдебиетінің зор табысы деп нық сеніммен ауыз толтырып айтуға лайық көркем дүние!



Алматы облысы, Қарасай ауданы, Ораз Жандосов атындағы орта мектепте дәуірдің дара ұстазы Қанипа Бітібаева атындағы республикалық ғылыми-әдістемелік зертхана филиалының ашылу салтанаты және 80 жылдық мерейтойына орай «Ұстаздықтың сөнбес жарық жұлдызы, ұлт ұстазы – Қанипа Бітібаева» тақырыбындағы республикалық конференция өтті. Конференцияны Қанипа апайдың перзенті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, О.Жандосов атындағы мектептің директоры Айжан Кеңесқызы ұйымдастырды.

ҚАНИПА АПАМ, ХАН АПАМ!

Қ.О.Бітібаева атындағы ғылыми-әдістемелік зертхана филиалын ашуда ғылыми педагогикалық мұрасын насихаттау және білім беру сапасына қосқан үлесін дәріптеу конференция мақсаты болды.

Конференцияға білім басқармасының, аудандық білім бөлімінің өкілдері, әдістемелік орталықтың әдіскерлері, ЖОО-ның профессор оқытушылар құрамы, республикалық Қ.О.Бітібаева атындағы ғылыми-әдістемелік зертхана филиалының жетекшілері, білім беру ұйымдарының педагогтері қатысты.

Алматы облыстық Білім басқармасының басшысы Салтанат Дауысбекқызы Пленарлық мәжілістің модераторы болды. Мәжілісте елімізге танымал ғалымдар конференция тақырыбын ашу барысында ой қозғайды. Олар бетпе-бет, қашықтықтан сөз алды. Әсіресе Өскемен қаласындағы Қанипа апай ұзақ жыл білім берген Жамбыл атындағы интернат-гимназия түлектерінің лебіздері көкейден шығып, көңілге қонып жатты. Ұлт ұстазынан дәріс алған ғалым-ұстаздардың сөйлеу мәнерлері мен ой қозғау барысындағы білім, тәжірибелері тереңдігімен танылып тұрды.

Пленарлық мәжілістен соң конференция үш топқа бөлініп, тәжірибе бөлісуге кірісті.

Екі күн болған конференцияда Қанипа Омарғалиқызы салған қасиетті қазақ әдебиетін оқыту әдісінің төңірегінде жан-жақты мазмұнды, мағыналы ойлар айтылды. Көкейге қонымды пікірлер зерделеніп, келісті кеңестер айқындалды.

Мен Хан апама арнап өлең оқыдым. Алпыс жылдығында Алматыда, алпыс бес жылдығында Өскеменде арнау өлеңдерімді тарту еткен едім. Хан апам разылығын білдіріп, «Қазақтың Қанипасы» атты кітабына қолтаңба қойып сыйлаған болатын. Ұлт мақтанышына айналған тұлғаға арналған өлеңдерімді халқымыздың сөз қадірін білетін қауымына ұсынғым келеді.

ЗЕРДЕЛІ ОЙЫҢ МӘНГІЛІК БОП ТЫҢДАЛСЫН!

*Шабдытыма қанат бердің шарқ ұрған,
Ізгілікті үндей білген жарқын жан.
Менің үшін парқыңыз бен нарқыңыз,
Артық деймін сомдап құйған алтыннан.*

*Жеткінішектің жүрек отын маздатты,
Қолаптасын тәлімменен қоздатты.
Дархан, дара жүргеннен соң құрметпен,
Берілмеген басыңызға аз бақты.*

*Абайменен астасқан соң талғамың,
Даналықты тәлімменен жалғадың.
Білім дария ертісімен жүздің де,
Асқақтаттың бұқтарма ойлар арманын.*

*Ақ жайықтың жағалауын барладың,
Ой ораммен нарын құмға барғаның.
Исатай мен Махамбетті үлгі етіп,
Жирендіріп жсауыздықты толғадың.*

*Аңсап қапты Мұқағали ақынды,
Хантәңірін қазақтағы татымды.
Шәкірттерің ұлы дейді дарынды,
Содан білдім қандайлығын затыңды.*

*Ұлыларды ұлағаттау арманың,
Қағида қып, тірек етіп алғаның.
Біле ме екен мынау фәни дүние,
Бар екенін қазақтың бір ардағын?!*

*Сол ардағым бүгін алпыс жасқа кеп,
Болып жатыр жайсаң елі ас та төк.
Ізгілікті ізеттеген жандардың,
Ашық болсын өмір күні, аспан көк.*

*Жол нұсқаған ұрпағына, ұлтына,
Жаңа әдісті беріп жатыр құлшына.
Еңбектерін тәнті болып оқимыз,
Тамсанумен қазақилық ғұрпына.*

*Білген болсақ басқа елдің тұлғасын,
Арман, мақсат бойымызда тұнғасын.
Ардақталып алтысқа да келісіз,
Зерделі ойың мәңгілік боп тыңдалсын!*

ХАЛҚЫҢ ЖАТСА ҚЫЗЫМЫЗ ДЕП ҚАҺАРМАН...

*Қанипа апай атаған соң ақын деп,
Өлең жазбай жай жүруге хақым жоқ.
Әрбір күнім өлең-жыр боп өрілсін,
Сөзден сақтап мағынасыз татым жоқ.*

*Сөзден сақтап мағынасыз татым жоқ,
Бабалардай саралайтын асыл ма ек?!
Келіп қалдық дидарласып, асығып,
Хан апама іңкәрлігім басым боп.*

*Жайнай бергін, жасай бергін, асыл көк,
Қазағым сізді берген ғасыр дөп.
Тектілерден туған текті өзіңіз,
Елің жатыр ғажап тұлға, жасын деп.*

*Ұл-қыздарын халық өзі қалайды,
Таңдар атса шұғылалы, арайлы.
Ал апатай, мына бүгін өзіңді,
Батыр ұлы Бауыржанға балайды.*

*Бауыржандар халқымызда санаулы
Жаны жайсаң, шұғыла нұр, аяулы.
Халқың жатса қызымыз деп қаһарман,
Болсын апа, бұл атағың баянды!*

ҚАНИПА АПАМ, ХАН АПАМ!

*Он жыл болды бақилыққа аттандың,
Көрмедіңіз арай таңның атқанын.
Толықсып Ай, Күн керуеннің батқанын,
Осылайша, ой өрмек боп жатқаным.*

*Алпысыңда өлең арнап келістім,
Басып жүріп ғұмыр күнде жер үстін.
Жырым ұнап, құшақтадың марқайып,
Алғыс айттың абыз апа, кеніштім.*

*Келіп жатыр тірлік күннің елесі,
«Жетпісімде үндемедің», — демеші.
«Топырағың торқа болсын», — деп іштен,
Тыныстатты өмір күннің белесі.*

*Сексеніңде қайта өзіңмен қауыштым,
Келіп отыр өрелі ойға ауысқым.
Тәңізіңді алғанымен жер бесік,
Рухыңды шалқытуда ғарыш күн.*

*Жеті қаттай көгімдегі елессің,
Жаңашылдар өзіңменен теңессің.
Үлгі тұтып еңбегіңді, Әз апа,
Білім жолдың Хан апасы демес кім?!*

Оңайбай Кәдірбек Сағымбайұлы,
Қазақ тілі, әдебиет пәндерінің маманы,
зейнеткер
Алматы облысы,
Қарасай ауданы,
Жандосов ауылы

ОТЫЗ ЖЫЛДЫҚ САҒЫНЫШ...

Бидахмет Сапарбекұлы 1947 жылы 3 наурызда дүниеге келген. Бұрынғы Семей облысының Ақсуат ауданындағы мектептің 9-сыныбын бітірген соң, 1965 жылы Семей қаласындағы Мұқан Төлебаев атындағы музыкалық училищеге түсіп, оны 1969 жылы домбыра класы бойынша үздік аяқтаған.

Студент күндерінің өзінде ол Семей зоотехникалық-малдәрігерлік институтында домбыра оркестрін құрып, оның көркемдік жетекшісі қызметін атқарған. Бұл оркестрге қаладағы педагогикалық, медициналық, технологиялық институттардың студенттері де қатысып, өнерпаз маманнан көптеген күйлерді үйреніп, өнер өлкесіне саяхат жасаған.

Бидахметтің жерлес қыз-жігіттері Семей педагогикалық институтында көптеп оқитын. Олар Ертіс өзенінің сол жақ жағалауындағы жатаханада тұратын. Ақжарқын мінезді, ақкөңіл азамат өз ауылдастарымен тығыз байланыста болып, үнемі араласып, келіп-кетіп жүретін.

Мен сол кезде педагогикалық институттың филология факультетінде оқитын едім. Бір күні көрші бөлмедегі қыздар шақырған соң барсам, бір топ жігіттер мен қыздардың қоршауында толқынды қара шашты, қыр мұрынды, келісті келген сымбатты тұлғасы мен нұрлы жүзіне киген киімі күп жарасқан келбетті жігіт Әсет Бейсеуовтің «Алтыным» әнін баянға қосылып орындап отыр екен. Таныстығымыз сол кезден басталып, кейін отбасылық өмірге ұласты.

Диапазоны кең, биік, ашық дауыс иесі Бидахмет Сапарбеков өз мамандығы домбырамен қоса пианинода, баянда, гитарада еркін ойнайтын.


Мен оқуымды аяқтаған соң, біз Семей облысының Жарма ауданына қызметке орналастық. Бидахмет Георгиевка ауылындағы Абай атындағы орта мектепте ән-күй сабағынан берді. Ауыл тұрғындарының басым көпшілігі орыстар мен немістер болғандықтан, ұлттық аспаптарға мән берілмеген жерде домбыра оркестрін құрып, көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастырды.

Кейін аудан орталығында тұңғыш рет ашылған музыка мектебінің директоры болды. Ол музыка мектебінде Ресейдің өнер институтын, Мәскеу консерваториясын бітірген өз ісінің асқан шеберлері еңбек етті. Себебі аудан аймағында Ресейдің екі әскери бөлімі тұрған. Сондағы офицерлердің әйелдері музыка маманы Бидахмет Сапарбекұлының кемел басшылығымен жасөспірімдерді классикалық музыканың әлемдік туындыларымен таныстырып, сұлулық, әсемдік әлеміне баулыды. Сол шәкірттердің көпшілігінің кейіннен танымал музыка маманы болып қалыптасуы Бидахмет Сапарбеков басқарған мектеп ұжымының жемісті еңбегінің нәтижесі екені сөзсіз.

Сол жылдарда ауданаралық көркемөнерпаздар байқауы кең өріс алып, «Ел іші – өнер кеніші» дегендей, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан өнерпаздар облысы, республика көлеміне атақ-даңқтары жайылып, лауреат атанып жатты. Осы игі істің басы-қасында да өз мамандығын жан-тәнімен сүйетін, бүкіл болмысы ән мен күйден жаралған бесаспап өнерпаз азамат Бидахмет Сапарбекұлы жүретін.

Биыл желтоқсан айының 19-жұлдызында ардақты әке, асыл азамат, майталман музыкант, жел жағымыздың панасы, ық жағымыздың саясы болған, нұрлы ақыл мен жылы жүректің иесі Бидахмет Сапарбекұлының өмірден өтіп, орны ойсырап қалғанына 30 жыл толады.

Әкелерінің шашына шаң жұқтырмай, кірпігіне кір түсірмей еркелетіп өсірген үш сүйікті перзенті үшін Бидахмет – қатерден қорғайтын қалқан, арқа сүйер тірек, қайырымдылық пен мейірімділіктің символы, ой-саналарының кемел бастауы, ақыл-кені, асыл тегі, алдарынан шығатын даңқы, көтерілер тұғыры, тағылым алар үлгісі еді...



Әкелері өзінің мамандығы өнермен, музыкамен байланысты болса да, балаларының заң саласының мамандары болуын армандады. Үш перзенті де мектепті алтын медальға бітіріп, әке үмітін ақтап, аманатына адал болып, абырой биігінен көрініп, мәртебелі қызметтер атқарып жүр.

Тұңғышымыз Анар ұзақ жылдар бойы мемлекеттік қызмет атқарып келсе, Динарамыз Қытай банкінде департамент бастығы, техника ғылымының докторы. Шынарымыз Алматы аудандық Әкімшілік сотының судьясы болып еселі еңбек етіп жүр.

Аталарының өмірінің жалғасы, тамырларында тазалықтың, талғампаздықтың, тектіліктің тамшысы сіңген Әсем, Айя, Айзере, Азат атты төрт немересі мен Альтаир атты тәтті шөбересі бар.

Бидахмет Сапарбекұлы Жаратушы Иеміз елден ерек қабілет берген, жан жүрегі адамгершіліктің, адалдықтың асыл қасиеттерімен нұрландырған, мінезі ақ сарайдай ашық, бақытты шаңырақтың бас иесі еді...

Ол туғанынан-ақ ырыздық несібесі мол, уызына жарыған, жан дүниесі дарқан, сегіз қырлы, бір сырлы, біртуар, бірегей азамат еді...

Перзентерінің бойындағы тектілік пен парасаттылық әкеден бастау алары сөзсіз, сондықтан әкелерінің дана да дара тұлғасы, жарқын бейнесі олардың жүрегінде мәңгі сақталып, кемел келешекке жол сілтейтін алау болып, жарығын түсіріп тұра бермек.

Асыл азамат, сенімді серік Бидахметпен бірге өткізген ширек ғасыр уақыт ішінде біз сыннан да, шыннан да мүлтіксіз, сүрінбей өттік. Бір-бірімізді құрмет тұтып, қастерлей білдік. Патша көңілдің терезесін кірлетпедік, тазалыққа көлденеу түсірмедік.

Өзім Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, Ыбырай Алтынсарин медалінің иегерімін, зейнет жасына жетсем де, Алматы қаласындағы №131 Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-лицейде педагог-шебер ретінде еңбек етіп жүрмін.

Қазір азаматымның шаңырағын шайқалтпай, алтын босағасын берік ұстап, Жаратушыдан балаларымыз бен немере, шөбереміздің амандығын тілеп, жар аманатына адал болып отырған аяулы ана, сүйікті әжемін. Қырық тоғыз мүшел жасына жетпей өмірден озған адал жарымның асыл бейнесі, махаббатқа толы бүкіл болмысы менің жүрегімде мәңгі сақталады.

Өзімнің де, балаларымыздың да ендігі басты парызымыз – әкенің асқақ рухына, атақ-абыройына дақ түсірмей, адамгершілік, ар биігінен көріну.

Сізге Алладан рахым, Пайғамбардан шапағат тілейміз! Жаныңыз жәннатта болсын, ардақты әке, асыл азамат!

Гаухар КЕЛДЕНОВА,
ардагер ұстаз,

Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері



Жалпы, Алпысбай Боранбаевты білетіндер, сын-сықақтарына, шаншымалары мен шымшымаларына жата қалып күлетіндер ол кісіні «Күлкістан» деп атайды. Расында, сіз оны көрсеніз болды, өзіңізден-өзіңіз ыржалақтап, еріксіз күле бересіз. Жо-жоқ, тіпті де олай емес, Алпысбай ағаның жаратылысы бөлек, түр-түсі біртүрлі деп ойлап қалмаңыз. Оның сатиралық шығармалары «біртүрлі». Сосын, саңлақ сықақшының өз шығармаларын орындағандағы актерлік шеберлігі «біртүрлі». Өйткені ол Ванновка гидромелиоративті техникумында ұстаздық ете жүріп, Ақбиік халық театрының тізгінін ұстағаны бар. Сонда ғой, Оспанхан Әубәкіров, Аскар Токмағанбетов, Сейіт Кенжеахметов, Оспанәлі Иманәліұлы,

іс-тәжірибеге баратын болды да, ағасымен коштасып үлгермей жолға шығып кетті. Алтай өлкесінде жүріп бір ай дегенде бір өлең ғана жазды. Алматыға оралған соң екінші өлеңінің нобайы дүниеге келгендей болды. Екі «балапанын» құшақтап, ағасының үйіне барды. «Қайда жоғалып кеттің?» деп сұрады ағасы. Бұл өндірістік іс-тәжірибеден өту үшін кеткенін айтты. Шоқ тілді Шона ағасы сатира жанрының ерекшеліктері, оны қалай жазу керектігі туралы кеңес берді. Осылайша, ойда жоқта әртіс Алпысбай сықақшы ақынға айналып шыға келді. Міне, содан былай ол «Менің ұстазым – Шона» деп сөйлеуді әдетіне айналдырды.

Ал сатираның соқасына жегілген Алпысбайдың алған асулары тіптен көп.

Пойыз демекші, Алпысбайдың аты аталған жерде отарбаның аты аталмай қалуы мүмкін емес. Былайша айтқанда, Алпысбай мен пойыз егіз. Осыдан жетпіс бес жыл бұрын Түлкібас ауданының Ақбиік ауылында алып бір бала дүниеге келеді. Ысылдап-пысылдап ұйықтайтыны пойыздан аумайды екен. Содан ауыл шалдары жиналып, баланың атын Отарба қойғалы жатқанда Боранбай қарт тұрып: «Алпысым-да көрген шырағым еді, атын Алпысбай қояйық», – депті. Жиналғандар бұл уәжден асып кете алмаған. Бірақ есейгенде неге екенін кім білсін, Алпысбай пойызға өш болғаны сондай, бір мініп алса оңайлықпен түспейтін болды. «Пойызға мінсеңіз,

КҮЛМЕСХАНДЫ КҮЛДІРГЕН КҮЛКІСТАН КІСІ

Шона Смаханұлы сияқты сатириктердің сықақтарын сахнаға шығарып, көрермендерді қыран-топан күлкіге көміп жүретіні. Содан ба, кез келген жерде (қатарластарының алдында, оқырмандарының сұраулары бойынша, шығармашылық кештерде деп түсініңіз) актерлік шеберлігімен үйлестіріп, сықақ оқи жөнелгенде айналасындағылар іштерін басып, құлап жатады.

Қалай болып еді өзі? Онда жасы небәрі он тоғызда. Алматы ауыл шаруашылығы институтының үшінші курсы оқып жүрген кезі. Бірде сабақтан шығып келе жатып, төрт-бес сатиралық кітап сатып алды, жоғарыда аты аталған сықақшылардың жаңа жинақтары. Мектеп қабырғасында жүргеннен сахнаға шығып, сықақ оқитын ол өзіне ұнаған өлеңдерді альбомына көшіріп жазып алатын.

Сонымен, қолында бір дорба кітап, Абай мен Абылай хан даңғылдарының қиылысындағы аялдамадан троллейбусқа мінді. Бір кезде қасындағы қарапайым киінген орта бойлы кісі мұның қолындағы кітаптарды жұлып алмасы бар ма. Бұл саскалақтап қалды.

– Өй, мына кітаптарды қай дүкеннен алдың? Барлығы сатиралық кітаптар ғой, – деп жатыр бейтаныс кісі қарап тұрмай.

Алпысбай кішілік танытып, ағаның сұрақтарына нақпа-нақ жауап берді.

– Өзің сықақ жазасың-ау, шамасы, – деп сұрады сосын.

– Жоқ, жазбаймын. Бірақ жаттап алып, сахнада орындаймын, – деп бұл шынын айтты.

– Өй, қу-ай! Алдап тұрсың ғой, ә. Шыныңды айт, жазасың ғой, ә! – деп іші-бауырына кіріп бара жатқан кісі студентке ұнай бастады.

Жолай кезіккен жақсы ағаға бойы үйренген соң ол қолындағы альбомын көрсетті. Альбомды парактап отырған ол кісі:

– Мыну менікі! Мынау менікі! – деп өлеңдерді шұқып көрсете бастағанда студент аузын ашты да қалды.

Әлден сон есін жиып:

– Сіз Шона Смаханұлысыз ба? – деді.

– Иә, Шонамын, – деді ағасы.

Содан кейін альбомын қайтарып берді де:

– Егер бұған дейін сықақ өлең жазбаң, енді жазып көр. Жазғандарыңды маған әкеліп көрсетіп тұр. Мекенжайым: Калинин көшесі, 24-үй, – деді.

Алпысбай бұған дейін Шона ағасының «Ажаркүл женгей», «Апатқа ұшыраған шофердің хикаясы» деген сықақтарын оқып жүрген. Өзі бір көруді армандап жүрген ағасының қарсы алдынан шыға келгені мұндай ғажап болар ма? Екеуі біраз сөйлесті. Алпысбай барып тұратын болып уәде берді. Бірақ Ресейдегі трактор зауытына өндірістік



Оны республикамыздың барлық облыстарындағы мәдениет басқармалары кездесулерге шақырды. Алпыс жасында ғой, Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының қолдауымен алпыс кездесуі өткен. Әуелі Қазақстан Жазушылар одағының Әдебиетшілер үйінде өткен кездесуін белгілі сатириктер Көпен Әмірбек пен Толымбек Әлімбекұлы жүргізді. Сонда ғой,

Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының студенттері Алпысбай Боранбаевтың шығармаларынан әдеби композиция қойғаны. Осыдан соң іле-шала Атырау облысындағы шығармашылық кеші өтті. Кездесуден соң облыстық теледидардың «Әлеумет» атты тікелей эфиріне шақырылсын. Алпысбай «2030 жыл екен», «Колбаса жегім келеді» атты өлеңдерін оқыды. Көрермендер сұрақ қойып жатыр. Бір кезде бір әйел телефон шалып: «Кітаптарыңызды қайдан алуға болады?» деп сұрады. Алпекен тікелей эфирде отырғанын ұмытып кетті. Ынты-шынтысымен: «Ертең сағат бесте Атырау – Маңғыстау пойызының 3-вагоны алдына келіңіз» деп жіберді. Жүргізуші жігіт әдеппен: «Ағасы, тікелей эфирде отырсыз, пойызда емес», – деп қалғанда барып қайда отырғаны сап етіп есіне түскені. Содан ертесіне пойыз алдына келсе, бес-алты адам тосып жүр. Бір келіншек кітабын алып тұрып: «Мынаның ішінде колбаса бар ма?» – деп сұрады. Алпысбай «бар, бар» деп күле жауап берді. Тікелей эфирге хабарласқан келіншек осы екен. Содан пойызға мінбей жатып, бес-алты кітабын сатып үлгерген ол «уф!» деп жата бергені сол, вагондағылар түгел «көшіп» келді. Олардан зорға құтылып, ұйықтап кеткен екен, біреу жайлап ояты. «Тұрыңыз, кітабыңызды алайын деп едім», – дейді. Мұнан соң қайдан ұйқы болсын? Межелі жерге жеткенше оқырмандарының құшағында болды.

кітап сатып жүр бір семіз» деп өзі ағынан жарылғандай, «Бәрі де ақша сұрайды», «Қарыз беріңіздерші», «Тұрыңыздар, сот келеді!», «Қырық күлкі», «Не сатып жүрсіңіз?», «Әдіресім – базар», «Жездеме хат» тағы басқа да кітаптарын пойызда пышақ үстінен талап әкетті. Ол осы пойызда жүріп жақсыны да, жаманды да көрді, солардың бейнесін сомдап, сықақтарын жазды. Кейде тіпті министрмен де, облыс әкімімен де сапарлас болыпты. Ал Бибігүл Төлегенова, Тұңғышбай Жаманқұлов, Роза Рымбаева сынды өнер тарландарымен дәмдес-тұздас болғанын бір бақыт санайды. Пойызда жинақтарын сатып жүріп кейіпкерлерін тапқан сатирик 6-7 жылда 140 мың дана кітабын сатыпты. Ақын-коммерсант халыққа да қызмет етті, бала-шағасына да нәпақа тапты. Пойызда оны көргендер: «О, Алпысбай аға!» десіп қуанып қалатын.

Мақаламыздың басында Алпысбайды былайғы жұрт «Күлкістан» атайтынын айтыпқырағанбыз. Осы сөзімізге дәлел келтіріп көрейік. 1999 жыл ма екен, әлде 2000 жыл болар, Шымкентте (ол кезде облыс орталығы) сықақшылардың облыстық байқауы өтті. Сахнаға Алпысбай Боранбаев шықты. «2030 жыл екен» деген сықағын оқи бастап еді, «Базар» ААҚ басқарма төрағасы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Шалқар Әбішев ағамыздың иықтары селкілеп күле бастады. Әлден соң тіпті орындығынан құлап бара жатқандай болды. «Ішегі түйіліп қалды ма екен?» деп қатты қорықтық. Негізі, білеміз ғой, Шалқар аға оңайлықпен күле қоятын адам емес-ті. Суықтау кісі болатын. Ал бұл жолы көзінен жас аққанша рақаттанып еркін бір күлгені-ай... Расында, «Күлмесханның» өзін күлдірген Алпысбай ағаның шымыр шаншымаларын еліміздің талай оқырманы іздеп жүріп оқиды. Мұны кітапханаларға бара қалсақ, оқырмандардың Алпысбай ағаның кітаптарын сұрап жатқандарынан да аңғарамыз. Сонда ғой, 140 мың кітап туралы қалың-қалың ойға кететініміз.

«Егемен Қазақстан» газеті Балғабек Қыдырбекұлы атындағы жүлдесінің иегері, Түркістан облысы бойынша «2000 жылдың ең үздік ақыны», Түлкібас ауданының құрметті азаматы Алпысбай Боранбаев уытты әзіл-қалжыңдарымен, усойқы тілімен қоғамдық өмірдегі кері кеткен келенсіздік атаулыны қоғадай жапыратын әлі талай туындыны өмірге әкелеріне кәміл сенеміз. Ол әлі де тұғырынан түскен жоқ. Түлкібасының төкаппар тауларына қарап қойып, әрі-бері заулаған пойыздарға көз тігіп отырып-ақ талай туындыларын жазып тастайды. «Күлкістанның» атылмаған әлі мың пыстаны бар деп ойлаймыз.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ,

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

Редакторлар кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП

Бас редактордың орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІҚҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПІШ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота,
НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ Бексұлтан,
НҰРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗАЛИН Нұрлан,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ШАХАНОВ Мұхтар,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Жүніс ОМАР

Мәдениет және руханият бөлімі:
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

Art-редактор
Марат СӘБДІКЕН

Компьютер орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректорлар:
Айнаш ӘЛДИБЕК,
Гүлбану ЕРКІН

Меншікті тілшілер:

Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары

Айтбай СӘУЛЕБЕК,
Алматы облысы
Ержан ТОҚТАРҰЛЫ
Абай облысы

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ
Ақтөбе облысы
Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ
Атырау облысы

Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА
Батыс Қазақстан облысы
Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН
Жамбыл облысы

Көсемәлі СӨТТІБАЙҰЛЫ
Жетісу облысы
Жангелді НЕМЕРЕБАЙ
Қостанай облысы

Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ
Қызылорда облысы
Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА
Маңғыстау облысы

Сағындық РЗАХМЕТ
Павлодар облысы
Серік ЕЛІКБАЙ
Түркістан облысы

Айдар СЕЙДӨЗІМ
Шығыс Қазақстан облысы
Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ
Шымкент қаласы

Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ

Кезекші:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

РЕДАКЦИЯНЫҢ

БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:

8 (727) 272-88-17

e-mail:

kazakh_adebiety25@mail.ru

Мекенжайымыз:

050009. Алматы қаласы,

Абылай хан даңғылы,

105-үй. 3-қабат.